

3914
5.13

АБАЙ КУНАНБАЕВ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

АБАЙ (ИБРАҺИМ)
ҚУНАНБАЕВ

*Мығармаларының екі томдық
толық жыйнағы*



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
Жеркелм Әдебиет
БАСПАСЫ
Алматы • 1957

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚУНАНБАЕВ

*Мығармаларының екі томдық
толық жыйнағы*

I
ТОМ

ӨЛЕНДЕР
МЕН
ПОЭМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
Жеркем Әдебиет
БАСПАСЫ

Алматы • 1957

Редакциялық коллегия:

Қазақ ССР Ғылым Академиясының
академиктері: М. О. Әуезов,
С. К. Кеңесбаев, филология.
ғылымдарының кандидаттары:
З. А. Ахметов, И. Т. Дүйсенбаев.

Жалпы редакциясын басқарған
Мұхтар Әуезов.

968176

АЛҒЫСӨЗ

Қазақ әдебиетінің классигі Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармалары жыйнағын баспаға жаңадан дайындаған кезде тыңнан текстологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Тексті тексеру де, оның тұрақты (канондық) қалпын белгілеу де текстологиялық ең басты материалдар ретінде Мүрсейт қолжазбалары мен ұлы ақынның 1909 жылы шыққан өлеңдерінің жыйнағы, сондай-ақ, толықтырылып басылған 1933 жылғы және 1945 жылғы жыйнақтар негізге алынды. Сонымен қатар Абай шығармаларының 1954 жылғы екі томдығын баспаға дайындау үстінде жүргізілген тексті зерттеу жұмысы да ескерілді.

Мүрсейт жазып қалдырған Абай шығармаларының көшірме үш қолжазбасы бар. Мұның біріншісі 1905 жылы жазылған қалың дәптер. Қағазының екі жақ беті де бірдей жазылған, нөмірленген беттерінің ең соңғысы 200-ші, бірақ ара арасында кейбір беттері түсіп жоғалып қалған. Бұл нұсқада Абай шығармаларынан басқа Ыбрай Алтынсариннің екі өлеңі («Сәуірде көтерілер рахмат туы», «Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен»), Мағауияның бірнеше өлеңдері және басқа да бірен-саран шығармалар бар. Қолжазбаның соңында Абайдың қарасөздері берілген.

Екінші қолжазба 1907 жылы қағаз бетіне түскен. Бұл да — екі жақ бетіне бірдей жазылған қалың дәптер. Нөмірлеуі бойынша небәрі 232 бет. Мұнда да түскен, жоғалған беттері бар. Нөмірсіз жүрген өлеңдер де кездеседі. Бір жаңалық, 1905 жылғы және 1910 жылғы қолжазбаларда жоқ «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» бар.

Қолжазбада Ы. Алтынсариннің жоғарыда аталған екі өлеңі, Мағауияның «Медғат пен Қасым өлеңі» деп аталатын дастаны мен бірнеше өлеңдері, Ақылбайдың «Қисса Юсуф Кавказдағы» деген Дағыстан туралы дастаны, «Әй, мырза, ғарып-міскін сөзін тыңда» деп басталатын бір әйелдің Абайға арнап өлеңмен жазған хаты да бар.

1907 жылғы және 1910 жылғы қолжазбаның екеуі де қара-сөздерден басталады.

Үшіншісі — 1910 жылғы қолжазбада дәптердің екі жақ бетіне жазылған беттерінің саны — 204. Мұнда Абай шығармаларынан басқа Мағауияның өлеңдері мен дастаны. Ақылбайдың «Дағыстан Кавказдағы кәрі Жүсіп» дейтін шығармасы және басқа да өлеңдер бар.

Көшірменің үшеуі де араптың ескі емлесімен, бір кісінің қолымен жазылған. Қолжазбаның бірінде бар, екіншісінде жоқ шығарма өте аз кездеседі, негізінде үш қолжазба бірін-бірі қайталайды деуге болады. Текстегі азынаулақ жеке сөз, сөйлем айырмасы да өте сирек. Тек 1905 жылғы қолжазба қалған екеуінен (1907, 1910) бөлек түсіп отырады.

Қолжазбалардағы текст пен Абай шығармаларының осы күнгі қалыптасқан, белгілі болған тексті негізінде бір, айырмасы көп емес, бірен-саран ғана.

Мүрсеит қолжазбаларының алғашқысы мен соңғысы (1905, 1910) Қазақ ССР Ғылым Академиясының қолжазба фондында сақтаулы, ал екіншісі (1907) М. О. Әуезовтың кітапханасында сақталған.

Бұлардан басқа жыйнақты дайындау жұмысы кезінде Абай өлеңдерінің (небәрі 18 өлең) С. Қудашев жазып алған көшірмесі де еске алынды.

Абай шығармаларының жыйнақтарынан негізге алынып, тексерілгендері — 1909 жылғы, 1933-жылғы, 1945 жылғы баспалар.

Біріншісі — «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» деген атпен 1909 жылы С. Петербургте басылған. Кәкітай Ысқақ ұлының қатнасуымен шыққан, емлесі арапша.

Бұл баспаға Абайдың басты өлеңдері және аудармалары кірген, көпшілігінің жазылған жылдары көрсетіліп отырған. Өлеңдер «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы» деген сыяқты тақырыптар бойынша жіктеліп, барлығы 17 бөлімде берілген.

Кітаптың 104-112 беттерінде Кәкітай Құнанбасов жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі» деген мақала бар.

1909 жылғы баспаға кірген Абайдың өлеңдері мен жоғарыда аталған Мүрсеит қолжазбаларындағы (1905, 1907, 1910) шығармаларының текстерін салыстырғанда олардың арасында көп айырма жоқ екенін, негіздерінің бір екенін көреміз. Әйтседе қолжазбаларда 1909 жылғы жыйнаққа кірмей қалған бірқатар өлеңдер бар екенін де айта кетуіміз қажет.

1933 жылғы жыйнақты баспаға М. О. Әуезов дайындаған.

Емлесі — латынша. Бұл жыйнаққа жаңадан көптеген өлеңдер енгізілген. Сонымен бірге осы жолы «Әзім», «Вадим» және «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін сөзі де тұңғыш рет басылған болатын.

Бұрын басылған кейбір өлеңдердің тексті анықталып, түзетулер кіргізіледі.

Кітаптың соңында «Абайдың туысы мен өмірі» деген М. О. Әуезов жазған мақала және «Абайдың жазған өлеңдерінің қапшан, қалайша жазылғандары туралы түсіндіру, қосымшалар» бар.

Абай шығармаларын зерттеуде 1939—1940-жылдары шыққан жыйнақтың да мәні бар. Бұл баспаға 1933 жылғы жыйнақта шыққан өлеңдер толық кіргізілген. Олар жаңадан ретке келтіріліп басылған. Жыйнақта мемуарлық материал (естегілер) мол берілген. Кітапта М. О. Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны бар.

1945 жылғы толық жыйнақ та жаңадан табылған өлеңдермен біраз толықтырылған еді. Бұл жыйнақты баспаға дайындау үстінде елеулі текстологиялық зерттеу жұмысы жүргізіледі. Жыйнақта С. Мұқанов жазған Абай творчествосы туралы мақала және ақынның өмірі мен шығармаларына байланысты басқа да көптеген материалдар берілген.

1954 жылғы Абай шығармалары толық жыйнағында ақынның осы күнгі қалыптасқан текстері қолжазбалармен және бұрынғы баспалармен салыстырылып зерттелді. Бұл жыйнақтың алдымен текстологиялық жағынан зерттеуде, Абай шығармаларының, әсіресе аудармаларының, текстерін анықтауда едәуір мәні бар.


Абай шығармаларының бұл толық жыйнағы қолжазбалар мен бұрынғы баспаларды, жаңадан тексеріп, зерттеу негізінде баспаға дайындалды.

Бірінші томға өлеңдер мен поэмалар, екінші томға аудармалар мен қарасөздер кіргізілді. Екінші томда Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны берілді. Шығармаларға түсініктер, алфавиттік көрсеткіштер әр томда текстен кейін, ал кісі аттарына түсініктер екінші томның соңында беріліп отыр.

Текстологиялық зерттеу мен жыйнақты баспаға дайындау жұмысын Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі профессор М. О. Әуезов басқарды. Абай шығармаларының тексті зерттеп, түсінік сөздер жазғандар Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкерлері: З. А. Ахметов пен И. Т. Дүйсенбаев, кіші ғылыми қызметкер Ғ. Т. Әбетов.

ӨЛЕНДЕР





1855—1881

* * *

Кім екен деп келіп ем түйе қуған*,
Қатын ғой күлдәрімен белін буған.
Төркінің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды... бірге туған.

* Бұл белгі бойынша түсінік сөзді қараңыздар.

(ШЫҒЫС АҚЫНДАРЫНША*)

Иузи — рәушан, көзі — гәуһәр
Лағилдек бет үші әхмәр¹,
Тамағи қардан әм биһтар²
Қашың құдрәт қоли шигә³.
Өзәң гузәлләра⁴ раһбар⁵,
Сәңә ғишық болып кәмтар,
Сүләйман, Ямшид, Искандәр
Ала алмас барша мүлкигә.
Мүбадә олса⁶ ол бір кәз,
Тамаша қылса йузмә-йуз
Кетіп қуат, йұмылып көз,
Бойың сал-сал бола нигә?

¹ Қызыл.

² Бетер, артық.

³ Кішкентай, уақ, нәзік.

⁴ Сұлу, көркем, әдемі.

⁵ Жолбасшы.

⁶ Бола қалса деген мағнада.

* * *

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз — бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири ¹ фәрияд ².

¹ Ақын.

² Дауыс, үн. Бұл жерде тілек, сыйыну мағнасында.

(«ӘЛИФБИ» ӨЛЕҢІ*)

Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат¹ еттім,
Би — Бала'й² дәртінә нисбәт³ еттім.
Ти — Тілімнән шығарып түрлі әбиат⁴,
Си — Сәнаи⁵ мәдхіңа⁶ хұрмәт еттім.
Жем — Жамалың⁷ қандай ақ рузи⁸ маған,
Ха — Халаллық таппадым, жаным, сәнан.
Хи — Халайық⁹, мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл — Дариға ғишық оты бермес аман.
Зәл — Зәлилік¹⁰ көрген соң сайрай бер, тіл,
Ре — Риза қылмағыңды яр өзің біл.
Зи — Зәһәрдай¹¹ күйдірді ғишқың қатты,
Сын — Сәләмәт қалмағым болды мүшкіл.
Шын — Шикәр ләп¹² есіме түскен сайын,
Сат — Сабырым қалмады мен не әйләйін.
Зат — Зайығ¹³ өмірім өтті менің бекер,
Тай — Талаптан, әйтеуір құр қалмайын.
Зай — Залым көп қылыш боп, жанға оқталды,
Ғайн — Ғақлымды басымнан тартып алды.
Ғайын — Ғариблік басыма түскеннен соң,

1 Үлгі.

2 Ұлы, жоғары.

3 Шама, мөлшер.

4 Өлең (бәйт деген сөздің көпшесі).

5 Мақтаулы.

6 Мақтау.

7 Керік, әдемілік.

8 Күн, күндей.

9 Халық, ел, жұрт.

10 Қор, қорлық.

11 Ұ.

12 Тәтті ерің.

13 Зая, құр, бос.

Фи — Файдаң тие ме деп, жаза салды.
Қаф — Қабыл болар ма екен жазған хатым?
Қаф — Камил¹ ақылың асыл, затым,
Ләм — Ләбіңнен ем қысаң мен дерттіге,
Мен — Мехріңнен қалмас ед бар апатым.
Нон — Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп,
Уау — Уайлана² ғыйшқың уайым жеп,
Һи — Һеш пайдаң тимесе, өлді ойлаңыз,
Ләм-әлиф — Лә илаһа илалла³ деп
Я — Ярым, қалай болар жауап сөзің?
Мәт⁴ — қасың, тәштит — кірпік, секін — көзің.
Үтір мен асты-үстілі жазуда бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің!

¹ Толық.

² Күйінгенде айтылатын одағай сөз.

³ Кұдайдан басқа құдай жоқ деген сөз.

⁴ Арап сөздерін дұрыс оқу үшін қоятын белгілер.

ШӘРІПKE*

Тұңлікбайдың қатыны атың Шәріп,
Байға жарып көрмеген сен бір кәріп,
Сен шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып.

АБРАЛЫҒА*

Мен жасымнан көп көрдім
Мұсылманды, кәпірді.
Абралыдай көрмедім
Намаз білмес пақырды.
Кира'этин¹ оқытып
Көріп едім, шатылды.
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді².
Намазшамның³ артынан
Құржаң-құржаң етеді;
Жер ұшық⁴ берген кісідей,
Тоңқаңдай ма, не етеді.
Нәпіл түгіл, намазы
Бәрі желге кетеді.
«Еннатайына кәлкәусар»⁵
Пошал дереу күнәкар,
Аяғын ойлап айтқаны,
«Әні — шаны құлаптар»

¹ Құранды арапша айтылуынша оқу.

² Міндетті бес уақыт намаз үстіне оқылатын намаз

³ Күн батысымен оқыйтын намаз

⁴ Ауырған адамды күн батар алдында күнбатысқа қаратып, жерге жатқызып, тұрғызып ұшықтау

⁵ Бұзып айтылған аят сөзі.

* * *

Осы оқумен намаздың
Қай жерінде сауап бар?
Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА*

Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық!
Өз басыңда жының бар бір бақсылық.
Борышқорлық адамға қыйын нәрсе,
Әрқайда өсткізеді мал тапшылық.

* * *

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!*
Саяламай, сай таппай,
Не күн туды басыңа
Күні-түні жай таппай?
Сен жайыңа жүргенмен,
Қыз өле ме бай таппай?
Түн кезгенің мақұл ма,
Жан-жағыңа жалтақтай?
Өлермін деп жүрмісін,
Мұнан басқа жан таппай?

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!
Сабыр түбі — сары алтын.
Сабыр қылсаң, жайыңды
Білер ме екен бекзатым?
Көңіл аулап сөз айтар
Арадағы тілхатым,
Ағын судай екпіндеп,
Лайы жоқ суатым.
Ауру да емес, сау да емес,
Құрыды әл-қуатым.

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!
Сана қылма бекерге.
Сан қылғанмен пайда жоқ.
Дүние даяр өтерге,
Ажал даяр жетерге.
Хош, қыз алсын қойнына,
Бейнет көрмей, дәулет жоқ,
Әлі барып кетерге,
Оныменен бойыңа

Иман, дәулет бітер ме?
Адалды сатсаң арамға,
Құдай қабыл етер ме?
Қыз сүйеді мені деп,
Оған көңіл көтерме!

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!
Сарқа берме санасын.
Бәрін өзің білсең де,
Әлі-ақ өзің танасың.
Өртенесін, жанасын,
Өз-өзіңнен бейнетке
Өз басыңды саласың.
Қай мезгілде тойғыздың
Аюдайын ағасын.
Қатыны мен қалашын?
Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасын?
Сонда тәуір бола ма,
Ұстап ап біреу сабасын?
Киіміңді тонасын,
Елге де күлкі боласын.

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!
Сағынышқа сарғайма!
Жәй жүрсең де қыз қумай,
Сені біреу қарғай ма?
Қыз іздесең, қалың бер,
Мұным ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда да көңіл толмай ма?

1882—1885

* * *

Қансонарда бүркітші шығады аңға,*
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет¹
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға,
Кере тұра қалады қашқан түлкі
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға.
Қырқ пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі,
О да — осал жау емес қыран паңға.
Сегіз найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,

¹ Олжа, табыс.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек¹
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырққа бөлмек,
Әрнәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек?
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?!
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

¹ Сәндік үшін шаршының сыртынан салынатын жаулық.

* * *

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,*
Шошыймын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жеріңде тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегіңді әпперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы¹ — шар салып², леп берем деп.
Жалаңқая жат мінез жау алады
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең, бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырқ берем деп.

Сұм-сұрқыя — сұмдықпен еп берем деп,
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.
Жүз қараға екі жүз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

¹ Елу үйдің атынан сайланып, болысты сайлауға қатнасып-тын адам.

² Шар салу — болысты сайлау жолы. Елу үйдің атынан сайланған елубасылары кішкене тасты (шарды) екі бөлмелі жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаған.

Қара қарға сықылды шуласар жұрт:
Ет берсем сен мендік бол деп берем деп.
Ел жыйып, мал сойыңыз ет берем деп,
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.
Қабаған итше өшігіп шыға келер,
Мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп.

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп.

Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала аңдйды, ағаны іні,
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антұрғанның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін бірі жүр ғой аңдып.
Мал мен бақтың кеселін ұя бұзар,
Паруардигәр¹ жаратқан несін жан қып!

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын.

¹ Құдай, тәңрі.

* * *

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?*

Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,
Қыран шықса қыяға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап.
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

* * *

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,*
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.
Көрсө қызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қыйқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сыйқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста мый, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.

Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?

Тыянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың,
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

* * *

Байлар жүр жыйған малын қорғалатып,*
Өз жүзін онын беріп алар сатып.
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?

Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
Әрі-бері айналса аты арықтап,
Шығыңға белшесінен әбден батып.
Сұм-сұрқыя, қу, білгіш атанбаққа
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,
Шаптырады қалаға бай да андатып.
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

* * *

Көңіл қайтты достан да, дұшпаннан да,¹
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға¹ қыйсайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржыйып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
Ел аулақта күш айтқан, топта танған,
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдектер
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр.

¹ Дулығаның артынан қаптап қоятын зат.

268176



5536-9580

**Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.**

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.
Құда-тамыр, дос-жарың, қатын-балаң —
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауың — қып-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем борыш, сөз қулық болғаннан соң,
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

* * *

Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,*
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорқақпақ.

Бір аршопке¹ шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады алшақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жаздыкүні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар о дағы аппақ.
Керегеге сабауды шаншып қойып,
Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар қулығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ.
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар.
Күні бойы шешініп, бір т...-ақ.

Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ.
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ.

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,
Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ.

¹ Өлшем мағнасында.

* * *

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық*,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе ешнәрседен қорғаналық.

Бар ойы — өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылып қолға алалық.
Қызды ауылға қырындап үйір болса —
Көңліне зор қуаныш, бір бадалық¹.

Демеңдер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсө қызар, күнде асық — дуаналық.

Жастықта бір күлгенің бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық.

Уайым — ер қорғаны, есі барлық,
Қыйыны бұл дүниенің — қолы тарлық.
«Еһе-еһе» ге елірме, бозбалалар,
Бұл — бес күндік бір майдан ер сынарлық.

¹ Мақтаншылық.

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық:
Жарлылық, жалынышты жалтаң көздік,
Сүйкімі-ікімі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.
Ұрлық қылар тентіреп тамақ асырар,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық.
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде боз бала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп
Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық.

* * *

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,*
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат¹.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әр бір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға — талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қыянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ғиззәт² құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

¹ Оңаша әңгіме, оңаша отырыс.

² Қадір, сый.

Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,
Оның қадрін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің¹ бәрі бір бас.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылат еткізбес қылықты тамыршы озар.

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық.

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.
Салак, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық мый.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, райыс² үстіндегі үй.

¹ Иттің және кейбір жыртқыш аңның қаншығы.

² Рақат.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі,
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қыянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жыймас.
Мәліш¹ сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс —
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.
Бірі көйтке² таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.

¹ Ұсақ-түйек.

² Асық ойындағы ұпай, кезек.

Бірін бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.
Татулығы құрысын ойыны мен,
Дәл соларға ұқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор, '
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі — арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

* * *

Патша құдай, сыйындым*
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Асғын, Найман жыйылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды,
Тобықтының езіне.

Самородный¹ сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе,
Келмей кетпес кезіне.
О да — құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің
Тәңрінің құрған тезіне?

¹ Таза, қоспасыз.

* * *

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар*
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

* * *

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге ашық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой —
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,¹
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,²
Оны ойға жыйсаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қыйсаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,

¹ Жеркенішті (Арапша.)

² Үлгілі. (Арапша.)

Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сола айтты —
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз.
Аят, хадис емес қой,
Күпір¹ болдың демес қой,
Қанша қарсы келсеңіз.
Көп орында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеңіз.

Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл.
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл-мизан², өлшеу қыл.
Егер қыйсық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.
Ақмақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сізге айтамын, қаупым — бұл.
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі — тұл.

¹ Діннен шығу.

² Таразы, өлшеуіш

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әрнәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи¹ Дауани
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл — гүл.

¹ Ғалым, көп оқыған адам.

* * *

Шоқпардаи кекілі бар, қамыс құлақ,*
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңрейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем
Иек қағып, еліріп жүрсе әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

Ж А З*

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп тслғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңлі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін:
Ет әпер деп қыңқылдап.

Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңмен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған.
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутыңдап.
Қайырып салған көк құсы,
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап.
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

* * *

Интернатта оқып жүр*
Талай қазақ баласы —
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа¹ шаласы.
Орыс тілі, жазуы —
Білсем деген таласы.
Прошение² жазуға
Тырысар келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Еждиһатсыз³, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват⁴

¹ Ислам дінінің заңы.

² Арыз, өтініш.

³ Ынта, талап, жігер.

⁴ Айыпты, кінәлі.

Я Семейдің қаласы?
Я қазақтың аласы?
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Кеңінде жоқ санасы.
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы болсаңыз
Здравомыслящий¹,
Ақыл айтпай ма ағасы?

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкрек керуге.
Қызмет қылма оязға.
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың
Жазықсыз күнде сөгуге?
Өнерсіздің қылығы —
Тура сөзін айта алмай,
Қыйт етуге бата алмай,
Қорлықпенен шіруге;
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүруге.
Алыс та болса, іздеп тап
Кореннойға² кіруге,
«Талапты ерге нұр жауар»,
Жүріп өмір сүруге.
Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып желуге.
Адал жүріп, адал тұр,

¹ Зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам.

² Ежелгі, негізгі, тұрақты. Бұл жерде істің ең орындысын табу деген мағынада.

Счетың¹ тура келуге.
Жаныңа жақса, соңынан
Жалқауланба еруге.
Қыйсық болса закон бар
Судьяға беруге.
Ол да оязной емес қой,
Алуға теңдік сенуге.
Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямо́той².
Жеңіл көрме, бек керек
Оған да ғылым, оған да ой,
Қалайынша қайда енуге?

¹ Есеп.

² Занимайся прямо́той (орысша)—турашыл батыл бол деген мағынада.

* * *

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,*
Өткіздік бірнәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтін.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Біржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жиреніп жылмаңдықты демес бұрыс:
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жоқ серменде¹ сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.

Дос-асықтың болмайлы бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз —
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры елең қылдым, жасылым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

¹ Сенделіп босқа жүрген адам.

Құдай берген бұл достық — кәннің¹ бірі,
Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Ит мұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан.

¹ Пеш, бұл жерде қуат, күш беру мағынасында.

Қылып жүрген өнері:
Харекеті — әрекет.
Өзі оңбаған антұрған
Кімге ойлайды берекет?
Кімді ұялып аяйды?
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз —
Елдің жайы солайды.

(КӨЖЕКБАЙҒА*)

Бөтен елде бар болса
Ежеттесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған.
Көптен тату қыймасың,
Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын:
Ашып берер жауыңа .
Өзі көрген қоймасын.
Желіккен жауың кез болса,
Араздығы сөз болса,
«Бәрекелді батыр» деп,
«Мықты боп бара жатыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ, құдай айтысып,
Сыр алғалы айттым деп,
Жауыңды алдап қайттым деп,
Құдайдан қорықпай, антұрған
Иман жүзін тоздырар.
Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,
Дұспандығын оздырар.
Алдайды деп жауыңа,
Ел тарттырмай баурыңа,
Көрінгенді азғырар.

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен жақындар.
Жау жағадан алған күн

Өздері иттей тақымдар.
Үйде отырып ескенде,
Бәрі шешен қақылдар.
Аулаққа шығып біріне
Бірі сөзін мақұлдар.
Жау көп болса басыңда,
Бірі қалмас қасыңда,
Жетектесең, табандар.
Далаға шығып өзіңді
Жаудан бетер жамандар.
Жалбарынып күн көріп,
Жақынын сатып, жөн көріп,
Қалтаң-құлтаң амалдар.
Туысқанға кекшілі
Жас баладан бетерді,
Ойлау да жоқ, білу жоқ
Келер менен кетерді.
Жақынға еріп, мал салмай,
Жауды көріп, жан салмай,
Қайдан ғана біледі
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен өтерді?
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуел сонан есітесің
«Ат үстінен көтер»ді.
Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сөз болса,
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден
Кіржіңдеп жүріп кекерді.
Оңалып егер алдыңыз,
Әржерден-ақ көбейер
Ажарлығыз, малдыңыз.
Пәленшені ұрам деп,
Түгеншені қырам деп,
Таршылықта қайраңдап,
Кеңшілікте ойраңдап,
Көп батырға қалдыңыз.
Егер тілін алсаңыз,
Бірі қалмас кісіден;
Егер тілін алмасаң,
Бықсып ішірі ішінен.

Әркімде-ақ бар ғой туысқан,
Қайсысы жауды қуысқан?
Күн жауғанла қойныңда,
Күн ашықта мойныңда,
Арылмас міндет болған соң,
Әркімнің көңлі суысқан.

Жақсыға біткен ағайын
Өз үйінде кезексіз
Шешен келер сартылдап.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас қалтылдап.
Қалжыңға келер шорқақтау,
Жауға келер қорқақтау,
Еркін жерде ызақор,
Томырық келер тарқылдап.
Әлеппенен тамылжып,
Мінезі тәтті болмайды,
Сасық паңдау келеді,
Қырт мақтаншақ оңбайды,
Кісімсініп жалпылдап.
Біреуге өктем іс қылса,
Өз күшім деп ойлайды.
Егер күші жүрмесе,
Бағанағы жақсының
Қылғаны деп қоймайды.
Жат айбынар ісі жоқ,
Жау айдынар күші жоқ,
Өз еркіне жіберсең,
Ешнәрсеге тоймайды.
Қалжыңы теріс, сөзі — ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді.
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс.
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Көңілге медеу, ол тыныс?
Жалығуды пәледен
Жұрт ұмытты біржола.
Шыныменен тамам ел
Кете ме екен ит бола?
Ішкені мас, жеген тоқ,
Уайым айтар біреу жоқ,

Тым болмаса болмады
«Бұлт ала, жер шола».
Келелі кеңес жоғалды,
Ел сыбырды қолға алды.
Ел ішінде бітімші
Түгел алып қайтпайды
Сұрай келген бір малды.
Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жолғасқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Бітім қылып бір кісі
Адал малын алмайлы.
Қызығы кеткен ел бағып,
Қыйсыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды.
Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа?
Жатқа қарар беті жоқ,
Жалынбай тұрар к... жоқ,
Ісі кетер шалысқа.
Ел бүлігі Тобықты
Көп пысыққа молықты.
Малдының малын көре алмай,
Борышын түгел бере алмай,
Көрінгенге обықты.
Қазақтың малын сапырып,
Көп бәлеге шатылып,
Кесепатқа жолықты.
Өзінен шыққан жақсылар
Түзей алмай зорықты.
Бөтен елдің адамы
Тынбаған соң арамы,
Көңілі әбден торықты.
Саудагер қашты бұл елден,

Несиеcін жыя алмай.
Бұралқылар сандалды,
Жуандарға сыя алмай.
Сыйымсыз болды алашқа,
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жоқ, анты бар,
Ел нұсқасы кетті ғой,
Елмiн деген салты бар.
Әлі күнге уайым
Қылған жан жоқ, ұялмай.

* * *

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы
Қыйыннан қыйыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі — надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис — сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал¹ келді арасы.
Қыйсынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа² оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт³ уалилердің⁴ зар наласы
Бір сөзін бір сөзіне қыйыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

¹ Өлең, жыр.

² Мешітте айтылатын уағаз.

³ Тілек, зар.

⁴ Әулие, пайғамбар.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз кәдірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жыйса да, бай болмапты, қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген, жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан құған мал құмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жыйып арамдықпен ұрлап-қарлап,
Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап.
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұнда»лап

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

(НАЗАРҒА*)

Мынау келген Назар ма?
Ақсақалды ауыл азар ма?
Сұрағаның бір-ақ тай,
Бермейді деп сазарма!

1888

* * *

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол,*
Қаза көрген жүрегі жаралы — ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр — қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен бет-ашар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шылдақана,
Олар да өлең айтар шулап жана.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең

Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсын.
Айтсаң да, ұлдасынан¹ шыға алмайсын.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сіресіп құп алмайсын?

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағнасы тұзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

¹ Күш, шама, шек. «Хадд» деген сөзден өзгерген болу керек

Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.
Қадірін жақсы сөздің білер жанға
Таппай айтпа оған да айтар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйенерлік адамды құрымет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ.
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бәрі — жамау, бәрі — құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау!

Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып көңлін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

КҮЗ*

Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан?

Жасыл шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапрағынан айырлған ағаш, құрай.

Біреу малма сапсыйды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы¹ жүр, ол — бір керуен.
Қай ауылды көрсең де, жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сөйіл-серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы.
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы.

¹ Астық екпеген ел басқа елге түйемен барып астық алып қайтады, сонда түйе бос барады да, шом артады.

* * *

Қараша¹, жел тоқсан² мен сол бір-екі ай*
Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жәй.
Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,
Кемпір-шалы бар болса, қандай қыйын,
Бір жағынан қысқанда о да азнап.

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қыйдан орта қап ұрыспай берсе,
О да — қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

¹ Октябрь.

² Ноябрь.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіңдей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

Қ Ы С *

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құлаң — қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай¹ бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлыттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыламай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Тыйтығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр.
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай¹ жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

¹ Шашыранды (бұлт).

¹ Ауыл аттары.

(КҮЛЕМБАЙҒА*)

Уағалайкүмүссәләм
Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың
Аума-төкпе заманда.
Ел билеген адам жсқ,
Ата менен бабаңда.
Болыстықтан пайда қып,
Шығыныңды алсаң, жаман ба?
Қалжыңдаймын әншейін,
Оған келе де бермес шамаң да!

Орныңнан тұра шабасың,
Атшабар келсе қышқырып,
Ояз келсе, қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып.
Отырасың үйіңде
Өз өзіңнен күш кіріп.
Босқа-ақ түсіп қаларсың, .
Біреу кетсе үшкіріп!..

(КӨКБАЙҒА*)

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қыйсайта тартып мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп.
Әр нәрсенің орынын.

Керенау кердең, бір керім,
Жақпайды маған сол жерің

* * *

Желсіз түнде жарық ай,*
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны — терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапрағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердін топрағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырығып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа,
Келмеп пе едін жол тосып
Жолығуға аулакка?

Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай ламыл қып,
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?

* * *

Ішім өлген, сыртым сау,*
 Көрінгенге деймін-ау:
 Бүгінгі дос — ертең жау,
 Мен не қылдым, япырмау?!
 Өз үйінде өзендей
 Күркірейді, айтса дау.
 Кісі алдында кірбеңдеп,
 Шабан, шарлақ¹ және шау²
 Мұндай ма едің ана күн,
 Мұның қалай, батыр-ау?
 Үш күн арқаң босаса,
 Бола қалдың басасау.
 Жан қысылса, жайтаңдап,
 Жанды еріткен жайдары-ау.
 Жан жай тапса, сен неге
 Жат мінезсің жабырқау?
 Ұрлық пенен қулыққа,
 Байлағанда, кестің бау.
 Берерменде бесеусің,
 Аларманда және алтау.
 Топ болғанда көресің
 Түрлі дауды жүз тарау.
 Аяғында сендейлер
 Көрмей жүр ме қанталау?
 Қайта келер есікті
 Қатты серіппе, жарқын-ау!
 Жетілсең де, жетсең де,
 Керек күні бір бар-ау.

¹ Дәрменсіз.

² Тосырқап, тоқырап қалу

(КҮЛЕМБАЙҒА*)

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе жүрегім.
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп.
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп.
Старшын, биді жыйғыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп,

Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп.
Оңашада оязға
Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ — деп — белімді»,
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді.
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мақтанның к... көрінді.
Қазақты жеген қайратты «ер».
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді.
Үлкен-кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді.
Қайрауы жеткен қатты би
Қайрылып нетсін көңілді.
Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.

Ақылы жандар қамалап,
Кептірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейді,
Болыстың к...шөмейді,
Қайтсін байғұс демеяді.
Бір кептірмей терімді,
Құн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып
Ат к...жалпылдап.
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті бартылдап.
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап.
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап.

Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылдап.
Күлкісі жақсы қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап.
Сөйлесе кетсе бір жерде,
Ағыны қатты аңқылдап.
Оязға кірсе, өзгеден
Мерсейі үстем жарқылдап.
Елің бұзық болған соң,
Ояз жатыр шартылдап.
Табаныңнан тозасын,
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін
Көрсем дағы, күтпеймін.
Сыяздан соң елімді
Қысып алып кетпеймін.
Әуелде к... бос кәпір,
Мықтыға не қып беттеймін?
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылықты
Ояз жоқта етпеймін.
Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріп сітеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жыйып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.
Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын, білемін —
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады
Антұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлашы,
Ұят, намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,

Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар,
Ақыл айтар туғандар,
Бұл сөзімді ойлаңдар.
Кәтелечке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңкәр?¹
Ел жайылды, жетпей ме,
Оязға да бір хабар?
Тағы бүйтіп кеттің деп
Қозғау салар, қолға алар
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санайды
Өзі залым зақуншік
Танып алды талайды,
Көрмей тұрып құсамын!¹
Темір көзді сарайды.

¹ Қапамын, қайғылымын деген мағынада.

(ӘСЕТКЕ*)

Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген — білген-ақ,
Надан — надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсаңдар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда.
Ісі жоқ теріс пе, оң ба?
Тіленіп, телміріп ізденер,
Тыйын ба яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме, жынды сөзденіп,
Жасынан үлгісіз шіркін,
Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап.
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап.

* * *

Мәз болады болысың*,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың¹,
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға,
Таң қаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Ешнәрсе емес жұбанар
Ақыл көзбен баққанға,
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға.

Көзі барлар ойының
Күлер к...ашқанға.
Қасиетін бойының
Бекер төгіп шашқанға.

¹ Ұлық мағпасында.

Қуанарлық қыз емес
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,
Түрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Білімдіден шыққан сөз*
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкрегінде болсын көз.

Жүрегі — айна, көңлі — ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әблет басқан елерме
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшы»лап жалынар,
Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар
Ұйқылы-ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңсіққой,
Байлаулы емес ақыл, ой,
Ойлағаны — айт пен той,
Ыржаң-қылжаң ит мінез.

Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәңрі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәңір-ай»шыл кер есек,
Қулық, сұмдық не өсек
Болмаған соң, бір есеп —
Мейілі қамқа, мейілі бөз.

СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қыйсынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тсқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Наданлар бәһра¹ ала алмас.
Қыйналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ — ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жсқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан аламның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаңың,
Мінездерін көргенде;

¹ Пайда, үлес.

Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насикат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге.
Пайдасыз тақыл —
Байлаусыз ақыл,
Аталан бала ойы өзге.
Санасыз, ойсыз жарым ес,
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек,
Құмардан әбден шыққаны.
Күпілдек мақтан,
Табытын қаққан
Аңлығаны, баққаны.
Ынсап, ұят, терең ой
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп, бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей —
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
Сауланың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол — бай тап,
Адам бол — мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең істің бәрі бос.

Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, ұрлық,
Үкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасын.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақтың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге,
Қулықты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөндерге.
Үш-төрт жылғы әдетің
Өзіңе болар жендетің.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім, —
Келмейді әлім,
Мақсұт — алыс, өмір — шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?!

Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.
Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар, білгіш,
Законшік, көргіш
Атанбақ — мақсұт, мақтанбақ.
Жасқанып, қорқып,
Жорғалап, жортып
Именсе елің, баптанбақ.
Қарғағанын жер қылмақ.
Алқағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,
Қорқытқан сенің
Өнерің қайсы, айтып бер.
Ел аңдып сені,
Сен аңдып оны,
Қылат еткізбей бағып көр.
Ойнасшы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,
Бір жалғыз өзің
Баға алмай басың сандалар.
Баурыңа тартқан,
Сырыңды айтқан
Сырласың сырт айналар.
Ол қаны бұзық ұры-қар
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп.
Арқа-басы шаң боп,
Және тұрып жылпылдап;

Жығылып тұрып,
Буыны құрып,
Тағы қуып салпылдап.
Абұйыр қайда, ар қайда?
Әз басыңа не пайда?

Ит үрсе, бала
Таяғын ала,
Қуады итпен кектесіп.
Ұрысқансып «ой» деп,
«Ұят» деп, «қой» деп,
Үлкендер тыяр «тек» десіп.
Оны білсең, мұның не?
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға.
Білмеген соқыр
Қайғысыз отыр.
Тамағы тойса жатуға.
Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім — күн емес.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Қулағын салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жар тасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Есітісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп ізледім қаңғырып.
Баяғы жартас — бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,
Тастай боп кесек,
Жанбасқа батар, ұйқы жоқ.
Сыбыр боп сөзі,
Мәз болып өзі,
Ойланар елдің сыйқы жоқ.
Баяғы қулық, бір алдау,
Қысылған жерде — жан жалдау.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым — тап шыным!

* * *

Сәулең болса кеудеңде,*
Мына сөзге көңлің бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда —
Қызылбастың¹ салған жол.
Көп шуылдық не табар,
Билемесе бір кемел?

Берекелі болса ел —
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп
Құйып жатса аққан сел,
Оның малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.
Берекесі кеткен ел —
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал
Тышқақ тиіп, аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол — бір шөл.

¹ Бұрынғы кезде парсы жұртын осылай атаған.

Единица¹ — жақсысы
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел!

¹ Жалғыз, дара.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,^{*}
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
 Көкірегі сезімді, тілі орамды
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
 Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
 Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.

Түзу кел, қыйсық-қыңыр, қырын келмей,
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
 Шу дегенде құлағың тосаңсыйды,
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
 Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
 Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «әзрет Әлі, айдаһар»сыз,
 Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
 Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
 Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
 Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,
 Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,
 Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.
 Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
 Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
 Бес-алты мыйсыз бәңгі¹ күлсе мәз боп,
 Қыйнамай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
 Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
 Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
 Есіл өнер қор болып кетер түзге,
 Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез
 Қанша қызық болады өзіңізге?

¹ Меңіреу, көкми.

* * *

Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек,*
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық, —
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

* * *

Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол,*
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ, деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

* * *

Хор болды жаным,*
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
 Тағдыр етсе алла,
 Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
 Қамырықты көңіл,
 Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман. •
Адам деп мені,
Салмалдың сен хат маған.
 Жай таба алмай жүрек,
 Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол — қылған дәрім
Ғашығымның жанына.
 Оңалдырып ойды,
 Түзетпей ме бойды?

* * *

Сен мені не етесін?*

Мені тастап,
Өнер бастап
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесін.

Неге әуре етесін?

Қосылыспай,
Басылыспай,
Байыңа
Және жаттан
Бай тап,
Өмір бойы қор өтесің.

Ет жүрек өртенді,
От боп жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей қормын,
Зармын,
Сен үздің ғой бұл желкемді

Кім білер ертеңді?

Өлім айтпас,
Келсе қайтпас
Кісіге.
Бүгінгі күн
Бармын,
Жолдас еттің сен бөтенді.

Ғашықтық — қыйын жол.
Жетсең — жеттің,
Жетпей өттің,
Не болды?
Арманда өмір
Өтті,
Ойлар ма екен бір мені сол?

Салдырап аяқ-қол,
Жетпей сертке,
Ішім дертке
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті,
Мен өлейін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек — бір жүрек,
Қайта толқып,
Жолдан қорқып
Айнымас,
Шегінісіп
Қайтпас,
Өлсе бір сөзбен, не керек?

Білесін, сен зерек,
Мен пәндеңе,
Болды деме,
Кел, қарас.
Ешкім сөгіс
Айтпас,
Рақым қылсаң, кел ертерек!

Шын ғашық мен саған!
Кейіп жүрсем,
Сені көрсем,
Ләм-мим деп
Бір сөз айтар
Хал жоқ,
Еріп кетер бой сол заман.

Ойыңды сен маған
Бір бөлмедің,
Тез келмедің

Мені іздеп.
Ішінде ыстық
Қан жоқ,
Тас бауыр жар, бол қош аман!

Жар, сенің көңлің тоқ,
Ақ етіңді,
Нұр бетіңді
Меншікті
Қылмаған соң
Алла,
Өзі сорлы етсе, амал жоқ

Сен аттың жөнсіз оқ,
Тәңрі — қазы
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп
Қалма,
Серт бұзғанның, біл, орны — шок.

ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, қалам қас,*
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар — артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңлім сенен айрылмас.

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маған жарамас.
Тар төсекте төсіңді
Искер ме едім жалаңаш?

Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып тай-талас,
Ләззет алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көңіл мас?

Сізде сымбат, бізде ыхлас,
Осы сөзім бәрі рас.
Сіздей жардың жалғанда
Қызығына жан тоймас,

Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Тән шымырлап, бой еріп,
Ішім оттай күйгенде.

Жүрек балқып игенде,
Ішкі сырды түйгенде,
Іздеп табар сұңқармын,
Жарастықты шүйгенде.

Қылығыңда жоқ оғат,
Қарап тойман жүз қабат.
Ыстық тартып барасын
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз — қырғауыл жез қанат,
Аш бетіңді, бер қарат,
Жақындай бер жуықтап,
Тамағыңнан айқалат!

(ҚЫЗ СӨЗІ)

Қыйыстырып мақтайсыз
Ойласаң не таппайсыз?
Бізде ерік жоқ, өзің біл,
Әлденеге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сіздей асыл кез болса,
Қайтып басты шайқаймыз?

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз — жалын шоқ, біз — бір май,
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсең, көңлім жай,
Тастап кетсең, япырмай,
Ит қор адам болар ма
Бұл жалғанда сорлыңдай?

Тілегімді бермесең,
Амалым не жерлесең?
Үйір қылма бойыңа,
Шыны жақсы көрмесең.

Қайғың болар шермен тең,
Қара көңлім жермен тең.
Сенсіз мағап жат төсек
Болар бейне көрмен тең

Сіз — бір сұңқар шаһбаз¹
Жер жүзінен алған баж.²
Біздей ғарып есепсіз
Есігіңде жүр мұхтаж.

Көңлің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып,
Біз — қырғауыл. сіз — түйғын.
Тояттаи бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып,
Салмағыңнан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып.

Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқый бер,
Бозбалалар, қолға алып.

Мұны оқыса кім танып,
Жүрегіне от жанып.
Сөзді ұғарлық жан тапса,
Айтса жарар ән салып.

Өлең жыйған тырбанып,
Ән үйренген ырғалып,
Сорлы Көкбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып.

¹ Сабаз, ер.

² Алым, салық. Бұл жерде тоят деген мағынада.

* * *

Білектей арқасында өрген бұрым,*
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

* * *

Қажымас дос халықта жоқ,*
Айнымас серт қайда бар?
Алда көрген артта жоқ,
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсаң, болды кек
Пайдасынан бой суыт,
Өзі тимей жүрсе тек.

Пайда, мақтан өзінен
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім,
Түбі болды бір кейіс.
Жақсы өмірім әуре өттің,
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау қожаңдап бұртайып,
Дос құбылып, әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.

Сыйласарлық тектінің
Кім танымас нұсқасын?
Күнде өзімшіл ептінің
Несін адам ұстасын?

* * *

Жастықтың оты, қайдасың,*
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын көңіл сайласын,
Қолға от түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса.
Алдыңа айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

* * *

Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,*
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табылса да.

* * *

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,*
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәңрі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әржерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс — олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы

ҚАРА ҚАТЫНҒА*

Қара қатын дегенге, қара қатын,
Үзіп-жұлып, алып жүр қанағатын.
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Қазақтың не қыласын шарағатын¹.

¹ Шарағат (арапша)— шариғат, ислам дінінің жолы, заңы.

1890

* * *

Бай сейілді,*
Бір бейілді
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек
Босқа селтек
Қағып елін қармады.

Женді, жөнсіз,
Сөз теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысап.
Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұсап.

Өзі ұлыққа,
Кәдір жоққа
Қарамай, өз халқына.
Сөз қайырмай,
Женді айырмай,
Жұртқа шабар талпына.

Танымадық,
Жарымадық
Жақсыға бір іргелі.
Қолына алып,
Пәле салып,
Аңдығаны өз елі.

Шашты малын,
Берді барын
Боларында жұртына.

Еміреніспес
Енді піспес,
 Ұқсамас еш сыртына.

Ел де жаман,
Ер де жаман —
 Аңдығаны өз елі.
Елде сыяз,
Ойда ояз,
 Оңбай-ақ тұр әр түрі.

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
 Енді кімге беттемек?
Елің — ала,
Отты шала,
 Тайса аяғың, кім көмбек?

Өтті өмрім.
Қайтты көңлім
 Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы
Жаны тұрғы
 Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,
Сөзге емексін,
 Не болады мақтаның?
Бейлі шикі,
Ақылы күйкі,
 Осы жұрт па тапқаның?

* * *

Ем таба алмай,*
От жалындай
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Бендеге.

Босқа ұялып,
Текке именіп
Кімді көрсем, мен сонан,
Бетті бастым,
Тұра қаштым
Жалмажан.

Ұйқы, тамақ
Қалды дым-ақ,
Керегі жоқ іс болып.
Жай жатпағым
Тыныш таппағым
Күш болып.

Жас жүрегім
Жанды менің
Жай таба алмай, япырым!
Өзің оңда
Жақсы жолға
Ақырын.

Жас теректің
Жапырағы
Жамырайды, соқса жел

Түсті мойын,
Толды қойын,
Ақты сел.

Мен паң едім,
Бейғам едім
Ешнәрседен қайғысыз.
Тез дерттендім,
Кейде өртендім,
Кейде мұз.

* * *

Келдік талай жерге енді,*
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңрім бергенді.
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
Біздің сөзге ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімдізбен алысып,
Шықтық міне белге енді.
Енді аяңда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
Қой бұрынғы желгенді!
Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыққа,
Сергі, көңлім, сергі енді!
Балапан құстай оңдалып,
Қанатыңды қомданып,
Жатпа ұяда, қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!
Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!
Іште қайғы дерт пысып,
Көкректі өрт қысып,
Айтуға көңлім тербенді.
Өзің жалғыз, надан көп,

Ұқтырасын сен не деп,
Әулекі, арсыз елге енді?
Тыныштық сүймей қышынып,
Өтірікке тұшынып,
Пәледен тұрмас шошынып,
Тұл бойын желік жеңгенді.
Туған жерді қыя алмай,
Тентекті жеңіп, тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өңге елді.
Әзелде тәңрім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күңгентті,
Тағдырға білдік көңгенді.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар,
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар.
Тұла бойым шімренді,
Барма топқа шақырмай,
Жат үйіңде шатылмай,
Шыдармын ба, япырмай,
Жатуға шықпай үйде енді?
Қатыныңның ойнасын
Көрсен, білсен қоймасын,
Не ойлар ең өз басың,
Сонымен тең біз де енді.

* * *

Өзгеге, көңлім, тоярсып*,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңлім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкрегінде оты бар
Құлағын ойлы ер салсын.

Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шапқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.

Мендей ғарып кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл кәрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.

Не пайда бар — мың надан
Сыртын естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын.

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсын.
Ғылым да жоқ, мый да жоқ,
Даладағы аңдарсын.

Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсын.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарың?!

* * *

Кейде есер көңіл құрғырың*
Махаббат іздеп талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын
Асау жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат — өмір көркі рас,
Өлген соң ол да үндемес.

Махаббатсыз — дүние дос,
Қайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.

Жүрегі жұмсақ білген құл
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан бәрі — тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.

ЖАЗҒЫТҰРЫ*

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрлен жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.

Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер.

Безендіріп жер жүзін тәңрім шебер,
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңлі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадрап,
Бір сараңнан басқаның бейлі енер.
Тамашалап қарасаң тәңрі ісіне,
Бойың балқып, еридi іште жігер.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеле өлең айтып,
Қыйқу салар көлдегі қаз бен құлар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде көп қожаңдап,
Күйеу келді — ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай сары алтын шатырына
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

* * *

Асқа, тойға баратұғын,
Жаны асығып, жас жігіт
Қолға кетті жауға бір күн,
Тірі адамның ісі — үміт.

Қозғады жау батыр ерді,
Жауға сойқан салғалы.
Қалыңдығы қала берді,
Жатыр еді алғалы.

Асықсаң да, шырағым,
Саған деген құданың
Жазылған қандай жарлығы,
Есіткен жоқ құлағың.

Қалыңдық құшып, сүйеге
Күйеуіне ынтызар.
Келісімен тиюге
Дайындалған ойы бар.

Көйлегін ақтан тіккіштеп,
Күні-түні дем алмай,
Бітіруге жүр күштеп,
Асыққансып, тоқталмай.

Сен асыққан екен деп,
Алла эмірін өзгертпес.
Айтқаның болар ма екен деп,
Мен қорқамын, көз жетпес.

Жара басты кеудені,
Жаудан өлді ар үшін.
Ескермей өзге дүниені,
«Аһ!» деп өтті жар үшін.

Жамандық тұрмас күттіріп,
Ел есітті, қыз білді.
Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген некені
Сүйіп кеткен жан екен.
Көзің неге жетеді,
Қосылмақ онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас.

* * *

Ата-анаға көз қуаныш* —
Алдына алған еркесі,
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті.
Ер жетті,
Не бітті?

Оқытарсын молдаға оны,
Үйретерсін әрнені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.

Ата көңлі жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса,
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса.
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла!

Сүйер ұлың болса, сен, сүй,
Сүйінерге жарар ол.
Сүйкімі жоқ құр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла.
Ойбайла
Не пайда?

Зарланарсын, ойланарсын
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсын,
Тәңрі ісіне сен де көн.
Қайғысыз бенде
Көрдің бе,
Өміріңде?

Тәңрі сорлы етсе бенде,
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ ақылы кенде,
Жанбасыңнан жат сұлап.
Бір жаман мен бе
Дедің бе
Көңліңде?

* * *

Тайға міндік,
Тойға шаптық,
 Жақсы киім киініп.
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық,
 Жоқ немеге сүйініп.
 Күйкентай күтті,
 Құс етті,
 Не бітті?

Атамыз бар,
Молдамыз бар,
 Айтқанына көнбедік.
Арт жағында
Біз соған зар
 Боламыз деп білмедік.
 Ұрланып қаштық,
 Жолғастық,
 Шуластық.

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
 Болдық азат молдадан
Шала оқудан
Не жарыдық,
 Қалғаннан соң құр надан?
 Бағасыз жастық —
 Бозбастық,
 Адастық.

Бозбалалық —
Қыз қарадық,
 Қалжың, әзіл сөйлестік.
Ат жараттық,
Сән тараттық,
 Әуейілік күйлестік.
 Көңілге келер,
 Кім жолар,
 Кім көнер?

Қайын бардық,
Қатын алдық,
 Енші тиді аз ғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
 Қала берді бозбала.
 Бұрынғы қайда?
 Ойбайла —
 Не пайда?

1891

* * *

Заман ақыр жастары*
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Саудасы — ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жыйғалы.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер.
Сыйырша, тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.

Күлмеңдеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері.

* * *

Көзінен басқа ойы жоқ¹
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңлі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әрнесі.

Білмейсін десе, жел өкпе
Дейді ол дағы — тәңрі ісі.
Бірінен бірі бөлек пе
Иемнің әділ бендесі?

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың¹ түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет² кеудесі.

Наданның көңлін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапті молда теріс оқыр,
Дағардай боп сәлдесі.
Мал құмар көңлі — бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.

¹ Шындық, растық.

² Керемет, сыр, ақыл.

* * *

Жастықтың оты жалындап*
Жас жүректе жанған шақ,
Талаптың аты арындап,
Әр қыйынға салған шақ.

Уайым — аз, үміт — көп,
Ет ауырмас бейнетке,
Бүгін-ертең жетем деп
Көңілге алған дәулетке.

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын,
«Мен қалай?»ға салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар,
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам,—
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық — қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.

Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Ақ көңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан
Қу сөзін алма қолқаға.

Сұм-сұрқыя, қу заман
Гүл көрінер жігітке —
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтанып жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгенде,
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке
Тұра ма қулық жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін,
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япырмай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?

* * *

Қызарып, сұрланып,*
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып.

Дем алыс ісініп,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Төмендеп көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да,
Елбіреп-қалтырап,
Жігіт пен ол қызда

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.
Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сәуле.

Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып,
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің!..

* * *

Көзімнің қарасы,*
Көңлімнің санасы,
Бітпейді ішімде
Ғашықтық жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқаға сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын?

Тереңдеп қарайсын.
Телміріп тұрмайсын.
Бихабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың

Сан кісі мұңдайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жаңамын,
Еш рахым қылмайсың.

Кең, маңдай, қалың тап
Я бір кез, я құлат.

Ақ тамақ, қызыл жүз
Қарағым, бетіңді аш!

Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас.
Аузың бар қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар, соқса жел.
Ақ етің үлбіреп
Өзгеше біткен гүл.

Қарағым, бермен кел,
Бізге де көңлің бөл.
Қалқамның нұсқасын
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғың — қыс, жүзің — жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.

Кісімсіп дұрлараз,
Бұраңдап қылма наз.
Мал түгіл басымды
Жолыңа берсем де аз.

Исің гүл аңқыған,
Нұрың күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан,
Қызыл тіл шыға алмас
Мақтаудың шартынан.

Сенсін — жан ләззаті,
Сенсін — тән шәрбаті,
Сұлуды сүймектік —
Пайғамбар сүндеті¹.

¹ Мұқамбеттің істеген ісі мен айтқан сөзі. Бұл жерде дәстүрі деген мағынада.

Не десем саған еп?
Ғашығың да қайғы жеп.
Өртенген жүрекке
Бір көрген болар сеп.

Біздердей ғашық көп,
Қайсысы саған дөп?
Жөндеп те айтпадым,
Жүрегім лүпілдеп.

Назына кім шыдар?
Бұраңдап жүр шығар.
Қасқая күлгені
Қылады тым құмар.

Ер емес қымсынар,
Өркім-ақ ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көңлім
Күн бар ма бір тынар?

* * *

Менсінбеуші ем наданды,*
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Жан шошырлық түрінде
Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

Әринемең ел кетті,
Қоқыйланды, мақтанды.
Қуат бітті, күн өтті,
Жарылқа, құдай, жатқанды.

Мен — қажыған арықпын,
Катын, бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртың анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып.

Барымта мен партия —
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?

Татулықты, тыныштықты
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен қулықты
Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?

ЖҰМБАҚ*

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

Шешуі:

Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс бенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,
Жақсылық пен жамандық — болды сегіз.

ЖҰМБАҚ

Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?

Шешуі: темір.

ЖҰМБАҚ

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен —
Соны білсең, әрнені білгендерің.

Шешуі: білмекке құмарлық.

1892

* * *

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің? *
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,
Сырласалық, бермен қайт.

Абұйыр, атақ сол жанда,
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?

Көп тәңрі атқан мақтай ма,
Ол тәңрі атқан болмаса?
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса?

Мақтау — жел сөз жанға' қас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса боқтамас
Ел табылса, құмарлан.

Жұрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек?
Екі сөзді тәңрі атқан —
Шыр айналған дөңгелек.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды аңдамас.
Б. байы — ақша,
Ер жақсысын таңдамас.

Мен — мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антұрған көп пұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсең, у екен.

* * *

Жүрегім, ойбай, соқпа енді!~
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі.

«Жетімқозы — тас бауыр,
Түңілер де отығар».
Сорлы жүрек мұнша ауыр
Неге қатты соқтығар?

Сеңісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек.
Тірілікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Жоқ деп едің керегің,
Топ жыйып ең бір бөлек.
Кезек келер демедің,
Ендігі керек қай керек?

* * *

Қайғы шығар ілімнен,*
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.
Қайтып қызық көремін
Әуре-сарсаң күнімнен?
Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.

Қайғылы, қартаң біздей шал,
Қарай берсең, қайда жоқ?
Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.

Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке.
Бойымсыз қулық тойымсыз
Болды балаң жөргекте.
Ішімен жау боп, сыртымен
Кім тояр қылған құрметке?
Кеңшілікте туған жоқ
Шықсын деген жел бетке.
Тарлықта қанша тайпалса,
Қадірі болмас, әлбетте.

Сыйласа елің ұлықтап,
Араласаң қызықтап,
Қызық пенен тыныштыққа
Қазақ тұрмас тұрықтап.
Қаңқылдап біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап.

Тебінісіп қамалар,
Тоқтатып болмас сырықтап.
Тұзу бол деген кісіге
Тұзу келмес ырықтап.
Сырдаң тартып қашады,
Ұстайсың қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаңыз,
Айтайын құлақ салсаңыз:
Кейбіреуі дүрсіп жүр,
Жер тәңрісіп кер мағыз.
Кейбіреуі — законшік,
Оңдырмассып, берсе арыз.
Кейбірі пірге¹ қол берген,
Іші залым, сырты абыз.
Кейбірі қажыға барып жүр,
Болмаса да қаж парыз².
Мұсылмандық ол ойлап,
Өтеген қашан ол қарыз?

Дәулеті жоқ бұрыл шаш,
Үйіңе кет, топтан қаш!..
Ағайынның ішінен
Шыға қалса тай-талас,
Партия жыйып, мал сойса,
Бата оқыйсын, жейсін бас.
Басалқа сөз сенде жоқ,
Айтқан сөзің «малың шаш».
Итше індет тілемей
Жат үйіңде, өлсең де аш!

Ойлап-ойлап қарасам,
Осындай шал қайда жоқ.
Қозғау салып қоздырғыш,
Кезбе шалдан пайда жоқ.

¹ Әулие.

² Міндет.

(ОСПАНҒА)

Жайнаған туың жығылмай,*
Жасқанып жаудан тығылмай.
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің,
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің,
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай!

(ОСПАНҒА)

Кешегі Оспан*
Бір бөлек жан,
 Үйі — базар, түзі — той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
 Ат та мінсе, көнді ғой.

«Ала бер»ден,
«Келе көр»ден
 Бір күн басын бұрды ма?
Кетті қаптап,
Алды сап-сап,
 Кетті мақтап, тұрды ма?

Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
 Жан асар ма осыдан?
Қорқпай өтті,
Жауға жетті,
 Арман етті досынан

Ел тамағын,
Жұрт азабын
 Жеке тартқан кетті гүл
Сондай ерді —
«Ала бер»ді
 Табар енді біздің ел!

Өлді Оспан,
Кетті шопан,
 Енді кім бар бақ қонар?

Ұрла-қарла,
Жұртты шарла,
Ойла, барла — не болар?

Жұрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз,
Енді оларға сөз де жоқ.
Сырты абыз бар,
Желқабыз бар,
Алты ауыз бар — өзге жоқ.

* * *

Ысытқан, суытқан*
Бойыңды бір көңіл.
Дүниені ұмытқан
Құмарың тозар, біл.

Әуелгі кезіңде
Қайтпаған көңілдің,
Есептеп өзің де,
Түрінен өмірдің.

Бір жақсы күнім деп,
Қызықпен сөйлесіп,
Артынан «ол нем?» деп,
Ұялып кезнесіп¹.

Бір ақмақ әңгіме
Сықылды көрінер,
Онысын өңгеге
Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,
Надандықпен жеңілмес.
Білген кісі айтса оған,
Надандығы кемімес.

¹ Қысылу, қызару мағнасында.

* * *

Бойы бұлаң,*
Сөзі жылмаң
 Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
 Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында
Тұл бойында
 Бір міні жоқ бендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
 Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
 Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
 Байды жаулап жетісер

Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан.
 Антын, арын саудалап,
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
 Байдан атты алмалап.

Кедейі — ер,
Кеселі зор,
 Малды байдан сорлы жоқ

Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы — баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,
Айтса көнген
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан бенде жоқ.

Әз¹ тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр.
Болдың ақыр тап-тақыр.

Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма
Сыпыра жылмаң жел буаз?
Айтты—көндім,
Алды—бердім,
Енді өкіндім — өзіме аз.

¹ Қадірлеу, сыйлау. «Әз»— араптың ғазиз деген сөзінен өзгерген.

* * *

Жақсылық ұзақ тұрмайды,*
Жамандық әркез тозбайды.
Үміттің аты елеріп,
Қос тізгінді созбайды.

Қос тепкіні салсаң да,
Уайымнан озбайды.
Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.
Жер қорығыш желгек шал
Желіп жүріп боздайды.

Құрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елермес.

Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес.
Шыдасаң есті қашырмай,
Құлдатып, қор қып жібермес.

Кез келсе қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған — ол да жат,
Күңкілдеп берер сазанды.

Бәрінен де сол қымбат,
Қайтерсін өңкей наданды.
Сыпыра батыр сұм құрбәт¹
Мақтанмен алды мазамды.

¹ Жақын, туысқан, көрші. Бұл жерде жаман ағайын, жаман көрші мағнасында.

**(БАЙМАҒАМБЕТКЕ ҚАТЫНЫНЫҢ
АТЫНАН ШЫҒАРЫЛҒАН)***

Ажынның жақсы-ақ қызы едім,
Жетістірем деп алды.
Тілеуін түзден тілесе,
Баста мені неге алды?
Сол желіккеннен желігіп,
Жынды сары жоғалды.
Ойбайлаған болайын-ай,
Жоқтамасам, обал-ды.

Антпенен тарқайды,*
 Жыйылса кеңеске.
 Ор қазып байқайды
 Туа жау емеске.

Анттасын алқайды
 Сен тентек демеске.
 Кім антын шайқайды
 Амал жоқ жемеске.

Аз адам шаршайды,
 Ебіне көнбеске.
 Басы ыңғай қайқайды,
 Амал жоқ өлмеске.

Ел састы, аңқайды,
 Би тартты егеске.
 Жұрт тағы мал-жайды
 Ой қылар бермеске.

Өсімге қол жайды,
 Тай алып серкешке.
 Алмаса ол тайды,
 Дап-дайын көрмеске.

Кедей би жантайды
 Сауыр мен өркешке.
 Саумаққа ол байды,
 Кеңесер би кешке.

¹ Қоштамақ, жарлықамақ.

Қайғы қып болмайды,
Өкпелеп білмеске.
Сүйтсе де оңбайды,
Бұрынғы түсті еске

Пысықтар шалқайды,
Таласып теңдеске
Бермеске қағып шонтайды
Өзімен жемдеске

Таласып тарқайды
Ақшадан төрт-беске
Бірлікті шайқайды,
Араз боп өнбеске.

* * *

Қарашада¹ өмір тұр,*
Тоқтатсаң тоқсан² көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші — қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
Шар тарапты көздемес.
Пайданы қуып алқынып,
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі — толған қулық ой,
Бәрі де пысық, езбе емес,
Құмары оның — айт пен той,
Пайда мен мақтан — өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,
Шалықтап, шалқып, шатпай ма?
Қапысын аңдып тұрдым деп,
Қулығын бұлдап сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,
«Қу», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?

¹ Октябрь.

² Ноябрь.

* * *

Жас өспірім замандас қапа қылды,*
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұады.
Тұрлау қылып ешнәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ серменде өңкей жынды.

Жамандық, жақсылық пен — оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.
Арын сатып, ант ұрып іздегені —
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?
Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,
Сендіре алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,
Жанын берсе табылмас сөздің шыны.
Алты жақсы, жүз жылқы болған басы
Бір семіз ат болады оның құны.

* * *

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,*
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл.

Ол тілге едік оңдайлы,
Қарыпсыз біліп сондайды,
Біліп-ақ, ұғып қоюшы өк,
Енді ішіме қонбайды.

* * *

Әсемпаз болма әрнеге,*
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаттық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

ЕСКІЛІК ҒИМІ*

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап, кигенім — шидем шекпен,
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.

Мықшыйма аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе жанымда жез салдырған,
Шақпағым, дөңдәкуім¹ жарқ-жұрқ етіп.

Күләпәра басымда, пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ².

Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер,
Жарғақ жастық көпшігім жезді пыстан,
Бір келісті сайманым топқа мінер.

¹ Кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.

² Тобылғы тисіг.

**(АБДРАХМАН НАУҚАСТАНЫН
ЖАТҚАНДА)**

Я, құдай, бере көр*
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,
Алладан гілеймін.
Шын қалқам осы күн
Болып тұр керекті.

Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап,
Алладан тілеймін
Құпия сыбырлап.

Зар етсе бендесі,
Бермей ме алласы
Тән саулық қалқама,
Қабыл боп көз жасы?

Не жазам, япырмау,
Қол шорқақ, тіл мақау.
Сәләмат өзіңді
Кешікпей көрсем-ау.

Бір суып, бір ысып,
Барады іш пысып,
Жүзіңді бір көріп,
Сүйгенше бір құшып.

Бір үміт, бір қауып
Көңілге жол тауып
Кірген соң, сөз қыйын,
Әрнеге ой ауып.

Екі ай-ақ не қылып,
Басқаша ауырып,
Япырмай, докторлар
Жүрмесін жаңылып.

Жаралап ауыз ашты,
Жарасы жарасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен ұйқы ашты

Алмаса докторға,
Нанбаңыз соққырға.
Визитке төлемей,
Шырағым, бос қалма.

Ол жесін, ол жұтсын,
Шырайын жылытсын.
Ақшаны аяма,
Ұйқыны тыншытсын.

Әбсәмәт жиенің,
Ол — сенің біреуің.
Достығын достықпен
Өтемек — тілеуім.

Көңілдің қоштығы —
Ол оның достығы.
Барар ем, қолымның,
Болмады бостығы.

Сарғайды жүзіміз,
Сарылды көзіміз.
Қатайып сауықсаң
Сағынған өзіңіз.

Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.

Қуатың ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.

Туа, өскен жеріңіз,
Туысқан еліңіз
Зар боп тұр көруге,
Ұнатса көңліңіз.

Уайым жеуліміз,
«А, құдай» деуліміз.
Жазылып келсеңіз,
Гүлденер өміріміз.

(АБДРАХМАНҒА)

Алланың рахматын*
Жар тұтып әрнеге.
Әр рахман¹ ол атын
Үйреткен жұмлеге².

Дұғамның қуатын
Жіберме өңгеге.
Әбіштің сыйқатын
Беркітсең кеудеге.

Рәушән сыйпатым
Тез көрсет бендеге.
Осындай шапқатын
Ұмытам мен неге?

Зар хатым — бұл хатым.
Бізді тыныш жүр деме.
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.

Бұл — жазған сұңғатым,³
Көңіл ашар бір наме⁴.
Менің сол рахатым
Көзіме сүрмеге.

¹ Рақымды, мейрімді.

² Бүкіл, барлық.

³ Өнер, кәсіп. Бұл жерде жәй, күй мағнасында.

⁴ Хат, кітап.

**(АБДРАХМАНҒА КӘКІТАЙ
АТЫНАН ХАТ)**

Тілім, саған айтайын,*
Осы сөздің келісін тап.
Қолым, сені қайтейін,
Қаламды тұрдың қатты ұстап

Жүректің сөзін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма.
Қу көсе қандай өзімшіл,
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қарап бақ,
Тамыр соқса солқылдап.
Мен жазайын сізге хат,
Оқып көрсін ол шындап.

Оқып көріп байқасын,
Мағнасы ішке кіре ме?
Ұрлаған сөз деп айтасын,
Сөз ұрлыққа жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөккенің оны ұнар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Тұла бойым, балқый көр
Әбіш ағам легенде.
Мейлің, Мағаш, шалқый бер,
Не десең де сөгем бе?

Көріскен соң бір дидар,
Алла оңғарып келгенде,
Сынаушы сонда табылар
Мұнда жатқан елден де.

Төсекке менің жатуым —
Ұйқыға әбден талған соң,
Ұстазым мен татуым
Сен екеуің болған соң.

Жас жүрегім қозғалса,
Бір аллаға тілегім.
Ол қарағым оңалса,
Тыншыр еді жүрегім.

Жүздеріңді сау көрсем,
Екі көзім нұры еніп,
Қосылысып бір жүрсем,
Әрнәрсені үйреніп.

Жерің алыс жете алмай,
Мағаштан да мен сорлы.
Қызметіңді ете алмай
Қалмас едім сол құрлы.

(АБДРАХМАНҒА КӘЖІТАЙ
АТЫНАН ХАТ)

Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш.
Өмірдің гүлісіз,
Кеңліме жұбаныш.

Зар қылып тілеймін
Рақметін алланың.
Елжіреп жылаймын,
Көңлін аш пенденің.

Сыйқатын қалқама,
Берегөр, я, рахим¹.
Тілегім — бұл ғана,
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым
Есен сау көрмекке.
Сөз таппай аңырдым,
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің
Ешбір жоқ қызығы,
Жаралы көңлімнің
Жазылмай сызығы.

Мақсатым хатымды
Аз уақыт болса ермек.
Сөзім жоқ татымды,
Хошлықпен көріспек.

¹ Құдай деген мағнада.

ҚЫЗДАРҒА*

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең,
Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең,
Ұры-қары көбейіп, к... шөмейтіп,
Неге болды бар елдің қоры Бәкең?

Лекер, Бітімбай мен Аталықты,
Жанқожадан кім көрген қапалықты?
Байұзақ одан соңғы адамы елі,
Бәрі де кісі-ақ еді қасалықты¹.

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
Екеуі бітім десе, басын шайқар.
Екі елерме бітімге жөн келер ме,
Ақылы болмаған соң артын байқар?

Сөзіңнің басы ыржаң, соңы қылжаң,
Жүгенсіз жүре бермек — сенің ырзаң.
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,
Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдап, шықса күлген,
Елірмелі Досаққа кісімсінген.
Бұл топта маған айтар кісі бар ма,
Дауылбай мен Қыздардың жөнін білген?

Айтқожаның қулығы сені елірткен.
Бір дем салса, күшіктей соңына ерткен.
Менің терім тарылып келе жатыр,
Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен.

¹ Келісті, кемел.

* * *

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын,*
Түбін ойлап, уайым жеп айтқамын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқамын.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

* * *

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей? *
Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған — шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?

Еңбек жоқ, hareket жоқ қазақ кедей
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.
Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсын асы бардан.

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауылды іздеп жүрсін босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де — жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек к...н жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

Қулық, сұмдық, ұрылықпен мал жыйылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсын ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпыйып тамақ аңдып,
Бұраңдап жылы жүзін асқа сатқан
Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып.

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста
Кезеген ит тымақ көп біздің тұста.
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген
Антұрғанға қосылма қапылыста.

* * *

Балалық өлді, білдің бе? *
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Қәрілікке көндің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе,
Баянсызға төндің бе?
Әлде, айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді
Қорадан шықпай өлдің бе?

* * *

Лай суға май бітпес қой өткенге,*
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?
Берген бе тәрім саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
Шарықтап шар тараптан көңіл — сорлы
Таппаған бір тыяпақ не еткен қуыс?

Күні-түні ойы да бір-ақ тәңрі,
Өзіне құмар қылған оның әмрі.
Халиққа¹ махлұқ² ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі — дәһрі.³

Өлгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңріні болдырады.
Талып ұйқтап, көзінді ашысымен,
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан⁴
Түп несін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жақ,
Иіліп, екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тыяпақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

¹ Жаратушы деген мағнада.

² Жанды нәрсе.

³ Дінсіз.

⁴ Мекенсіз, орынсыз.

* * *

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,*
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікі»нің айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрео тіршілікке көңіл бермей,
Бақи¹ қоймас фонитің² мінін көрмей,
Міні қайда екенін біле алмассын,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақылретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей бол орныға алмас.
Дүниеге ынтық, маңшарға³ амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

¹ Мөңгі, ұзаққа созылатын.

² Жалған, өтпелі (дүние).

³ Дни ұғым ооыынша заман ақыр болғаннан кейін адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

(АБДРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Арғы атасы қажы еді,*
Бейістен татқан шәрбәтті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғапты, тыныштық бермепті,
Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр қыйынға сермепті.
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінің көңлін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тыйып, жерлепті.
Қазақтың ұлы қамалап,
Іздеген жүзін көрмекті.
Ақылынан ап қайтқан
Өлгенше болар ермекті.
Ол сыпатты қазақтан
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңлін бөлмепті.
Жарлығына алланың
Ерте ойлаған көнбекті.
Олар да тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмекті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керекті.

(АБДРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Кешегі өткен ер Әбіш*
Елден бір асқан еректі.
Жүрегі — жылы, бойы — құрыш,
Туысы жаннан бөлекті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңлі зеректі.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет¹ жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демекті.
Тағдырға тәбділ² бола ма,
Сабырлық қылсақ керекті.

¹ Міндет.

² Өзгеру (өзгерту), ауысу (ауыстыру).

(АБДРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Тұл бойың ұят-ар едің,*
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?

АБДРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Жыйырма жеті жасында*
Абдрахман көз жұмды.
Сәулең болса басыңда,
Кімді көрдің бұл сынды?

Дүниелікке көңлі тоқ,
Ағайынға бауырмал.
Тәкәппар, жалған онда жоқ,
Айнымас жүрек, күлкің — бал.

Ғылым оқып білгенше,
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше,
Рахат іздеп жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле толмаса?

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Күтіпті тәңрі жарлығын.

Қалжыңы, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп.
Бөтен көзде көрсе жас,
Ойнаймын деп күлдіріп.

Аз өмірін ұзайтқан,
Ғылымға бойы толған соң.

Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркстан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады.

Құйрықты жұлдыз секілді
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорқпай тосқан тағдырын.
Қыйынсынбай өлімді ол,
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін,
Қағазға жазған арызын.

Көргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені —
Арманда боп қалды деп.

Жаңа жылдың басшысы — ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген ащы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды, күйгендей,
Ол қуатым еді рас.
Көзге қамшы тигендей
Шыр айналды артқы жас.

(АБДРАХМАН ӨЛІМІНЕ)

Талаптың мініп тұлпарын,¹
Тас қыяға ерлелің.
Бір ғылым еді іңкәрін,
Әр қыйынға сермедің

Көзіңді салдың тұрғына,
Бейнетін қыйын көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.

Бала болдың, жас болдың —
Жалғандыққа ермедің.
Төре болдың, бас болдың —
Көкрегіңді көрмедің.

Ел ішіге сау келсең,
Тағлим¹ айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едім?

Іздеп табар жалғачнан
Бала берген бенде едім.
Бенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

¹ Үйрену, үлгі алу.

(АБДРАХМАНҒА*)

Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдан қайтпаған;
Жақсылық қылар орында,
Аянып бойын тартпаған.
Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған.
Түрленіп «төре болдым» деп
Есерленіп шатпаған.
Жүз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған.
Жүйріктікпен шалқымай,
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған
Өтіріксіз турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге
Түк қалмайтын сақтаған.
Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса қақпаған.
Білдірушең үндемей
Істі қылған жақпаған.
Ағайын мен туғанды
Тірілікте мақтаған.

**(АБДРАХМАН ӨЛГЕН СОҢ
ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)**

Бермеген құлға, қайтесін,*
Жұлынарлық ерікті.
Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғаріптікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым
Ажалын да беріпті.
Сақта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил жоқ,
Тәубе қылсақ керекті.
Кәркиден пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман, Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым
Берген құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керекті.
Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жыйып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты.
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,

Басын жыйып құрапты.
Мекеде уақып¹ үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты.
Ажал уақты жеткен соң,
Соның да гүлі құрапты.
Қажыны² алған бұл өлім,
Сабыр қылсақ керекті.

¹ Мешіт, медресе пайдасынан берілетін мал, дүние т. б
Бұл жерде «өз ақшасына» деген мағнасында.

² Қажы деп өз әкесі Құнанбайды айтады.

**(АБДРАХМАНЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА
АБАЙДЫҢ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)**

Жылағанды тоқтатып,*
Ынсап қылсақ жарайды.
Қоймасаң, қайғы ауыр боп,
Тұл бойыңа тарайды.
Қызыл гүлің суалып,
Ақ көңлің анық қарайды.
Нәммә жанды аулымен
Патша құдай сынайды.
Бір сен емес, жылатқан
Сыңарын алып талайды.
Бәрімізді аясаң,
Тоқтау қылсаң ұнайды.
Ұмытқаның жарамас
Жаратқушы құдайды.
Халық билеген патшалар,
Уақыты жетсе, құлайды.
Дәл уақыты жеткенде,
Талайдың гүлі қурайды.
Рәсулді¹ алған бұл өлім
Кімнен жөнді сұрайды?
Қандай адам бұлқынып,
Бұған көнбей тулайды?
Мен білемін, қайтейін,
Мұндай асыл тумайды.
Қанша жылап налысаң,
Сонда да ерікке қоймайды.
Алғысы келсе, дүниенің
Айтқанына болмайды.

¹ Пайғамбар.

Ойласаңшы, Мағышым,
Кімнің гүлі солмайды?
Артын тіле құдайдан,
Бір қалыпты тұрмайды.
Үсті-үстіне бастаса,
Сонда бенде оңбайды.
Жылама, Мағыш, жылама,
Аладан өлім тілеме!
Қолдан ұшқан ақ сұңқар
Қайтып келіп қонбайды.
Бір шешеден туғанда,
Бәрінен кетті тәуірім.
Көтермеске амал жоқ,
Көрдім дүние ауырын
Аясаңшы, апырмау,
Әке, шеше, бауырын!
Бойды жеңіп, тоқтау қып,
Сұрасаңшы ақырын!
Тоқтамады, тұрмады,
Кетті ортадан асылым.
Тәкәппар, зор көкректі
Көтере алмай басылдым.
Тыянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым?
Ойламадым туғанды,
Бір өзіңе бас ұрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыңа қарап аһ ұрдым.
Ойламадым еш жанды,
Өзіңе ердім оңаша.
Рахаттанып, мақтанып,
Қылушы едім тамаша.
Шыны сорлы — мен дағы,
Мағыш байқап қараса.

**(АБДРАХМАНЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА
АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ)**

Айналайын, құдай-ау,*
Қапалық салдың жасымнан.
Шешенің зарын тарттырдың
Бес жасымда басымнан.
Сөйлемей бенде шыдамас
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалықты асырған.
Жарымды алып қор қылдың
Жас өмірде тасынған.
Айрып, от қып өртедің,
Әбіш сынды асылдан.
Әбішті алып күл қылдың,
Қызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қып.
Өткізбедім қасымнан.

Жыйырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан.
Жарық сәуле көрмедім
Шыққалы ана қарнынан.
Күйік күшті түскен соң,
Кетеді екен сабырдан.
Қызықты күнім қалмады
Жылаған айтып зарымнан.
Көре алмай зар боп айрылдым
Құдай қосқан жарымнан.
Өзгеше болып жаралған,
Таныған жан қалпынан.
Тілеуді кесіп құдайым,
Зарлатып қойды артынан.

Құдай салды жүрекке
Жалғанда бітпес жараны.
Көре алмай қор боп қалған соң,
Кете ме іштен арманы?
Сәулемді құдай алған соң,
Сарнамасқа шара не?
Кез келтірді, құдайым,
Құтылмас маған дараны.
Қалқамды алып, құдайым,
Басыма салдың қараны,
Өзі түгіл көрмедім,
Ізі жоқ басқан табаны.
Күйдіріп, құдай алмады,
Бенденің құрыр амалы.

Қылығыңа жете алман,
Қаншалық тілмен айтқанмен.
Басыңа құдай беріпті
Өлшеусіз қылып ақылын.

Сабыр мен талап беріпті,
Ақылың, рахымың қыйынды.
Өткен күнгі қызығым
Ұйқтап көрген түстен кем.
Қараңғы түнде қапалық
Жүректі басты, шықпас күн.
Қолдан келген қайратым —
Барымды айтып шыққан үн.
Көңлімнің күні өшкен соң,
Қайғылы қара болар түн.

Жыламай бенде шыдамас,
Қарағымды алған соң.
Сағынып көрген қызықты
Көре алмай зарлап қалған соң.
Ашпадың, алла, қабақты,
Қылмадың қабыл тілекті,
Өле алмай шыдап отырмын
Зор құдайым салған соң.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,
Қызықты күннің шетіне.
Өшірмек алла болған соң,

Бенденің қоймас еркіне.
Өлмектен басқа дауа жоқ,
Алланың салған дертіне.
Құтылмас құл жол таппас
Иенің салған өртіне.

Жалтыр құздан құладым,
Қолымнан кетіп сүйеніш.
Көңлімнің күні өшкен соң,
Жалғанда болмас жұбаныш.
Өмірді қылдың, құдайым,
Қызығы жоқ, күйініш.
Үмітсіз өмір бітірді,
Жүрекке мұз боп ерімес.

Өзгеше болып жаралған,
Айрылдым қалқам жарымнан.
Сол қалқамды қоймаған
Замана неткен тар еді?
Жасымнан өтті демегің,
Күн шыққандай қараңғы.
Кешегі түннің жарығы,
Сабыр қылып шыдарға.

Қайғы оты асты күшімнен,
Қызықты күнім қалмады
Әбішті көрген түсімнен.
Сағыныш зарын білдірмей,
Жүруші едім ішімнен.
Қылығың, қалқам, кетер ме
Жалғанда менің ойымнан?

Сағынсам да алыстан,
Жүруші ем күнше жылынып.
Қызықтың заңғар басынан
Қорлыққа кеттім жығылып.
Құдай қосқан қосақтан
Жалғанда қалдым жырылып.
Қайғыңда қалдым қамалып,
Қызығым кетті сырылып.

Көре алмай қалдым қалқамның
Дәл екі жыл қызығын.

Жүректегі жазылмай,
Тағдырдың салдың сызығын.
Өмірдің, алла, беріпсің,
Күнде ертерлік шыжығын.
Баяны жсқ, байлаусыз,
Тілекте жоқ бұзығын.

Сағынсам да, үміт бар,
Бслушы еді қуаныш.
Қалқамнан қалдым қарс ұрып,
Қайткенде болар жұбаныш?
Алла берген арманға
Аһ урсам болмас алданыш.
Сабыр тағат қылуға,
Қсымалы күйк бойымс ес.
Әбш сынды жарығнан,
Айрылған соң барығнан,
Жалғанда болмас жұбаныш!

* * *

Кешегі Оспан ағасы*
Кісінің малын жемепті
Мал сұраған кісіге
Жоқ, қайтемін демепті
Қуаты артық, ойы кең,
Жұрттың бәрін шенепті.
Досына дәл — жаз, жауға — аяз,
Алысқанды денепті.
Адалдық үшін алысып,
Жегішке ақы төлетті.
Бас шайқаймын дегеннің
Басына салды әлекті.
Қадыры қалың, малы көп,
Қылмаған кімге себепті?
Алақолсыз мырза еді,
Кем-кетікті елепті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

**БАЛАСЫ ӨЛГЕН АНАҒА
АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ**

Көз жұмғанша дүниеден
Иманын айтып кеткені-ай!
«Бейсенбі ме бүгін?» деп,
Жұмаға қарсы өткені-ай!
Жер күңреніп, жұрт шулап,
Ағайын түгел жеткені-ай!
Жамиғат¹ тоңбай күн жылып,
Тәңрім рақым еткені-ай!
Ием қабыл алды-ақ деп,
Көңліме қуат біткені-ай!
Қуаттанып бақсам да,
Күнәлі нәпсім түтпеді-ай².

Ата тегі мұндағы —
Орта жүздің ұлығы;
Ана тегі ондағы —
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы.
Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы.

Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырғанын орт алды
Артына белгі тастамай,

¹ Жұрт, халық.

² Төзімі жетпеді, шыдамады.

Жал құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай, ерте алды.

Көп жасамай, көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орған,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?

Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым,
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың.

* * *

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,*
Аларында шара жоқ алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жыяды мақтанып білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, ақбейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді боғынан жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

* * *

Туғызған ата, ана жоқ,*
Туғызарлық бала жоқ.
Туысқан-туған, құрбылас
Қызығымен және жоқ.

Тулайын десе шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ.
Ұйқы мен астан дәм кетіп,
Сақалда, шашта қара жоқ.

Байбайшыл тартып, баға жоқ.
Жастарға жаппас жала жоқ.
Жат қораны күзеткен
Қартаң шалда сана жоқ.

* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,*
Хан да жанын қыяды қыз жолында
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғыч,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа буга, азбан дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға
Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған
Неғылсын бір қартайған қу сүйекті?

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен, қатын емес

Есерлер жас қалыңды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен
Ортасында бұлардың мачаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырап бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?

Қатыным қалғй демес ақсақал бай,
Сонымен дос боп жүрсің, япырым-ай!
Қу қатының майысса, мәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең.
Тіпті оңбассың, өзіңе өзің мәз боп,
Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңлі жылымас, ол' өзіне аз,
Біреуі — көк балдырған, бірі — құрай,
Бір жерге қосыла ға қыс пеген лаз?

Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан,
Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан.
Екі көңіл арасы — жылшылық жер,
Оны қайтің қосады ол антатқан?

* * *

Сағаттың шықылдағы емес ермек,*
Нәмишә өмір өтпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі — ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тыянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қағасын босқа бұлдыр.

Күн жыйылып ай болды, он екі ай—жыл,
Жыл жыйылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.

* * *

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа*,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына¹ билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжыйды,
Жүрек тербеп, оятар баста мыйды.
Бұл дүниенің ләззаті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйқтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық.
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ащы,
«Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы
Керім толғап, тауысар қоңыр-күңгір.
Сол жеріне ойыңмен араласшы.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

¹ Т а к т — бұл жерде өлеңнің ырғағы ретінде алынып отыр.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңлі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын.

Өмірдің алды — ыстық, арты — суық,
Алды — ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

* * *

Адамның кейбір кездері*
Көңілде алаң басылса;
Тәңрінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса;
Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.
Тәңрінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.
Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.
Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шыйыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл.

* * *

Көкала бұлт сөгіліп,*
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.

Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көтеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

КҮЙІСБАЙҒА

Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға,
Бермек болған айғырдың көзі қайда,
Көзді көрсең — бересің тайсаң — танып,
Алдамшы атанғанның несі пайда?

(ДҮЙСЕНҚҰЛҒА*)

Саудайы-ай¹ сауды алмадың-ау, сырқауды алып,
Бір пәлеге жолықтың шырқау барып,
Алажаздай көгалды бір көрмедің,
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып?

¹ Саудайы — істеген ісін абайламау, байқамай істеу.

РАЗАҚҚА*

Мына үйде отыр Разақ,
Елдің жөнін айтар ма,
Шақырып алып сұрасақ.
Үлкен қожа — ортан қол,
Өзгелері, аты жоқ пенен шынашақ.

Сонда Абайдың немересі Әубәкір, — Омархан ағам ше? —
дегенде:

Оны дағы байқармыз,
Біраз ғана сынасақ.



Көк тұман — алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сыйпат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер — өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына түк қалдырмас.
Соның бірі — арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағнасы — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікі»нде,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды,—
Сонда өмірден алдамшы бола алмассын.
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды.

Адам ғапыл¹ дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?

Қапы қалу, білмеу, байқамау.

Мазлұмға¹ жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңрі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп көк итті, күнде жемек.
Ғадәләт пен мархамат² — көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақыйқат та, дін дағы тереңінде.

¹ Зұлымдыққа ұшыраған (адам).

² Рахым, жақсылық.

* * *

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

* * *

Алла деген сөз жеңіл,*
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты
Махаббат қылса тәңрі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағрипқа¹ тілім қысқа аһ!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт² ол куа.

Ақыл мен хауас³ барлығын
Білмейдүр жүрек, сезедүр.
Мүтәкәллимін⁴ мантикин⁵
Бекер босқа еседүр.

¹ Түсіну, білу, анықтау.

² Бар нәрсе.

³ Сыйпат, сапа, түр. Бұл жерде адамның сезім мүшелері мағнасында.

⁴ Сөйлеушілер. Бұл жерде дінді дәлелдеушілер.

⁵ Сөйлеушілер. Бұл жерде терең ой, қыйсынды сөз.

* * *

Құр айғай бақырған*
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?

Өңкей налан антұрған,
Қанша айтса, жан ба екен?
Бос жүріп қор қылған
Өміріңе кән бе екен?

* * *

Мен сәлем жазамын,
Қарағым, қалқама.
Қайғыңнан азамын,
Барушы айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарың,
Қайғырмай не етемін,
Бізде жоқ назарың.

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым.

* * *

Соры қалың соққы жеген пышанамыз*
Қайтып суып, жалғаннан күсе¹ аламыз.
Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.

¹ Безбек, тастамақ

(ҒАБИДОЛЛАҒА*)

Жазғытұрым қылтыйған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
«Боламын» мен жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым.

* * *

Құлақтан кіріп, бойды алар*
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.
Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көңілім әнді ұғалы,
Жүрегім бойды жылытып.
Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.
Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.
Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңлім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.
Ішіп терең бойлаймын
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.
Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

* * *

Болды да партия,*
 Ел іші жарылды.
 Әуремін мен тыя
 Дауың мен шарыңды.
 Құрбылай қош тұттым
 Жасың мен кәріңді.
 Жоқтамай ұмыттым
 Ақыл мен нәріңді.

Ортаға кеп салдым
 Өзімде барымды.
 Япырмау, неңді алдым,
 Сау қоймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
 Қозғадың тамырды.
 Көңілге тік келіп,
 Кетірдің сабырды.

Ойымды ақ, жарымды ақ,
 Кеңімді, тарымды
 Қарасам байымдап,
 Сөзің сол сарынды.

Өсекке салмаңдар
 Ойымды, жарымды.
 Өлшеуге алмаңдар,
 Ойым бек тарылды.

Ұрыңнан асырдың
 Сұм тілді қарыңды.
 Жасырдым, жасырдым,
 Енді айттым зарымды.

* * *

Қуаты оттай бұрқырап,*
Уәзінге¹ өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз —
Наданға қадірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

¹ Өлшеуіш.

* * *

Сұм дүние тонап жатыр, ісің ма? *
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татыйды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.

* * *

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?*

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғалауат¹ пен майландасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйқатат, бақ сөзіме!

Ішім — толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

¹ Дұшпандық.

* * *

Жүректе қайрат болмаса*
Ұйқтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Қайуанша жүріп күнелтпек

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.

Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсең бер десе,
Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

ЖАМАНБАЛАНЫҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ*

Белгілі сөз: «өлді, өлді»,*
Белгісіз оның мекені,
Не халатқа әурілді¹,
Қайда қандай екені.

¹ Не күйге, не халге ұшырады деген мағынада

* * *

Күн артынан күн туар,*
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсең, жеткізбес.

* * *

Ауру жүрек ақырын соғады жай,*
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай.

Қараңғы саңрау қайғы ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,
Кетірет деп мазақтап беттің арын.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай,
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.

* * *

Есінде бар ма жас күнің,*
Көкірегің толық, басың бос,
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің?
Кімді көрсең — бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.

Жалынасың, боқтайсың,
Сағынасың, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті —
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын.

* * *

Жүрегім менің — қырық жамау*
Қыянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Өлді кейі, кейі — жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі — қастық, кімі — дау,
Сүйенерге жоқ тірек.

Кәрілік те тұр тақау,
Алдымызда айла жоқ.
Қайғысыздың бәрі — асау,
Бізге онан пайда жоқ.

Қанжүректі қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау
Қам көңілдің тынбаған.

* * *

Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы,*
Боқтан сасық боласын өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасын,
Білімсіздік белгісі — ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

* * *

Күшік асырап, ит еттім*
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

* * *

Сүйсіне алмадым, сүймедім,*
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

(ДУТБАЙҒА*)

Жылуы жоқ бойының,
Жыламыйғапы неткені?
Құбылуы ойының —
Кетпей құйтың еткені.

Мұңды, жыламаң пішінін
Кезек киіп, ел жыйып.
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсыйып.

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп.
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл — бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

* * *

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің, сен
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөппен, бой жеткен егінмен тең.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай, қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ,
Сенің де басың имек жерге таман.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат — бүгін адам, ертең топрақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап аллар бірақ.
Ертең өзің қайдасын, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

1900

* * *

Жүрегім, нені сезесің *
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңлім, кезесің,
Тыянақ жоқ па, қой, тоқта!

Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмалың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Ортақтық, тыныштық достық қой,
Оның қадірін кім білер?
Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі — алдамшы саудагер.

Халықтың аты керек қой,
Я мақтауға, боқтауға.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға.

Досты қайдан табарсың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабарсың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен, қалар түңіліп.

Ақы беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан тәңрі атқаш
Оңдырар ма, оңар ма?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?

* * *

Көлеңке басын ұзартып,*
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса;

Күңгірт көңлім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әржаққа.

Өткен өмір — қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жыйып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд¹ қылып,
Тыныш өлсеңші тегінде.

¹ Әдет, машық деген мағынада.

1901

* * *

Ұяламын дегені көңіл үшін,*
Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ маңызы жеңіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар.
Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар.

Туысқаның, достарың — бәрі екі үшті,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Өзің үлкен, қылығың — бала-шаға,
Балаша мәз боп жүрсін тамашаға.
Әкесі ұрысса балаға, ол да — достық,
Баласы ұрысса әкеге жараса ма?

* * *

Жапырағы қуарған ескі үмітпен*
Қыял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды,
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға тойма, қызықты қыялдан күс¹.
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен.
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған, жұрт — бір сағым,
Шынға шылап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!

¹ Қайт, күдер үз деген мағнада.

* * *

Қуанбаңдар жастыққа,*
Елерме күлкі, мастыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?
Құрбыңның қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тыйынды
Сал да сақта қапшыққа.
Қолдағыңды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Даңғойланып қаптықпа.
Бет алды жанға бой салма,
Қорлық жүрмес сақтыққа.
Елу бесте біз дағы
Сенісер адам таптық па?
Арыз құмар болғандар
Опыр-топыр, шақ-шұққа
Түспей жүр ме, көрдің бе,
Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа?

* * *

Осы қымыз қазаққа*
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артынан
Ет даяр ма қасыңда?
Бойыңа сіңіп, өрт болған
Қызба бастық жасыңда.
Қызылшыл семіз, жас қымыз —
Бір үлкен борыш басыңда.
Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма.
Ұры, залым, қуларға
Нысанаға шаншылма.
Жылқыны аңдып ұры жүр
Әр төбенің тасында.
Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?
Мақтанға бола жыям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас ұрма.
Қымыз, семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма.
Мақтан қума, керек қу,
Ойсыздарға қосылма.
Қойында ақша, қолда қой
Күзетке оңай, шошынба!

* * *

Буынсыз тілің,*
Буулы сөзің
 Әсерлі адам ұғлына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ өзің,
 Қыйсығын түзеп тұғрыға.

Сезімпаз көңіл
Жылы жүрек
 Таппадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
 Ойы мен тілі бөлінбес.

1902

* * *

Тоты құс түсті көбелек
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

* * *

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас,
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айрылмас.

Амантү¹ оқымаған кісі бар ма?
Уәктүбиһи² дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға...

¹Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби³ келді.
Қағида шарыйғаты өзгерсе де,
Тағриф⁴ алла еш жерде өзгермеді.

Күллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес,
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.

¹ Иман келтіремін, сенемін (құдайға).

² Оның кітаптарына (сенемін).

³ Пайғамбар.

⁴ Түсіну, білу, анықтау.

⁵ Құдайдан келіпті деген кітаптармен ғамал (іс) ететін адамдар.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ¹ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы шын ойласаң, тағат² та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ³ — хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой — онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жақсы болсаң, жаксы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен.
Істің басы — ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.

Имамдао гибадаттан⁴ сөз қорғаған,
Хүснизә⁵ мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтыюмғй,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мү'мин⁶ болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ.
Құран рас, алланың сөзідүр ол,
Тә'уиліне⁷ жетерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой — шайтан ісі,
Көні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

¹ Анық, айқын, рас.

² Күлшылық ету, жалбарыну.

³ Растау.

⁴ Күлшылық.

⁵ Жақсылық ойлау.

⁶ Иман келтіруші.

⁷ Жору, мәнісін айту.

Мү'мин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашалы жол,
Шыр айлан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ¹ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.

Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,
Бендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мү'мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

¹ Ішінен дінге қарсы, сырты мұсылман, екі жүзді адам.

* * *

Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас,*
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын — бұл күннің мәртебесі.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.

1903

* * *

Жалын мен отған жаралып,*
Жарқылдап Рағит¹ жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс, сор қайнар.
Қуаты күшті нұрлы сөз,
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар?
Партия жыйып, пара алған,
Бейілі кедей байсыңдар.

Қулық пенен құбылдан
Жалықсаң, жақсы жансыңдар.
Түзелмесе шұғылдан,
Арсылдар да, қалшылдар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өншсең қырт,
Бас қаңғырт!

¹ Дім ұғымында нажағайды, жайды билейтін, күнді күркіретуші періштенің аты.

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

* * *

Домбыраға қол соқпа*
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңлім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзіңмен
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы тәтті жауап айт
Іштегі қайғы дертіме.

Іштегі ескі жалынды
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлесші жақсы, жағымды
Мендей көңілі сынықпен.

Сынық көңлім көп кешер,
Майда қолмен ұстасаң.
Көңілге түрлі ой түсер,
Әр тереңге нұсқасаң.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажыды көңлім көп шауып.
Көп қыйнамай әрнеге,
Елді семірт жем тауып!

* * *

Ойға түстім, толгандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған нар емес.

Осынша ақмақ болғакым
Көрінгенге қызықтым.
Ғәділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін;
Жалмауыздай жалаңдап,
Ар, ұяттан күсіппін,
Қулық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын;
«Сіз білесіз» дегенде
Күнге күйіп, пісіппін;
Мақтанбасқа мақтанып,
Деп жүріппін «пысықпын».

* * *

Мен боламын демендер,*
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.

Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Үйткен адам жолығар,
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Ғалымнан надам артпас ұққанменен,*
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
Одағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.

* * *

Түбінде баянды еңбек егін салған,*
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

* * *

Әйелің — Медет қызы, аты Өрім,*
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін.

* * *

•

Бөстегім құтылдың ба Көтібақтан? *
«Күйшіл» деп бабын білмей кiна таққан.
Құл табан, кескіл түмсық Бөстекбайым,
Кісіге бос берермін бір мін тапқан.

ПОЭМАЛАР





ЕСКЕНДІР*

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы эрең жыйырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды.

Сұмдықпен әскер жыйып қаруланды,
Жақын жерге жау алып тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан жердің бәрін де бодам қылып,
Өкіметпен қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Қанішер қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынан қорқалды жұрт қайғы жеп.
Сол күнде қошеметші айтады екен:
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,
Жердің жүзін алуға талап етті.

Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына құдай салды қыйын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы астындағы ат о дағы ұшты,
Ескендір де атының жалын құшты.
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таң қалды, мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?
Бәрің де ішіп, бұл суға бетіңді жу!
Бір бай елден осы су шыққан шығар,
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, тәтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!»

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:
— Қақпаңды аш! — деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,
Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.
— Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл — құдайға бастайтын қақпа, — деді.

— Білмесең, мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.
Қақпаңды аш, хабарыңды айт, білдір маған,
Қорлығым өзім туып көз көрмеген.

— Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар көре алмастың біреуі сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

— Талпынған талаппенен мен де — бір ер,
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан таман суға су құйылар,
Сел болып, судың бәрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жыйып ал,
Бұл — хабарым, сақтансаң, жаным, жарар.

Бұл сөзбен халифаға Масғұт барды,
Хабарын естіген соң хан да аңғарды.
Айтқан кезі жақындап келген шақта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн, жауын жауды,
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тамақ жеу мен және ұйқтауды

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.
Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Ол халқының алдына жақын барды,
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды:
Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсын,
— Үйіңе бар, ұйқтаңдар! — деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
«Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен» — деп.

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,
Бұлардың сөзін естіп хан да көрді:
Бұрынғыдан мұнысы қыйын болды,
— Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік? — деді.

— Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дұрыс бізді құған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.
Өңкей жынды байқамай айтыппыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір, тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін?
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең.
Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласын,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ*

Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген,
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.
Болыпты ағайынды екі жігіт
Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген.

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан жетеміз деп, бос жүрмеген.
Тігінші, кестеші еді кіші інісі,
Мұстапа суретшілік ғылым білген.

Екеуі екі айрылмақ қамын жеген,
Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген.
Мал тапқаны бір іздеп таппақ болып,
Серт қылып, бір-біріне уәде берген.

Екеуін екі жаққа тағдыр бөлген,
Жандар емес қатерден әсте именген.
Шынмашынға¹ Сапасы кете тұрсын,
Мұстапа Балсураға² бұрын келген.

Мұстапа — бойдақ, келей біраз тұрған,
Кәсібін күннен күнге тәңрі оңғарған.
Аздан соң қатын алып, үй салғызып,
Шаһәрда сенімдінің бірі болған.

Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
Қағазға өрнек жасап, сурет ойған.
Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
Молдалар оның атын Әзім қойған.

¹ Қытай мемлекеті.

² Қаланың аты.

Бір жасап, екі жасап, Әзім өсті,
Сонан соң медресеге барып түсті.
Аз жылда жақсы ғылым нәсіп етіп,
Жас жігіт жүзі нұрлы, көңлі масты.

Оқудан шыға ұстады ата өнерін,
Асырды атасынан әрбір жерін.
Сол күнде ажал жетіп Мұстапа өліп,
Жыртық-жетім болмады ол жас өрім.

Атаның hareketін ұстай алды,
Өнері артық шығып, жан таң қалды.
Алушылар көбейіп мұның ісін,
Бұрынғыдан артылып мал құралды.

Бір күні лапкесінде отыр еді,
Торғын тон, алтын кемер бір шал келді.
Не қылса бір құрметті адам ғой деп,
Әзім тұрып, иіліп сәлем берді.

Сәлемін алды, шал да амандасты,
Қасына жуық келіп жақындасты.
— Жат жердің адамы едім, е, шырағым,
Не hareket қыласың? — деп сұрасты.

— Жасымнан жетім едім көңлі сынық,
Өнерім артық емес ондай ұлық;
Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
Харекетім — суретші, бояушылық.

— Мінезің, түсің жақсы надан дерге,
Артық өнер қыйын ба талапты ерге?
Тесілген күні бойы сендей жасты
Айымын өнімі жоқ бұл өнерге!

Бұл сөзге Әзім тұрып ашуланды,
— Тұрпайы сөйлейсіз — деп қарай қалды.
Атамның hareketін қорлама, бай,
Аш емен, болмасам да сендей малды.

— Қорламаймын һәм, балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені ааймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын.

Шын өнерге қайтер ең көзің жетсе?
Әркімге жарамайды мұны үйретсе.
Өзі үлкен, өзі оңай, артық өнер,
Аз жұмыспен көп алтын хасил¹ етсе.

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп,
Айттым, балам, басыңа мейрім түсіп.
Ертең ерте мысыңмен дайын болып,
Көңліңнің дәркүмәнін алшы шешіп.

Әуелі хақтығына жетсін көзің,
Серт қылдым ғой үйретпек болып өзім.
Ертең ерте сол жерден табыспаққа
Екеуі уәде байлап, қойды сөзін.

Шал кетті, аң-таң бала үйге қайтты,
Көргенін анасына келіп айтты.
Химия ғылымы бар дейтін, сүйтсе дағы
Анасы басын шайқап, ішін тартты.

— Апар да мыс бақырды алдына сал,
Алтын болса, болады бір талай мал.
Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр,
Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал.

Бала айтты: — Тәңрім қақса, бенде не етер,
Жалған болса, білінер, қор боп кетер.
Шын болып, уәдеге бармай қалсақ,
Ғапылдықтан айрылған ызасы өтер.

Не қылса, сол күн бала шала ұйқтады.
Өтірік, расын ойланып таба алмады.
Мыс бақырын қолына алды дағы,
Лапкеге күндегіден ерте барды.

Шал дағы дереу дайын бола қалды,
Бір дорбадан көмір мен көрік алды.
Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң,
— Мысың қайда, балам? — деп дігір салды.

Мыс бақырды сындырды талқан қылып
Көмірге салды мысты, дүкен құрып,

¹ Пайда.

Мыс былқылдап еріген кезінде шал
Шөншіктен¹ ұсақ қара алды қырып.

Алды да ол дәрісін, мысқа салды,
Былқылдаған бұрқылдап мыс шайқалды.
Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,
Алтын қып суынған соң қолына алды.

Алтынын алып берді қолындағы:
— Сарапқа сал бар дағы шаһарыңдағы.
Алтын емес деп біреу айтса, балам,
Алдамшы амалым жоқ болдым дағы.

Алтынды ал да, көрсет жұртқа апарып,
Менің сөзім шын болса тәңрі оңғарып.
Сонау бақша ішінен табылармын,
Егер мені іздесең көңліңе алып.

Әзім ұшты алтынды ала салып,
Не байларға көрсетті мұны апарып.
— Самородный сары алтын екен ғой — деп,
Кім көрсе, сол айтады аң-таң қалып.

Үш мың үш жүз ділдаға² кетті сатып,
Шешесіне ап келді таңырқатып.
Шешесі:—«Сол кісіні шақыр!— деді,—
Кетсін,— деп,— үйімізден дәм-тұз татып.

Бағанағы бақшаға Әзім келді,
Жолықты шал да, сонда отыр еді.
— Ей, ата, қылған ісің рас екен,
Қонақ боп, біздің үйден дәм тат — деді.

Қос уыс ділда берді Әзімге шал:
— Сенің ортақ малың,— деп, мендегі мал —
Шешілісіп, сырласып, отыралық,
Өртүрлі қымбат баға ішкілік ал.

Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық,
Нашалы³ боламыз ғой сөйлеп шалқып.

¹ Дорба.

² Алтын ақша.

³ Шөптің басына шығатын дән, түтінін шығарып, түтікпен тартады.

Анаңды да бір жерге жібер, балам,
Сырымды үйрете алман бойым тартып.

Күн батпай биттей алаң болма бізге,
Қас қарая келермін мен де сізге.
Ішіп, жеу арасында сөйлер сөз көп,
Ол үйде жан болмасын сенен өзге!

Әзім кезді базарды аз тентіреп,
Әртүрлі ішкілікті алды күреп.
Алтынды көргеннен соң, анасы да
Кетті көрші үйіне, сеніңкіреп.

Арақ, жеміс — әртүрлі нығмат¹ дайын,
Қуанды алтын қолға кірген сайын.
Үйіне бөтен жалғыз жанды қоймай,
Оңаша безендіріп тұрды жайын.

Көз байлана сып етіп шал да келді,
Әзім де есік ашты, дайын еді.
Әзімді баласына балағандай,
Жайыңдап жарқын жүзбен үйге кірді.

Шал кіріп үйлі тегіс аралады,
Бір Әзімнен басқа жан таба алмады.
Біротала бейілді беріп алған,
Әзім де бұл қылықты шам алмады.

Хош уақытсып сөйлейді шал барқылдап,
Қол қусырып Әзім тұр, сөзін тыңдап.
Асын жеп, қолын жуып болғаннан соң,
Әпкел деп ішкілікті қойды ымдап.

Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында,
Орыс, неміс болса да қай халқың да.
Пайда деп тән саулыққа ішетұғын,
Миуадан тартқан хамір² ас артында.

Подносқа бөтелкемен арақ толды,
Бір-екі жақсы рюмке дайын болды.

¹ Ас, тағам, дәулет, байлық.

² Арақ

Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып,
Алысты пияланы оңды-солды.

Жайма-шуақ сұм шалдың іші мықты,
Алғашқы ішкен Әзімге тез-ақ шықты.
Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп,
Жәдігөй стаканға дәру тықты.

Онысы түн ортасы болған заман,
Сұм екен талай жанды әуре қылған.
Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Әзім барып жығылды шалқасынан.

Сонда шал терезеден бір ысқырды,
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.
Әзімді сол табытқа салды дағы,
Төртеуі көтеріп ап тысқа жүрді.

Әзімді мас қып алып, шал кенелді,
Есікті жабамын деп аз бөгелді.
Артын жым-жырт қылды да, антұрған шал
Төртеуін ертіп алып, тез жөнелді.

Теңіздің жағасында қалың қамыс,
Ішінде бір кеме бар шалға таныс.
Әзімді сол кемеге салды дағы,
Тұмсығын бұрып алды шетке шалыс.
Қасында жыйырма-отыз жолдасы бар,
Қаладан таң атқанша кетіп алыс.

Ел тұрды, ертең кемпір үйге кірді,
Бала жазым болғанын іші білді.
Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін,
Тұра тұр, өзге жайын сұрама енді.

Әзім есін жыйыпты ертең түсте,
Өз басын көрді қауіп-қатер істе.
Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шетік қапас боп тұрады үсте.

Ырғалып орнынан ол әрең тұрды,
Түрегеліп антұрған шалды көрді.
— Ақсақал адам мұндай қыла ма екен,
Анамнан мені айырып бұл нең — деді?

— Көзіңді аш, есіңді жый, енді ойнама,
Мені сен өз діндесің деп ойлама!
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,
Менде бардың бәрінен қауіп ойлама!

Егерде көнбей қалсаң наданшылық,
Әркүні сізге дайын бір жүз шыбық.
Мың жаның болса дағы құтылмайсың,
Табылмас енді менен майда қылық.

Бала айтты: «Дінім үшін жаным құрбан,
Жаннан қорқып, отыңа мен бас ұрман.
Дінім хақ, ісім ақпын, әлсем шәйт,¹
Қорқады деп үмітті үз сен антұрған».

Баланың бар киімін шешіп аллы,
Жүз қамшы арқасына дүре салды.
Қыңқ етіп бір дыбысты шығармады,
Азырақ талмәусырап, нашарланды.

Мұнысын жаратпады қадір сұбхан²
Көк бұзылып, жер жүзі болды топан.
Байлаулы бала жайға қала берді,
Кемемен әуре болды көп антұрған.

Түн бойы ұйықтамады бір де мызғын,
Су сарылдап құйылды кемеңі ырғап.
Отыз құлы таусылды табанынан,
Су төгіп таң атқанша ол сарпылдап.

Отыз құл ақылдасты басты қосып,
Өлеміз деп ойлады жаннан шошып.
Бір шеттен бір жағаға келе жатқан
Кәрі иттің ұстай алды алдын тосып.

— Ақсақал, іс қыласыз ойлапбастан,
Жаннан қорқып қашпаушы ек қара тастан.
Құдай сүймей бұл істі бізге салды,
Қолын шеш, ризалық ал мына жастан.

¹ Дін жолында өлген адам.

² Бұл жерде күшті құдайым деген мағыда.

Қолын шеш, ризалық ал, кісенді бұз,
Шапшаң айт көнесін бе, уақыт тығыз.
Бұл сөзге көнбей қалсаң, ақыр өлдік,
Сені суға тастаймыз отызымыз!

Сонда шал мына сөзге аң-таң қалды,
Не қыларын біле алмай аз ойланды.
Пішінін отызының байқаған соң,
Баланың қол-аяғын шешіп алды.

Мойшынан шырағым деп құшақтайды,
Көзінің ағып жасы, бұршақтайды.
— Шырағым, мастықпенен қылыппын,— деп,
Әуелгі сөзден танып және алдайды.

Әзім жас, ақбейілдеу адам еді,
Ойлады: өтірік болса неге именді.
Мастықпен қылса қылған шығар-ау деп,
Іс көрмеген жастықпен және сенді.

— Мастықпен қылған болсаң, кештім саған.
Кәрі ит те: «шырағым» деп арсаңдаған.
Жел тынып, күн айығып баяғыдай,
Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап,
Су төккісіз жорға боп шал жылмаңдап.
Отыз құл мынау тек жан емес қой деп,
Әлінше қызметінде жүр тырбаңдап.

Бір мезгілде шал айтты:— Балам тоқта,
Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта.
Алыс емес, аз күндік жақын жерде,
Болмай ма молықтырып ап қайтсақ та?

Бала айтты:— Өзің біл!— деп бұл сөзіне,
Шал қуанды тиген соң ерік өзіне.
Төбесінен тік тұрып қылды қызмет,
Титтей шәрғез келмейді мінезіне.

Сып етіп бір жағаға келді жетіп,
Шал жөнелді, баланы қасына ертіп.
Бір барабан тұр екен, қағып еді,
Қамады желмаялар дүбірлетіп.

Үш желмая ұстады жорығына,
Бірінің азық артты қомдығына.
Екеуіне ер ерттеп мініп алып,
Барабанды қалдырды орынына.

Желмаялар келеді желдей есіп.
Сұм шалдың бір тарапты көзі тесіп,
Шал айтады балаға:— Көрдің бе? — деп —
Бұлт тұр бұлдыраған елеңдесіп?

Ол өзі — бұлт емес, Қаптың тауы,
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры.
Бергі таудың басында сол дәрі бар,
Қырандай ап қайтармыз жібек баулы.

Түні бойы жүріпті, болды, сәске,
Көрінді жарқыраған үйдей нәсте.
— Бұл не? — деп сұрап еді, тұра қашты,
Биттей аял қылмады кәпір әсте.

— Бұл не? — деп тағы да айтты. Әзім сорлы,
Қашқаның не қылғаның мұнша ғұрлы?
— Шырағым, мұның өзі қатерлі жер,
Бір қаскөй жәдігөй дәудің орны.

Соны айтты да шал сабап жүре берді,
Бір өзен жатыр екен, соны өрледі.
Өзенді өрлегеннен бір айрылмай,
Дәл бесінде ұшыртып тауға келді.

Келді де бір жартасқа түсе қалды,
Азық артқан маяны жарып салды.
Ішін жарып, іштегі шек, қарнын,
Өкпе-баурын тазалап, бәрін алды.

Сонда шал Әзімге арқан, қанжар берді,
— Маяның ішіне еніп, сен жат! — деді,—
Ішін тігіп, мен кетіп, жасырынам,
Тау басында самұрық бізді көрді.

Бұл жерге мен кеткен соң самұрық келер,
Маяны іліп алып, биікке өрлер.
Бір жерге қонғаннан соң жар дағы шық,
Именіп адамзаттан ұшып кетер.

Тау басында бар қара ұсақ топырақ,
Қапқа толтыр кешікпей жылдамырақ.
Қап толған соң арқанға байлап жібер,
Саспай, шешіп алғанша тоқта бірақ.

Сонан соң арқаныңды тасқа байла,
Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла.
Арқаннан ұста дағы түс сырғанап,
Жарамайды қылмасаң сүйтіп айла.

Қап алды, қанжар алды сонда Әзім,
Сөзінің ұқты бәрін қылмай жазым.
— Шырағым, айтқанымды жаңылма,— деп,
Барынша қылып жатыр шал да тағзым.

Әзім де бөгелмеді бойын тежеп,
Талабы, тәуекелі соңдай-ақ көп.
Тәңірінің бір жазғаны екі болмас,
Маяның ішіне енді тәуекел деп.

Маяның кетіп қалды ішін тігіп,
Шалекең жасырынды талға кіріп.
Аспаннан самұрық келіп, іліп алып,
Қайқайып қайта шықты бір-ақ ырғып.

Маяны, самұрық қонды, тасқа апарып,
Ер Әзім шыға келді ішін жарып.
Адамзатты көрген соң бұдан шошып,
Отырды самұрық құс аулақ барып.

Жалтаңдап Әзім шықты тау басына,
Тапты топырақ, толтырды дорбасына.
Қап толған соң, арқанға мықтап байлап,
Тау басынан жіберді атасына.

Жіберді әлгі қапты жерге атып,
Антұрған шал дәулетке қалды батып.
Қап жерге түскеннен соң, дінсіз кәпір
Арқанды алып кетті жұла тартып.

Айрылып арқанынан Әзім қалды,
— Арқанды неге алдың!— деп, айғай салды.
— Талайды осы тауға тастағанмын,
Соның бірі болдың — деп, көте барды.

Сұм шалдың дінсіздігін сонда білді,
Қарамай, бір қайрылмай, жүре берді.
Көпірдің қайрылмасын білгеннен соң,
Жүгіріп жалтыр тастан жол іздеді.

Көрді, білді ол таста жолдың жоғын,
Сонан соң қамдап бақты қарны тоғын.
Азырақ жеміс тауып жеді дағы,
Көрмекке жата кетті хақ бұйрығын.

Күн де батты, бір жерге Әзім жатты,
Күн батқан соң жан-жағы салдыр қақты.
Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар,
Сонда да біраз жатып ұйқтап қапты.

Ұйқтап кетіп, шошынып тез оянды,
Жұтқалы көрді келген айдаһарды.
Не де болса тәуекел қылды дағы,
Қанжармен қақ басынан шауып қалды.

Өзі де бір тарапқа ыршып кетті,
Бір биік ағаш көрген, соған жетті.
Биік жерде болайын деді дағы,
Сол түні ағаш басын мекен етті.

Әрбері жатты дағы, ұйқтап қалды,
Шаршаған ғой, күн шыға зорға оянды.
Қараса басқа айдаһар жоғалыпты,
Өзі шапқан таныды айдаһарды.

Ойлады тірі болса кетпес пе еді?
Өлген ғой мына айдаһар деп ойлады,
Ағаштан түсе қалып айдаһарға,
Қолына қанжар алып жетіп барды.

Көрді, білді айдаһар тірі емесін,
Тәңрі ұзын жаратқан сом денесін.
Қанжармен таспадай қып тіліп алып,
Аз уқалап кептірді жон терісін.

Жалғап-жалғап, бір ұзын арқан етті,
Ер Әзім осылайша талап етті.
Бір ұшын тасқа байлап жібергенде,
Түсетұғын орнына әбден жетті.

Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп,
Арқаннан ұстады да, кетті түсіп.
Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп,
Өзенді қулады да, жүгірді ұшып.

Үш қонып, төртінші күн белден асты,
Ол күні алтынды үйге душарласты.
Тау басынан түсірген тәуекелмен
Сол үйге кірмек болып қадам басты.

Қақпадан кірді ішкері қадам басып,
Бір үйінен өрледі, бір үйге асып.
Тілдесерге еш адам жолықпады,
Төрдегі үйге кірді есік ашып.

Екі сұлу қыз отыр төрдегі үйде,
Ондай сұлу көрген жоқ бүтін елде.
Екі қыз шатраш ойнап, білмей қалды,
Кірді де, тұра қалды орта жерде.

Екі қыз мұны көрді, бас көтеріп,
Адамзатқа таңырқап, тұрды елеріп.
— Ей, жігіт, түсің жақсы жан екенсін,
Жүр едің жәдігөйге не қып еріп?

Сөйледі Әзім дағы аянбай-ақ,
Мен ғаріп бишарамын жүрген саяк.
Әуелде өзі көрген бар қысаны
Сөйледі бірін қоймай бастан аяқ.

Екі қыз естіп білді Әзім жайын,
Есіркеп мүсіркейді айтқан сайын:
— Сен бізге бауыр болып, тұр осында,
Не керектің қылалық бәрін дайын.

— Құп болсын, олай болса апаларым!
Дүниенің тартып жүрмін жапаларын.
Сағынсам, өз еліме жеткізе ме,
Айтсаңыз, мархаматты аталарың?

— Көңілді бос суытпа біздей қыздан,
Сізге уәде біздерге тәңрі айтқызған.
Шыдағанша шыдап бақ қасымызда,
Қайтпағың келер біздің қолымыздан.

Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік,
Достықпен жүрек еріп тәуір еттік.
Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда,
Еліңе жеткізуге біз де жеттік.

Құп болады десті де, серт байласты,
Қатты-қатты айтысып уәделесті.
Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен
Тым жақын дос болуға ыңғайласты.

Күн жаңғырып, бойына қуат енген,
Алтынды үйдің ішінде еркеленген.
— Жан-жағын қалай сайран қылсаң еркін,
Жалғыз-ақ бір есікке кірме,— деген.

Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,
Салған жоқ қыздар оның көңліне ажым.
Тал түсте бағанағы кірме деген
Есікке кіріп кетті — бар ма лажың?

Кірсе аржағы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір қауыз бар ернеуі тас.
Бұлбұл сайрап, миуасы салбырап тұр,
Салтанатын түгендеп айтып болмас.

Тас ернеуі — меруерт, ол көрінген,
Кеткісі келмес жанның мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,
Бір түрлі таңғажайып құстар келген.

(Аяғы бітпей қалған).

ТУСІНІКТЕР



11 бет. «**Кім екен деп келіп ем түйе құған**»— 1933-жылғы баспаға тұңғыш рет кіргізілген, ел аузынан алынған. Бұрынғы баспаларда 1855-жылы шығарылған деп көрсетілген.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енгізіліп жүр.

12 бет. **Шығыс ақындарына** («Йузи — раушан, көзі—гауһар») — бұл өлең 1933 жылғы баспаға алғаш кіргізілген, сонан бері Абайдың барлық негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

Өлеңді Абай медреседе оқып жүрген кезінде, шығыс ақындарының дәстүрімен шығарған. 1933 жылғы баспада 1858 жылы жазылған деп көрсетілген.

13 бет. (**Фзули, Шәмси, Сәйхали**)— бұл өлеңді де медреседе оқып жүрген кезінде шығыс классиктерінің: Фзули, Фердауси, Сағди, Хафиз, Навои сыяқты ұлы ақындардың шығармаларын көп оқып, жете білгендігін көрсетеді. 1933 жылғы жыйнақта 1858—1859-жылдары жазылды делінген.

1933-жылғы баспаға алғаш кіргізіліп, сонан бері ақынның негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

14 бет. «**Әлифби өлеңі**»—бұл өлең алғаш 1933 жылғы баспаға кіргізіліп, соңғы жыйнақтарда түгел басылып келді. Шығыс ақындарының арасында көп тараған дәстүр бойынша Абай өлеңнің әрбір жолын араб алфавитының бір әрпінен бастап отырып жазған. Мәт, тәштит, сәкін — бұлар әріп емес, дыбысты анықтайтын қосымша белгілер, өлеңде бұлар теңеу ретінде алынған. 1933 жылғы баспада 1864 жылы жазған деп көрсетілген. 1945 жылғы жыйнақта бұл өлеңді Абай медреседен шығып, елге келген соң жазған ғашықтық өлеңдерінің бірі делінген (Толық жыйнақ, 1945, 412 бет).

16 бет. **Шәріпке** («Тұңлқбайдың қатыны атың Шәріп») 1933 жылғы баспаға тұңғыш рет енгізілген. Абай мұны Тұңлқбай деген құрдасын қалжың етіп айтқан екен. Бұрынғы баспаларда 1870 жылы шығарылған деп көрсетілген.

17 бет. **Абралыға** («Мен жасымнан көп көрдім») — бұл өлең 1933 жылдан бастап кіргізіліп, Абайдың негізгі деген барлық жыйнақтарында басылып келеді.

Абралы (1839—1920) — Абаймен ауылдас, замандас адам, сөзге жүйрік, тапқырлығы үшін «Сары жорға» атанған.

19 бет. **Жақсылыққа** («Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық») — бұл экспромт бірінші рет 1933 жылғы баспаға кіргізілген.

Бұл өлеңнің айтылу реті мынадай: 1880 жылы Абай Қоңыр Көкше деген елге назначением болыс болған кезде, «Мырза» деген елдің Жақсылық дейтін кісісі: «Борышымды елге бөліп салып, мені құтқар» депті. Жақсылық өзінің жарамсыз

қылығынан борышты болған көрінеді. Бұл өлең соған айтылған (Толық жыйнақ, 412 бет.).

20 бет. «Сап, сай, көңлім, сап көңлім»— өлеңнің тексти Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Мүрсеит қолжазбасында Абайдың жігіт кезінде айтқан өлеңі деп көрсетілген, жазған жылы белгісіз.

Бұл өлеңді Абай жас кезінде Сүгір қызына айтыпты деген, және Сүйіндік қызы Тоғжанға арнап шығарыпты деген екі түрлі пікір айтылып келді. Ал, дұрысында бұл өлең Тоғжанға арналған тәрізді. Мұны дәлелдейтін, өлеңнен түсіп қалып, бөлек айтылып жүрген екі жол бар:

Қыз ағасы Әлібек,
Ұстап ап дүре салмай ма?

Бұл екі жол өлеңнің қай жерінде келетіні белгісіз болғандықтан текстке кіргізілмей келеді.

22 бет. «Қансонарда бүркітші шығады аңға»— өлеңнің тексти 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Бұл өлеңді ақын өзі аңға шыққан кезіндегі әсері бойынша жазған көрінеді. Әйтседе, мұнда Абай тек өзінің жеке әсерін суреттеумен қанағаттанбаған. Ресми сайлаулар мен болыс болудан бастартқан Абай өзінің қоғамға деген көзқарастарын 80-жылдардың басындағы еңбек пен тұрмысты реалистік ыспаттау арқылы көрсетеді.

Өлеңнің 2-жолы 1909 жылғы баспа бойынша:

Тастан түлкі табылар аңдығанға,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Тастан түлкі жолығар аңдығанға,—

деп жазылған.

9-жолы 1909 жылғы баспаға сүйеніп

Томағасын тартқанда бір қырымнан,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Томағасын тартқан соң бір қырымнан,—

делінген.

13-жолы 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Кере тұра қалады қашқан түлкі,—

деп берілді. Бұл жол бұрынғы кейбір баспаларында:

Көре тұра қалады қашқан түлкі,—

деп қате басылып келген.

17—18-жолдары 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

**Қызық көрер көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға,—**

деп жіберілді. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында:

**Қызық көрер көңілді аңшылардың
Шабар жері, қарамас жығылғанға,—**

делінген.

21-жолы 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Сегіз найза қолында көз аудармай,—

деп басылды. Бұл жол 1933 жылғы баспасында:

Сегіз найза қолында, көз төңкермей,—

деп алынған.

34-жолы 1909 жылғы баспасына қарап:

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанға,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанға,—
делінген.

35—36-жолдары 1909 жылғы басылуы бойынша:

Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып.

Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға,—

деп берілді. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында:

**Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу келіп,
Бейне ұқсар тар төсекте жолғасқанға,—**

деп жазылған.

39-жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Құсы да, иесі де қоразданар,—

деп алынды. 1909 жылғы жыйнақта бұл жол:

Құсы да иесіне қоразданар,—

деп басылған.

42-жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Жасы үлкені жанына байланғанда,—

деп қабылданды. Бұл жол 1909 жылғы баспасында:

Жасы үлкендер жанына байланғанда,—

делінген.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай жыйнақтарының бәрінде ба-
сылып келеді.

24 бет. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған, —

деген екі жол Абай шығармалары жыйнақтарының соңғы баспаларына кірмей қалған, бірақ 1909 жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да бар, сол нұсқалар бойынша алынды.

Бірінші шумақтың 2-жолы өлеңнің мағнасына қарап:

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды, —

деп қалдырылды. Бұл жол кейбір баспаларында:

Аласыз қара көзі нұр жайнайды, —

деп басылып келді.

Осы шумақтың ақырғы жолы 1933 жылғы басылған нұсқа бойынша:

Торғындай толқын ұрып көз таңдайды,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы баспада және сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларында:

Торғындай толқындрып көз тандайды,

делінген.

Екінші шумақтың

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған, —

деген соңғы екі жолы 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай
Бойына майдалықпен сыр сақтаған, —

деген жолдардан бұрын келеді. Өйтседе бұл баспада жолдар реті Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары бойынша қалдырылды.

Соңғы шумақтың 2-жолы 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Не болмаса жұмыс қып мәл бақтаған, —

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында

Не болмаса жұмыс қыл мәл таптаған, —

деп жазылған.

Бұл өлең Абайдың барлық жыйнақтарында басылып келеді.

25 бет. «**Жасымда ғылым бар деп ескермедім**»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Бұл өлеңде Абай тек өз басын ғана әңгіме етіп отырған жоқ, ақын ресми оқуды сынап, алдыңғы қатарлы Россия үлгісі бойынша ғылым-білім ал деп отыр. Сондықтан да ақын:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, —

— деп ашып айтады.

Абай жыйнақтарының бәрінде бар.

26 бет. «**Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сертек**»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жыйнақтың негізінде:

Жас қартаймақ, жоқ тумaq, туған өлмек, —

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Өзелде жас қартаймақ, туған өлмек, —

деп жазылған.

Осы екінші шумақтың 2-жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек, —

деп қабылданды. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Тағдыр жоқ өткен адам қайта келмек, —

деп басылған.

Төртінші шумақтың 3 жолы 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, —

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Арамдықтан жамандық таппай қалмас, —

делінген.

Бесінші шумақтың 3 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп, —

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Екеуінің бірі жоқ ауыл кезбек, —

деп басылған.

Бұл шығарма Абай жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

28 бет. «**Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман**»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Үшінші шумақтың 3 жолы 1909 жылғы жыйнаққа негізделіп:

Жалаңқая жат мінез жау алады,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жалаң қаққан жат мінез жау алады,—

деп жазылған.

Бесінші шумақтың:

Сұм-сұрқыя, сұмдықпен еп берем деп,
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп,—

деген алғашқы екі жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп басылып отыр. Бұл екі жол 1909 жылғы жыйнаққа кірмей қалған.

Алтыншы шумақтың 2 жолы 1909 жылғы басылған нұсқасына қарап:

Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Мал сойсам, сен мендік бол деп берем деп,—

деп жазылған.

Осы алтыншы шумақтың 3 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Қара қарға сықылды шуласар жұрт,—

деп жіберілді. бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Қара қарға сықылды шуласын жұрт,—

деп басылыпты.

Жетінші шумақтың 2-жолы 1909 жылғы басылуымен:

Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Ант бұзуды кім ойлар дерт көрем деп,—

делінген.

Тоңызыншы шумақтың 3 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Бар ма екен жай жүрген **жан** қанағатпен,—

деп берілді. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Бар ма екен жай жүрген **жұрт** қанағатпен,—

деп көрсетілген.

Оныншы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы баспасы мен Мүрсеиттің 1905, 1907 жылғы қозжазбаларына негізделіп:

Атаны бала **андыйды**, ағаны іні,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1910 жылғы қолжазбасында:

Атаны бала **андыған**, ағаны іні, —
делінген.

Осы оныншы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Ит қорлық немене екен **сүйткен** күні, —
деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Ит қорлық немене екен **көрген** күні, —
деп жазылған.

Осы оныншы шумақтың 3 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Арын сатқан мал үшін, антұрғанның, —
деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Жанын сатқан мал үшін антұрғанның —
деп басылған.

Он бірінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Мал мен бақтың **кеселін** ұя бұзар, —
деп түзетіліп басылып отыр. Бұл жол бұрынғы басылуында:

Мал мен бақтың **кеселі** ұя бұзар, —
деп қате басылып келген.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, —
деп алынды, ал 1909-жылғы баспада бұл жол:

Ант ішкен күнде берген жаны құрсын, —
делінген.

Осы шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы баспа бойынша:

Өз үйінде **шертиген** паңы құрсын,
деп беріліп отыр, ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Өз үйінде **шіренген** паңы құрсын,
деп жазылған.

Бұл нұсқасы Абайдың барлық баспаларының бәрінде де бар.

30 бет. **«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап»** — өлеңнің тексті 1909-жылы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Өлеңнің:

Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап, —

деген 7—8 жолдары 1909-жылғы жыйнаққа кірмей қалған, Мүрсеит қолжазбаларында бар. Бұл екі жол тек 1933-жылғы жыйнақтан бастап еніп келеді.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

31 бет. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Ақын бұл өлеңінде реформадан кейінгі қазақ өміріндегі әлеуметтік қайшылықтарды: ру арасындағы және сайлау кезіндегі тартысты, алданып феодал тобының қолшоқпары болған қалың бұқараның қараңғылығы мен нәдандығын қатты шенейді. Абай бұл шығармасында феодал табы дәстүрінен қол үзіп, ақыл айту немесе үгіттеумен қанағаттанбайды, устем тап өкілдерін мінеп, әшкерелей түседі.

Бірінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың,—
деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Бір күн тыртың етеді, бір күн жыртың —
деп жазылған.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1933-жылғы жыйнақ бойынша алынып:

Бас-басына би болған өңкей қыйқым,—
деп басылып отыр, ал 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларында:

Өз басына би болған өңкей қыйқым,—
делінген.

Абай жыйнақтарының негізгілеріне еніп келеді.

32 бет. «Байлар жүр жыйған малын қорғалатып» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің 6 жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,—
деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Беріп келсе бір қағаз бұтып-шатып,—
деп жазылған екен.

Бұл өлең Абай жыйнақтарының негізгілерінде бар.

33 бет. «Көңіл қайтты достан да, дұшпаннан да» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Бұл шығармасында да Абай 80-жылдарда болған сайлау, партиялық тартыстардың нәтижесінен туған ел басындағы күйзелушіліктерді көрсетеді. Ақын бұл өлеңінде ру тартысының ел ішінде сауданың дамуына жол бермейтінін көрсетеді және үкімет басындағы адамдардың зорлық-зомбылығын әшкерелейді.

Екінші шумақтың 3 жолы Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы және Абайдың 1933-жылғы баспасына сүйеніп:

Мұнан менің қай жерім аяулы деп,—
беріліп отыр. Ал, 1909-жылғы баспа мен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Мұнан менің қай жаным аяулы деп, —
деп жазылыпты.

Бесінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы басылуы бойынша:

Ел аулақта күш **айтқан**, топта танған, —
деп жіберілді, Мүрсеит қолжазбалары мен 1933, 1939-жылғы
баспаларында:

Ел аулақта күш **айтып**, топта танған, —
деп басылған.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсеит қолжазбала-
рына сүйеніп:

Кісі екен деп **үлкеннен** ұялмай жүр, —
деп қалдырылды. Бұл жол 1909-жылғы баспасында:

Кісі екен деп **ұлықтан** ұялмай жүр, —
делініпті.

Жетінші шумақтың алғашқы екі жолы Мүрсеит қолжаз-
баларына негізделіп:

Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,
Ол дағы ұры-қарды **тыя** алмай жүр, —
деп берілді. 1909, 1933 жылғы жыйнақтарда бұл тармақтар:

Бектікте біреу бектеп тұра алмай жүр,
О дағы ұры-қарды **қыра** алмай жүр, —
деп басылыпты.

Абай жыйнақтарының бәріне енген.

35 бет. «Адасқанның алды — жөн, арты—соқпақ»,—өлеңнің
тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбаларына
(1905, 1907, 1910) сүйеніп басылды.

Өлеңнің:

Ку шалбар қулығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ,
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар,
Күні бойы шешініп бір т...-ақ, —

деген төртінші шумағы Мүрсеит қолжазбалары бойынша қо-
сылып, басылып отыр. 1909, 1933-жылғы жыйнақтарда бұл
шумақ жоқ.

Соңғы шумақтың соңғы жолы Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы
қолжазбалары және 1909-жылғы жыйнақтың негізінде.

Сәлемдеспей, **алыстан** ыржаң қақпақ, —
деп берілді. Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:
Сәлемдеспей **жатып-ақ** ыржаң қақпақ, —

делініпті.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде енгізіліп келеді.

36 бет. «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық» — өлеңнің
тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905,
1907) бойынша беріліп отыр.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1933-жылғы баспасы
бойынша:

Дейміз бе ешнәрседен **қорғаналық**, —
деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбалары мен 1909-жыл-
ғы баспасында:

Дейміз бе ешнәрседен **құр қалалық**, —
делінгіті.

Үшінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазбала-
рына сүйеніп:

Демендер **өнбес** іске жұбаналық, —
деп жіберілді. 1909-жылғы жыйнақта бұл жол:

Демендер **ойнас** іске жұбаналық, —
деп басылған екен.

Осы шумақтың ақырғы жолы Мүрсеиттің қолжазбалары
бойынша:

Керсе қызар, күнде асық-**дуаналық**, —
деп берілді. Бұл жол 1909-жылғы баспасында:

Керсе қызар күнде асық-**диуаналық**
делінген екен.

Жетінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы баспасы мен Мүр-
сеиттің 1907 жылғы қолжазбасында:

Алдыңда уайым **көп** шошынарлық, —
деп жіберіліп отыр. Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Алдыңда уайым **бар** шошынарлық, —
деп жазылыпты.

Осы шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы баспасына және
Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Сүйкімі-**икімі** жоқ шалдуарлық, —
деп түзетіліп басылып отыр, бұрынғы баспаларында:

Сүйкімі-**икемі** жоқ шалдуарлық, —
делініп келген.

Сегізінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазба-
ларының нұсқасы негізінде:

Әсем салдық елгенше **кім қыларлық?** —
деп алынды. Бұл жол бұрынғы баспаларында 1909-жылғы
жыйнаққа сүйеніп:

Әсем салдық елгенше **кем қаларлық**, —
деп басылып келген.

Тоғызыншы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы баспасы мен
Мүрсеиттің 1907-жылғы қолжазбасы бойынша:

Қалжыңбассып өткізген қайран **дәурен**, —
деп жіберіліп отыр, Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Қалжыңбассып өткізген қайран **өмір**, — екен.

Соңғы шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбалары бо-
йынша:

Үзілмес үмітпенен бос қуардық, —

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы баспасында:

Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық, —
деп басылыпты.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

38 бет. «Жігіттер ойын алған, күлкі қымбат» — өлеңнің тек-
сті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына (1905,
1907, 1910) сүйеніп алынды.

Екінші шумақтың 2-жолы:

Кейбіреу қояр көңіл ұқданынша, —
деп дұрысталып жіберіліп отыр. Үйткені 1909-жылғы баспасы
мен Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де осылай екен. Бұ-
рынғы баспаларында:

Кейбіреу қояр құлақ ұқданынша, —
деп кате басылып келген.

Тоғызыншы шумақтың 2-жолы да 1909-жылғы баспа мен
Мүрсеит қолжазбалары бойынша түзетіліп:

Лапылдық көрсе қызар нәпсіге ерме, —
деп алынды. Бұрынғы баспаларында:

Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме, —
деп бұрмаланған.

Оныншы шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазба-
ларының нұсқасы негізінде:

Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар, —
деп жіберіліп отыр. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Көп жүрмес жеңсікқойлық тез-ақ тозар, —
делінген екен.

Осы шумақтың 3-жолы 1909-жылғы баспа және Мүрсеит
қолжазбаларына сүйеніп:

Күнде керген бір беттен көңіл қайтар, —
деп түзетіліп беріліп отыр. Бұрынғы баспаларында:

Күнде керген бір беттен көңіл қайтып, —
деп кате басылып келген.

Оң үшінші шумақтың 2-жолы 1909-жылғы баспасы бо-
йынша:

Ер ұялар іс қылмас қатып зерек, —
деп қабылданды. Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де:

Ер ұялар іс қылмас, болса зерек, —
деп жазылыпты.

Оң жетінші шумақтың 2-жолы:

Сазданбасын қабақпен имендіріп, —
деп түзетіліп алынды. Үйткені 1909, 1933-жылғы жыйнақтар
мен Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де осылай екен.
Бұрынғы баспаларында.

Сазданба сен қабақпен имендіріп,—

деп қате басылып келген.

Жыйырмасыншы шумақтың 3-жолы 1909-жылғы жыйнақта да және сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де:

Мәліш сауда сықылды күлкі сатып,—

делінген екен, сол күйінде дұрысталып басылып отыр. Бұл жол бұрынғы баспаларында:

Мәліш сауда сықылды күлкі сатып,—
деп жіберіліпті.

Жыйырма төртінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақта да және Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де:

Өзі зордың болады ығы да зор,—

делінген екен, бұл жыйнақта сол дұрыс нұсқасы қабылданды. Бұрынғы баспаларында:

Өзі зордың болады иығы да зор,—

деп дұрыс оқылмай, қате басылып келген.

Өлеңнің:

Қазақтың қайсысының бар санасы,—

Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.

Пысықтықтың белгісі — арыз беру,

Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы,—

деген ақырғы шумағы 1933 жылғы басылуы мен Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп жіберіліп отыр, 1909-жылғы жыйнақта бұл шумақ кірмей қалған.

Осы ақырғы шумақтың соңғы екі жолы 1933 жылғы басылған нұсқасына қарап:

Пысықтықтың белгісі — арыз беру,

Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы,—

деп алынды. Бұл екі жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Пысықтықтың белгісі — ыртақ-жыртақ,

Жоқ еді бес бересі, алты аласы,—

деп көрсетілген екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

42 бет. **Патша құдай сыйындым**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберілді.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы бойынша:

Тобықтының езіне,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің қалған қолжазбаларында:

Айдостың өңкей езіне,—

деп жазылған екен.

Бұл өлең Абай жыйнақтарының бәрінде де басылып келеді.

43 бет. **«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»**—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

44 бет. «Ғылым таппай мақтанба» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Абай бұл шығармасында «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінде қозғаған ағарту тақырыбын дамыта түседі. Сондықтан да ғылым-білім алу өлеңнің негізгі арқауы болып отыр. Абай ғылым мен оқу-өнерді қоғам өмірінде үлкен прогресстік ролі бар деп жоғары бағалайды. Шығармасында ақын діни қағыйдаларға қарсы шығып, халықты алдыңғы қатарлы ғылымды меңгеруге шақырады.

Алғашқы шумақтың соңынан санағандағы 6 жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Шын сөзбенен өлсеңіз, —

деп жіберілді. 1909-жылғы жыйнақта бұл жол:

Шыныменен өлсеңіз, —

деп басылынтты.

Алғашқы шумақтың соңынан санағандағы 4 жолы 1909 жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да:

Кәпір болдың демес қой, —

делінген екен. Өлеңнің мағнасына және бұрынғы басылып келе жатқан нұсқасына сүйеніп:

Күпір болдың демес қой, —

деп қалдырылды.

Алғашқы шумақтың томеннен санағандағы 2 жолы 1909, 1933-жылғы жыйнақтары бойынша:

Көп орында көріне айтпа, —

деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Көп көзіне көріне айтпа, —

деп жазылыпты.

Алғашқы шумақтың:

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз, —

деген 26—27 жолдары 1909-жылғы баспасына кірмей қалған, Мүрсеит қолжазбаларына негізделіп қабылданып отыр.

Соңғы шумақтың соңынан санағандағы 3 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Сөзін оқы және ойла, —

деп қалдырылды, 1909 жылғы жыйнақта:

Сөзін оқып және ойла, —

деп басылған екен.

Абай жыйнақтарының бәрінде бар.

47 бет. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде:

Қабырғалы, **жотасы** болса күшті,—
деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қабырғалы, **жоталы**, болса күшті,—
деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың 2 жолы Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларын негізге алып:

Алды-арты бірдей **келсе** ерге жайлы,—
деп қалдырылды. Бұл жол 1909, 1933-жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Алды-арты бірдей **келген** ерге жайлы,—
делінген екен.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Белдеуде тыныш **тұрса** байлап көрсек,—
деп басылып отыр. Бұл жол 1909, 1933-жылғы баспасында:

Белдеуде тыныш **тұрсын** байлап көрсек,—
деп көрсетіліпті:

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы басылуы мен Мүрсеит қолжазбаларында:

Тығылмай әм сүрінбей **жүрдек** көсем,—
екен. Бұрынғы баспаларында:

Тығылмай әм сүрінбей **жүрсе** көсем,—
деп өзгертіліп басылып келген екен. Мұнда алғашқы нұсқасы қалдырылды.

Соңғы шумақтың 2 жолы бұрынғы баспаларында:

Кісіні **бұл, бұл** қағып жүргізгендей,—
деп қате басылып келіпті. Ал бұл баспасында түзетіліп:

Кісіні **бол, бол** қағып жүргізгендей,—
деп қабылданды.

Абай жыйнақтарының бәрінде де кіргізіліп келеді.

49 бет. **Жаз («Жаздықүн шілде болғанда»)**—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді.

Абай бұл өлеңінде жазба әдебиетте табиғат көрінісін суреттеудің шебер үлгісін береді. Ақынның жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері («Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қараша, жел тоқсан мен сол бір екі ай», «Қыс») демократиялық орыс әдебиетінің өсерімен жазылған.

Шығармада қазақ аулының көшпелі тұрмысы суреттеледі. «Жаз» өлеңінде Абай халық тұрмысын, салт-санасын, табиғат көріністерін реалистік тұрғыдан көркем бере білген. Ал жыл мезгілдеріне арналып жазылған кейінгі өлеңдерінде (Күз, Қыс) қазақ ауылындағы әлсуметтік қайшылықтарды терең аша түседі.

«Жаз» өлеңінің бір ерекшелігі — оның тілінде. Ақын дәс-

түрлі қалыптасқан метафораларды қолдануды машықтәмай, «творчестволық жолмен пайдалана» отырып, табиғат көріністерін суреттейді.

19 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсейттің 1907-жылғы қолжазбасы бойынша:

Әзілдесіп сыңқылдап,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейттің 1905, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Сыбырласып сыңқылдап,—

деп жазылыпты.

**Сула тұрып шыбылдап,
Құйрығымен шылпылдап,—**

деген 10—11 жолдары 1909-жылғы жыйнақ бойынша енгізілді. Бұл жолдар Мүрсейт қолжазбаларында жоқ.

23 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсейттің 1905-жылғы қолжазбасы негізінде:

Аяңшылы жылпылдап,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Аяңдап желе жылпылдап,—

деп жазылыпты.

27 жолы 1909-жылғы басылуымен:

Кеңесіп, күліп сылқылдап,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейт қолжазбаларында:

Әзілдесіп сылқылдап,—

делінген екен. Ал 1933-жылғы басылуында:

Қалажыңдап, күліп сылқылдап,—

деп жіберілген екен.

Соңынан санағандағы:

Өткен күннің бәрі ұмыт,—

деген 5 жолы Мүрсейт қолжазбаларына сүйеніп енгізілді. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта жоқ.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абайдың негізгі жыйнақтарының бәрінде бәр.

51 бет. «**Интернатта оқын жүр**»—өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсейт қолжазбалары (1907, 1910) негізінде басылды.

Абай сол кездегі қазақ тұрмысындағы кемшіліктерді қатты сықта алады. Ақын байлардың балаларын оқуға бергенде, білім әлсын, елге пайда көлтірсіп деп бермей, шен-шекпенге, пайда тауып, мансапқа не болуды көксеуін шенейді. Абайдың түсінігінше, ғылым-білім алудың негізгі мақсаты алдыңғы қатарлы орыс мәдениетін меңгеру болып табылады. Шығармасында әскери мансап, пайдалы орын іздемейтін, білімді, ешкімге бағынышты емес жаңа адамның бейнесін үлгі етіп

ұсынады. Ақын түсінуінше бұл жаңа адамның негізгі қасиеттері — еңбек сүюде, әділ, турашыл болуда.

Сонымен қатар бұл өлеңінде Абайдың көзқарастарындағы қайшылықтар да көрінеді. Мысалы, ақын болыстардың, уезд бастықтарының, яғни патша әкімшілігінің зорлық-зомбылықтарын айта келіп, патшалық сот мекемесінің чиновниктерін олардан бөліп қарайды.

Ағартушы — демократ Абай ғылым-білімге, ақыл-парасатқа үлкен мән бере тұрса да, қазақ даласын басқарудағы «бадырайып тұрған қайшылықтарды» жете әшкерелей алмайды.

Әйтседе бұл өлеңнен де Абайдың сыншыл реалист ақын екенін көреміз.

Алғашқы шумақтың 29-жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Я қазақтың аласы,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Я қазақтың баласы,—

деп жазылыпты.

Абай жыйнақтарының бәрінде бар.

54 бет. **Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды»)**—өлеңнің тексті алғаш рет 1933-жылғы жыйнаққа енгізілген.

Абай бұл өлеңді Көкбайды сынап шығарған. Көкбай Жанатаев (1864—1926) Тобықты руынан шыққан адам, молла болған, өлең де шығарған.

55 бет. **Көжекбайға («Жамантайдың баласы Көжек деген»)**—бұл өлең алғаш 1933-жылғы баспаға кіргізілген.

Көжекбай Жамантай ұлы (1847—1916) Тобықтының ішінде Мамай руынан шыққан адам. Екі елдің арасында сөз тасығыштығы, тұрақсыздығы үшін Абай оны «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғыш шыққан мысық» деп атайды екен.

Соңғы жыйнақтардың бәрінде басылып жүр.

56 бет. **«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Өлең Абайдың негізгі жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

58 бет. **«Сабырсыз, арсыз, еріпшек»**—өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен басылды.

Алғашқы шумақтың 10 жолы 1909, 1933-жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы бойынша:

Іс қылмай ма ол кісі,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Іс қылмай ма үлгісі,—

делінілті.

Екінші шумақтың 28 жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп

Өз үйінде қыйпаңдап,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Өз үйінде қыйсаңдап,—

деп жазылыпты.

Сол шумақтың соңынан санағандағы 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ нұсқасымен:

Айтылмай сөзім қалған жоқ,

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Айтылмай сөз қалған жоқ,—

делініпті.

Абай жыйнақтарының бөрінде бар.

61 бет. **Көжекбайға «Бөтен елде бар болса»**—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Алғашқы шумақтың 10 жолы 1933-жылғы басылуымен:

Желіккен жауың кез болса,—

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта да және Мүрсеит қолжазбаларында да:

Желіккен жауға кез болса,—

делінген екен.

Алғашқы шумақтың 34 жолы 1909, 1933-жылғы жыйнақ, сол сыяқты Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Аулаққа шығып біріне,—

деп қабылданды. Бұрынғы баспаларында:

Аулаққа шығып бірінің,—

деп қате басылып келген.

Алғашқы шумақтың 40 жолы 1909, 1933-жылғы басылуы және Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасының нұсқасымен:

Жаудан бетер жамандар,—

деп беріліп отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Жаттан бетер жамандар,—

екен.

Екінші шумақтың 8 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Еркін жерде ызақор,—

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Еркінді жерде ызақор,—

деп басылыпты.

Сол шумақтың 17-жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Егер күші жүрмесе,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933-жылғы басылуында:

Егер күші жетпесе,—

делініпті.

Үшінші шумақтың соңынан жоғары санағандағы 7 жолы 1909, 1933-жылғы басылған нұсқасымен:

Сыйымсыз болды алашқа,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Сенімсіз болды алашқа,—

деп жазылыпты.

Абай жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

66 бет. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Абай бұл шығармада ақындардың алдына зор талап қойып, өлеңнің үлкен қоғамдық маңызы болуын тілейді. Бұл пікірін ақын халық әдебиетіне және сол секілді прогрестік идеядағы халық өкілдеріне сүйене отырып ербітеді. Шын мәнісінде халықтық творчествоны үстем тап өкілдерінің мүддесіне сәйкес бұрмалаушылармен күреседі. Осы тұрыдан қарай отырып, халық творчествосын, халық тілегін жырлайтын өлең-жырларды «сөздің патшасы» деп бағалайды. Демек «сөздің патшасы» прогрестік идеядағы жаңа мазмұндағы искусство болып табылады. Абай өлеңді «сөз сарасы» дегенде, көркем шығарманың идеялық мазмұнымен қатар түріне де қатты кеңі аударарды.

Осы пікірлерін Абай өзінің «Біреудің кісісі өлсе, қаралы-ол»—деген өлеңінде де дамыта түседі. Онда ақын бай мен бектерді, феодалдарды мадәқтаған тақпақ-жырларды және оны машықтайтын жалдама ақындарды қатты ішпейді. Дінді, орта ғасырды көксеген Бұхар, Шортанбай, Дулат сыяқты бай, феодалдардың жыршыларын, орыс халқының демократиялық мәдениетінің қазақ арасына тарауын, орыс, қазақ халқының достығына қарсы бағытталған олардың идеяларын әшкере-лейді.

Абай өзінің бірнеше шығармаларында өлең, ән туралы айтып, олардың үстем тап өкілдеріне тәуелді болмауы керек екендігін көрсетеді. Ақынның бұл шығармалары орыс мәдениетінің әсіресе орыстың революциялық-демократтарының әсеріне байланысты жазылғаны айқын. Сондықтан да діни қиссалар, сол секілді үстем тап өкілдерін мадақтаған жырлар қатты сынға алынады.

Үшінші шумақтың 2 жолы 1909, 1933-жылғы басылуы негізінде:

Қосарлы бәйітсымал келді арасы,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қосарлық бәйітсымал келді арасы,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың соңғы екі жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Бір сөзін бір сөзіне қыйыстырар,

Әрбірі келгенінше өз шамасы,—

деген қалпы сақталды. Бұл екі жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Бір сөзін бір сөзіне қыйыстырған

Әркімнің келгенінше өз шамасы,— .

деп көрсетіліпті.

Алтыншы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасы негізінде:

Ақындары ақылсыз, надан келіп,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933-жылғы баспасы мен Мүрсеиттің 1907 жылғы қолжазбасында:

Ақындары ақылсыз, надан болып,—

делінген екен.

Жетінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы басылған нұсқасымен:

Мақтау елең айтыпты әркімге арнап,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Мақтап елең айтыпты әркімге арнап,—

депті.

Сегізінші шумақтың соңғы жолы 1909, 1933-жылғы басылуына сүйеніп:

Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап,—

деп жазылыпты.

Тоғызыншы шумақтың соңғы жолы 1933-жылғы басылған нұсқасын негізге алып.

Былжырақ керінеді соларды аңдап,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Былжырақ керінеді бәрі дандақ,—

делініпті. Ал 1909-жылғы баспасында:

Былжырақ керінеді солар дандақ,—

деп басылыпты.

Оныншы шумақтың алғашқы екі жолы 1909-жылғы жыйнақтың нұсқасына қарап:

Ескі бише отырман бос мақалдап,—

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,—

деп басылып отыр. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында:

Бұрынғы ескі бише бос мақалдап,—

Ескі ақынша мал үшін тұрған зарлап,—

деген екен.

Он бірінші шумақтың 3-жолы 1909-жылғы басылуы мен Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Әншейін күн өткізбек әңгімеге,—

деп алынды. Бұл жол бұрынғы баспаларында:

Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,—

деп қате басылып келген.

Он екінші шумақтың 2-жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына негізделіп:

Кісімсiген жеп кетер бiлiмсiз көп,—

деп қалдырылды. Бұл жол алдыңғы басылған жыйнақтарында:

Кісімсiген жеп кетер бiлiмсiз көп,—

деп бұрмаланып келген.

Он үшінші шумақтың 3-жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде:

Мақтан құған мал құмар нені ұға алсын,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жел буаз, жел өкпелер нені ұға алсын,—

деп жазылыпты.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай жыйнақтарының бәрінде де басылған.

68 бет. **Назарға** («Мынау келген Назар ма?»)—бұл экспромт 1933-жылдан бастап Абай жыйнақтарының бәрінде кіргізіліп жүр.

Назар Тобықтының Қанай деген руынан шыққан шаруасы шағын, кедейлеу адам болған. Назар елімен бірге бай ауылдардан соғымға мал алып, ақысына жеріне сол ауылдардың малын жайлатады екен.

69 бет. **«Біреудің кісісі өлсе, қаралы—ол»**—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Үшінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы басылуына қарап:

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Бұрынғы жақсылардан қалған мирас,—

деп жазылыпты.

Осы үшінші шумақтың соңғы жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара,—

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы басылуында:

Биде тақпақ, мақал бар ойлап қара,—

деп басылыпты.

Сегізінші шумақтың 3-жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Сүйенерлік адамды құрымет қыл,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Сүйенерлік адамға сөз қызмет қыл,—

деп жазылыпты. Ал 1933-жылғы баспасында:

Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл,—

деп беріліпті.

Оныншы шумақтың 2 жолы:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бәрі—жамау, бәрі—құрау,

деп қалдырылды. Үйткені 1909, 1922-жылғы баспасында да, сол секілді Мүрсейттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында да солай екен. Тек Мүрсейттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бәрі жамау, көбі құрау,—

деген ғана айырма бар. Ал бұл жол тек 1954-жылғы баспасынан бұрынғы баспаларында:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау,—

деп кәте басылып келген.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай жыйнақтарының бәрінде бар. 71 бет. Күз («Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан»)—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсейт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) арқылы берілді.

«Күз», «Қараша, жел тоқсан мен сол бір-екі ай»—Абайдың жыл мерзімдеріне арналған өлеңдерінің ішінде қазақ аулындағы әлеуметтік қайшылықтарды көрсетуде ерекше орын алады. Мұнымен қатар сол кездің тұрмысы реалистік түрде шебер беріледі. Бұл өлеңдер Абай Пушкинді аударған кезде жазылған. Абайдың бұл өлеңдері оның табиғат көрінгістерін суреттеуде Пушкиннен шебер үйрене білгендігін аңғартады.

Абай қазақ ауылындағы көшпелі тұрнысты айқын көрсетумен қатар, жеке адамдардың ой-сезімін, шаруашылық өмірін нақты суреттей отырып, дала күзінің жүдеу бейнесін, халықтың әлеуметтік теңсіздігін толық суреттеп береді. Байлар мен кедей шаруаның әлеуметтік тұрмысы қарама-қарсы қойылып, жан-жақты қорытылып көрсетіледі.

Алғашқы шумақтың 2-жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсейттің 1910-жылғы қолжазбасы негізінде:

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың басқы жолы 1909, 1933-жылғы басылған нұсқасы мен Мүрсейттің 1907, 1910-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Қаз, тырна қатарласып қайтса бермен,—

деп көрсетіліпті.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933-жылғы басылуды мен Мүрсейттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары негізінде:

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Күз отырған оты жоқ елдің маңы,—

делінген екен.

Осы ақырғы шумақтың 2 жолы да 1909, 1933-жылғы баспасы және Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары нұсқасымен:

От жақпаған үйінің сұры қашып,—

деп басылып отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

От жақпаған үйінің сұры кетті,—

деп жазылған екен.

Абай жыйнақтарының бәріне енген.

72 бет. «Қараша, жел тоқсан мен сол бір-екі ай»—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді.

Екінші шумақтың соңғы екі жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

**Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып,—**

деп алынды. Бұл екі жол Мүрсеит қолжазбаларында:

**Мұздаған иін жылтып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатындар бүрсең қағып,—**

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың басқы жолы 1933-жылғы басылуы бойынша:

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,—
деп қалдырылды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,—
деп басылыпты. Ал Мүрсеит қолжазбаларында:

Жас балаға отын жоқ тұрған маздап,—
делінген екен.

Осы үшінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақтың нұсқасына сүйеніп:

Бір жағынан қысқанда о да азынап,—
деп жіберілді. Бұл Мүрсеит қолжазбаларында:

Бір жағынан қысқанда жел де азынап,—
деп жазылыпты.

Өлеңің:

Бай үйіне кіре алмас тура ұмтылып,
Бала шықса, асынан үзіп жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын, азғыр, азғыр!

Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр,—

деген алтыншы-жетінші шумақтары 1933-жылғы баспасына негізделіп қосылып, басылып отыр. Бұл шумақтар 1939, 1945 жылғы баспасында да бар, тек 1954 жылғы баспасына кірмей қалған.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

74 бет. **Қыс («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»)** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

4 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы негізінде: .

Басқан жері сықырлап, келіп қалды, —

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Басқан ізі сықырлап, келіп қалды, —

деп жазылыпты.

11 жолы 1909, 1933-жылғы баспаларында да және Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да:

Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, —

деп көрсетіліпті. Ал бұл жол 1933 жылғы баспасында:

Бұрадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, —

деп қате басылыпты.

16 жолы 1909, 1933-жылғы басылуына сүйеніп:

Бет қарауға шыдамай теріс айналды, —

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Бет қарауға шыдамай сырт айналды, —

деген екен.

18 жолы Мүрсеит қолжазбаларының нұсқасымен:

Тыйтығы құруына аз-ақ қалды,—

деп жіберілді. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Тыйтығы құруына тез тақалды,—

деп басылыпты.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

75 бет. **Күлембайға («Ұағалайкүмүссәлем»)** — бұл өлең 1933 жылғы баспаға кіргізіліп, содан бергі жыйнақтардың бәрінде де басылып келеді.

Күлембай Бозамбайұлы 1888 жылы Бақанас өзенінің бойында болған чрезвычайный съезде Мұқыр еліне болыс сайланған, дәулетті, бай адам болған.

76 бет. **Көкбайға («Бұралып тұрып»)** — өлеңнің тексті ең алғаш 1933-жылғы баспаға кіргізілді.

Бұл өлеңінде де Абай Көкбай Жанатаевты сынап, шенейді.

77 бет. «Желсіз түнде жарық ай» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалар (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Абайдың жыл мерзімдері туралы өлеңдерінен кейінгі елеулі орын алатын жаңа кезең — табиғат көріністерін суреттеуге арналған өлеңдері. Абай Пушкин мен Лермонтовтан творчестволық жолмен үйрене отырып, табиғатты еңбекпен байланыстыра суреттейді, адамның күйініш-сүйініш сезімдерін сұлу табиғат көріністері арқылы шебер жеткізеді. Әсіресе 90-жылғы өлеңдерінде ақын адам сезімін терең және тамаша суреттейді.

Халық творчествосында жоғары бағаланатын махаббат сезімі бұл өлеңде ең мінсіз сұлу көрініс етіп алынып, сұлу табиғат құшағында еркін жастық сезімдері болып асқақ жырланады. Ал, халық творчествосында табиғат суреттері (еңбек картинасы) тек параллелизм түрінде ғана берілетін болса, Абай толық көріністі тұтас бір картина жасайды.

Өлеңде ақын жастардың жаңа талаптағы эстетикалық сезімдерін бейнелейді. Сүйтіп діни-лирикалық және діни-батырлық шығармалардың шындықты жалған көркемдікпен көрсететін діни ұғымдарына қарсы шығады.

Бұл өлеңнің көркемдік қасиеті — онда күйініш-сүйініш сезімдерінің табиғат көріністерімен тығыз байланысты алынып, шыншылдықпен берілуінде, типтік дәрежеде суреттелуінде.

Соңғы шумақтың 2-жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Дүрсіл қағып жүрегі, —

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Лүпілдеп жүрегі, —

деп жазылыпты.

Абай жыйнақтарының бәріне енген.

78 бет. «Ішім өлген, сыртым сау» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Өлеңнің 7-жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Кісі алдында кірбеңдеп, —

деп қалдырылды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Кісі алдына барғанда, —

деп жазылған екен.

Ұрлық пенен қулыққа
Байлағанда кестің бау, —

деген 17-18 жолдар Мүрсеит қолжазбаларында «Жат мінездің жабырқау» деген жолдан кейін келеді. Әйтсе де өлеңнің мазмұнына қарап 1909-жылғы жыйнақ бойынша қалдырылды.

Өлеңнің ақырғы жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде

Керек күні бір бар-ау, —

деп берілді. Мүрсеит қолжазбасында:

Керек жері бір бар-ау, —

делініпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

79 бет. **Күлембайға («Болыс болдым мінеки»)** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Абайдың 80-жылдардағы өлеңдерінен сықақ-сатираның элементтері көп кездеседі. Олар ақынның ағартушылық идеяларымен жалғасып отырады. Ақынның «Болыс болдым, мінеки» және бұған жалғас «Мәз болады болысың» деген өлеңдері — өткір, жалынды сатира. Абайдың бұл сатирасы сыншыл реалистік бағытта жазылған шығармалары — әсіресе Салтыков-Щедриннің шығармаларын творчестволық жағынан қарап зерттеуден туған. Орыс сатирасының революциялық-демократиялық традициясынан үйренген Абай тек тәртіп бұзушы жеке болыстар, чиновниктер ғана емес, жалпы ел басқару системасының беделін түсіріп әшкерелеуге дейін барады.

Өлең 1883 жылы Семей облысында Ақпатаудағы болыс сайлауына байланысты туған. Абай шығармалары жыйнағындағы комментарийларда бұл өлең Күлембай болысқа байланысты жазылды делініп келді. Ол дұрыс емес. Осы жылы Семей губернаторы жергілікті әкімдердің салақтығын еске алып, ерекше приказ шығарған.

Өлеңде болыстардың әкімшілігіндегі қайшылықтары және олардың саясатының жүргізілуін байлардың, феодалдардың жақтауы, оған бұқара халықтың көрсеткен қарсылығы әшкереленген.

Абай болыстар отарлау әкімдерінің және бай-феодалдардың белгілі топтарының қолындағы ойыншық екенін көрсете келіп, 1868 жылғы сайлау ережесінің халық тілегіне қарсы, қанаушылыққа негізделгенін ашып береді. Зорлықшыл үкімет бастықтарының жат қылықтарын халық сынына салады. Мұнымен бірге Абай патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатын да әшкере етеді. Бұл Абайдың демократ ақын екенін — халықтың мүддесін көксейтінін анықтай түседі.

Екінші шумақтың 6-жолы Мүрсеит қолжазбалары мен 1933-жылғы баспасының негізінде:

Жүрек кетті дүпілдеп, —

деп алынды. 1909-жылғы баспасында бұл жол:

Жүрек кетті дуылдап, —

деп жаңылыс басылған көрінеді.

Екінші шумақтың 17-жолы Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да, 1909-жылғы баспасында да:

Қайраттысып, қамқорсып, —

делініпті. Бұл жол 1933, 1939 жылғы баспаларында:

Қамқор жансып айламен, —

деп басылыпты.

Екінші шумақтың 20-жолы бұрынғы жыйнақтарында:

Мақтаймын елімді, —

деп басылып келген еді. Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбаларының негізінде:

Мақтамаймын елімді,—

деп түзетілді.

Екінші шумақтың 29-жолы 1909-жылғы баспасында да, Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да:

Қазақты жеген қайратты ел,—

депті. Өлеңнің мағнасына қарап:

Қазақты жеген қайратты «ер»,—

деп жөнделді. Кейінгі баспаларында да осылай.

Екінші шумақтың 34 жолы Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да, 1909, 1933-жылғы жыйнақтарда да:

Ноқтаға басы керілді,—

екен. Соңғы жыйнақтарда:

Ноқтаға басы кірілді,—

деп қате басылып келіпті.

Екінші шумақтың 49-жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Тек кеткен жайылып,—

деп алынды. 1909-жылғы жыйнақта:

Етек кеткен жабылып,—

деп басылыпты.

Екінші шумақтың теменнен санағандағы 10-жолы 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Күлкисі жақсы қарқылдап, —

деп жіберілді. Мүрсеит қолжазбаларында:

Күлкисі бөлек қарқылдап, —

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың 16-жолы өлеңнің үйлесіміне қарай Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Еш кісіні теппеймін,—

деп алынды. 1909-жылғы баспасында:

Еш кісіні тыймаймын,—

екен.

Үшінші шумақтың 20 жолы өлеңнің ұйқасына қарай, Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін, —

деп қалдырылды. 1909-жылғы басылуында:

«Жақсы ақыл» деп құптаймын, —

делініпті.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933-жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасының негізінде:

Ақыл айтар туғандар,—

деп жіберіліп отыр. Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Ақыл жеткеп туғандар, —

делініпті.

Соңғы шумақтың төменнен санағандағы 4 жолы 1909, 1933 жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Өзі залым закүншік, —

деп алынды. Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Ұры залым закүншік, —

делінген екен.

Соңғы шумақтың 2 жолы 1909 жылғы басылуы бойынша:

Көрмей тұрып құсамын, —

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Көрмей тұрып түсемін, —

екен.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

83 бет. **Әсетке «Біреуден біреу артылса»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Бесінші шумақтың соңғы жолы 1933-жылғы басылған нұсқасына сүйеніп:

Не қылсын өнер ізденіп, —

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларында:

Не білсін өнер ізденіп, —

деп көрсетіліпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

84 бет. **«Мәз болады болысың»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылып отыр.

Соңғы жолы 1909, 1933-жылғы басылуына қарап:

Бір дәмдіні татқанға, —

деп басылды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Бір тәттіні татқанға, —

депті.

Бұл нұсқа Абайдың барлық жыйнақтарына енген.

86 бет. **«Білімдіден шыққан сөз»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп қабылданды.

Төртінші шумақтың 4-жолы 1909-жылғы басылуы бойынша:

Дертті ішіне ем көріп, —

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жаралы ішке ем көріп, —

делініпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

88 бет. «Сегіз аяқ» («Алыстан сермеп») — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1909-жылғы жыйнақтың негізінде басылып отыр.

Бұл өлеңде ақынның 80-жылдардағы шығармаларында қойылған бірнеше проблемалық мәселелер қозғалып, олар күрделеніп жоғары сатыға көтеріледі. Бұл мәселелердің біразы 90 жылғы өлеңдерден де үлкен орын алады.

Өлеңде ақынның жеке басының қайшылығы анық көрінеді. Олар, біріншіден — ақынның шыққан феодалдық ортаның әсері болса, екіншіден, — өз көзқарасындағы демократиялық сенімдері болып отырады.

Бұл кезде Абай өзінің отарлық үкімет билеушілерімен жағымдасуынан ешпәрсе шығара алмайтынына көзі жетеді. Оның бұл байлауын ел арасындағы тартыс, бай-феодалдардың жікке бөлінушілігі және отарлау тәртібінің қатаюы, сайлаудың күшпен жүргізілуі дәлелдей түседі. Осыған байланысты бұл өлеңде басқалардан көрі әлеуметтік мәселелер қатты қойылады. Мұнымен қатар алдыңғы өлеңдерінде басталған лирикалық сарындар, ақындық идеалдар толықтырылып шегіне жеткізіледі. Ақын-ағартушы Абай ақылды, ойлы, ар-ұятты болуды негізгі арқау етіп алады. Мұнда ақын бұғаудан құтылудың жолын іздейді, еркіндікті қолдайды. Орыстың революциялық демократтары езілген халықтың бостандыққа жететін жолы — тарихи дамудың прогрестік жолы екенін көрсеткен болатын. Абайдың күшті жағы — орыстың революциялық демократтарының алдыңғы қатарлы идеяларын түсіне білуі және оны сол кездегі қазақ шындығын жырлауда творчестволық түрде қолданып, қортынды жасай білуі. Оның әлсіз жағы — артта қалған қазақ тұрмысының негізінде тәр көлемдегі тарихи байлаулар жасауы. Өлеңнің қортынды жасап айтқан соңғы жолдары ақынның бұл байлауларына анық дәлел бола алады.

«Сегіз аяқ» өлеңі Абай творчествосының негізгі бір асуы болып саналады. Онда соны ойлар, байлаулармен қатар, сол, жаңа мазмұнды ерекше құлпыртып тұрған жаңа түр де бар. Ол Абайдың орыс классиктерін оқу, үйрену арқылы тапқан жаңа ернегі болып табылады.

Бесінші шумақтың 4-5 жолдары 1909, 1933-жылғы баспаларының негізінде:

**Пайдасыз тақыл,
Байлаусыз ақыл, —**

деп алынды. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында:

**Пайдасыз ақыл
Байлаусыз тақыл, —**

деп керісінше берілген.

Алтыншы шумақтың 6-жолы 1909-жылғы басылуына сүйеніп:

Аңдығаны, баққаны,—

деп берілді, Мүрсеит қолжазбаларында:

Іздегені, баққаны,

екен.

Сегізінші шумақтың 4-5-жолдары 1909-жылғы басылуына:

Адал бол — бай тап,
Адам бол — мал тап, —

деп қалдырылды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жолдар:

Адам бол — мал тап,
Адал бол — бай тап, —

деп ауысып жазылған.

Оныншы шумақтың 6-жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Қор болып құрып, барасын,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қор болып қолда барасын,—

делініпті.

Он төртінші шумақтың 2-жолы 1909, 1933-жылғы жыйнақ және Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларының нұсқасына сүйеніп:

Жөн кісі сұмға,—

деп қабылданды. Ал Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында бұл жол:

Жүз кісі сұмға, —

делінген екен.

Осы шумақтың 6 жолы:

Айғаймен **кетті**, амал жоқ, —

деп түзетіліп басылды. Үйткені 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да осылай екен. Бұл жол бұрынғы баспаларында:

Айғаймен **өтті**, амал жоқ, —

деп қате басылып келген.

Жыйырма екінші шумақтың 4-жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

* **Естісем үнін, —**

деп алынды. Бұл жол 1909, 1933-жылғы жыйнақтарда:

Есітіп үнін, —

деп басылыпты.

Жыйырма төртінші шумақтың ақырғы жолы өлеңнің негізгі ой арқауына қарап:

Қысылған жерде — жан жалдау,—

деп алынып, өтірік жанын беріп ант ішу мағнасында қалдырылды. Бұл жолдың «жан жалдау» деген соңғы сөзі Абай жыйнақтарының әрқайсысында әртүрлі басылып келді. Соңғы 1954 жылғы басылуында жанжал-дау шығару мағнасында деп есептелініп:

Қысылған жерде — жанжал-дау,—

етіп басылған болатын. Ұйтқені қолжазбадан да, 1909-жылғы басылуынан да бұл жерін айыру қыйын — қосылып тұтас жазылған.

Соңғы шумақтың 6-жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Сөзімді ұғар елім жоқ,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Сөзімді ұғар біреу жоқ,—

деп көрсетіліпті.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай шығармалар жыйнағының бәрінде де бар.

94 бет. «Сәулең болса кеудеңде» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша басылды.

Алғашқы шумақтың 3-жолы 1909-жылғы жыйнаққа негізделіп:

Егер сәулең болмаса,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Егер сәулең жоқ болса,—

делініпті.

Ақырғы шумақтың төменнен санағандағы 3 жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Ел тыныш болса, жақсы сол,—

деп алынды. 1909 жылғы жыйнақта бұл жол:

Ел ит болса, жақсы сол,—

деп басылыпты.

Бұл нұсқасы Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

96 бет. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың 5 жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,—

деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Таң қаламын алдыңғы сөзіңді ұқпай,—

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың 3 жолы 1933-жылғы басылған нұсқасы бойынша:

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп, —

деп жіберілді. Бұл жол 1909-жылғы басылуында да, Мүрсеит қолжазбаларында да:

Елде кәрі жамандап өлім тілеп, —

делініпті.

Осы үшінші шумақтың ақырғы жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз, —

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Ойы терең сөз артық, бір байқарсыз, —

деп беріліпті.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы баспасы негізінде:

Қыйнамай қызыл тілді, кел тілді ал, қой, —

деп қабылданып отыр, Мүрсеит қолжазбаларында:

Қыйналмай қызыл тілім, кел тілді ал, қой, —

екен.

Ақырғы шумақтың:

Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез

Қанша қызық болады өзіңізге, —

деген соңғы екі жолы 1909-жылғы жыйнақта жоқ, Мүрсеит қолжазбалары бойынша қосылып басылып отыр.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

97 бет. «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абайдың барлық жыйнақтарында бар.

98 бет. «Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларының (1905, 1907, 1910) нұсқасына сүйеніп беріліп отыр.

Соңғы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларының бәрінде де:

Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе, —

делінген екен. Ал, кейінгі 1939, 1945 жылғы жыйнақтарында:

Тұла бойды тоңғызар үміт үзсе, —

деп қате басылып келіпті.

Бұл өлеңдегі «ғашық», «ғашықтық» деген сөздер 1909-жылғы жыйнақ бойынша берілді. Бұл сөздер Мүрсеит қолжазбаларында «асық», «асықтық» деп жазылыпты. Әйтседе бұл сөздердің, тек айтылуында ғана болмаса, мағна жағынан өзгешелігі жоқ. Көпшілікке түсініктілігіне қарап, 1909-жылғы басылған нұсқасы қалдырылды.

Абайдың барлық жыйнақтарында бар.

99 бет. «Хор болды жаным» — өлеңнің тексті 1905-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың 4 жолы 1909-жылғы жыйнақтың нұсқасына сүйеніп:

Ғашығымның жанына, —

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Барса ғашық маңына, —

деп жазылыпты.

Абайдың барлық жыйнақтарына енген.

100 бет. «**Сен мені не етесің**» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Өмір бойы қор өтесің,

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында.

Өмір бойы қор етесің.

Екінші шумақтың 7 жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары негізінде:

Сен үздің ғой бұл желкемді, —

деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Сен үздің ғой менің желкемді, —

делінген.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

103 бет. **Жігіт сөзі («Айттым сәлем, қалам қас»)** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбаларының (1905, 1907, 1910) нұсқасына сүйеніп алынды.

Бұл өлеңдер ел арасына көп тараған. 80-жылдары халық әндеріне сын көзімен қарай бастаған Абай сол халық әні рухында бірнеше өлеңдер жазады: («Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Сен мені не етесің», «Айттым сәлем, қалам қас», «Қыйыстырып мақтайсыз»). Соңғы аталған екі өлең жастық, сұлулық, махаббат қуанышы турасындағы халық арманын шабыттана ыспаттаумен бірге, бірін бірі сүйген екі жастың ішкі сезімдерін көрсетуді тереңдете түседі.

Бұл өлеңдерден ақынның қазақ әйелінің бас бостандығы үшін күресіп, ру қоғамының ескі әдет-ғұрыптарына қарсы шыққандығын айқын көруге болады. Әйтседе бұл сарындар әлі де болса бәсең. Абай әйел алдында еркектің правосы басым екендігін, әйелдің еркекке бағыныштылығын көрсете отырып, ескі қоғамдық моральдан әбден қол үзіп кетпегендігін аңғартады.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да:

Келер көзге ыстық жас, —

делінген екен. Ал 1933-жылғы жыйнағында:

Ағар көзден ыстық жас, —

деп басылыпты.

Абай жыйнақтарының бәрінде де бар.

105 бет. **Қыз сөзі («Қыйыстырып мақтайсыз»)** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Төртінші шумақтың 3 жолы 1933-жылғы баспасына сүйеніп:

Ит қор адам болар ма, —

деп қалдырылды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Ит қор адам бола ма, —

деп көрсетілген екен. Ал Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Ит қор адам табылмас, —

деп жазылыпты.

Бұл нұсқасы Абайдың барлық жыйнақтарына енген.

107 бет. **«Білектей арқасында өрген бұрым»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың алғашқы жолы соңғы баспаларда:

Аласыз қара көзі айнадайын, —

деп басылған. Бұл жыйнақта 1909-жылғы және 1933 жылғы баспалардағы қалпы сақталып:

Аласы аз қара көзі айнадайын, —

деп алынды.

Өлең Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде үнемі басылып келеді.

108 бет. **«Қажымас дос халықта жоқ»** — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905) бойынша басылды.

Бұрынғы басылып келген 1909-жылғы жыйнақтағы нұсқасынан басқа Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында екі шумақ өлең қосылып жазылыпты. Олар:

Бұйда тақ та мұрныңа,

Бер деседі қолыма.

Жарасар ма өзіңе

Иттің ерсең соңына, —

деген үшінші шумақ пен:

Жақсы досың бар болып,

Жанды аяған жарамас.

Оңбаған дос жар болып,

Ұятыңа қарамас, —

деген ақырғы шумақ.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде:

Сыйласарлық тектінің, —

деп қалдырылды. Мүрсеитте бұл жол:

Сақтасарлық жақсының, —

деп жазылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

109 бет. «**Жастықтың оты, қайдасың**» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) бойынша басылды.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

110 бет. «**Жарқ етпес қара көңлім, не қылса да**» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақтың ақырғы жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Қорлық пен мазағына табылса да, —

деп берілді. Бұл жол, 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

Қорлық пен мазағына табынса да, —

деп басылып келген.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

111 бет. «**Тұлпардан тұғыр озбас, шабылса да**» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліп отыр.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

112 бет. **Қара қатынға («Қара қатын дегенге қара қатын»)** — ең алғаш 1933-жылғы баспаға кіргізілді.

Абай бұл өлеңді Баймағамбеттің әйеліне қалжың етіп шығарған көрінеді. Баймағамбет Мырзаханұлы Абаймен кершілес, көңілдес жақын адам болған. Өзі — ертегіші, Абайдан естіген шығармалардың мазмұнын әңгімелеп айтып жүрген.

113 бет. «**Бай сөйілді**» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың 3 жолы Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбалары негізінде:

Бас пен аяқ бір қысап, —

деп алынды. Ал 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Бас пен аяқ бір есеп, —

делініпті.

Осы шумақтың соңғы жолы Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Үйден үрген итке ұсап, —

деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары мен 1909-жылғы басылуында.

Үйден ұрған итке ұсап, — .

деп алынған екен.

Бесінші шумақтың 4 жолы:

Еміреніспес —

деп қалдырылды. Ұйткені 1909-жылғы жыйнақта да, сол секілді Мүрсеиттің барлық қолжазбаларында да солай екен. Бұрынғы баспаларында:

Еміревбес,—

деп қате басылып кетіпті.

Осы шумақтың ақырғы жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Ұқсамас еш сыртына,—

деп қабылданды. Бұрынғы баспаларында:

Ұқсамас іші сыртына,—

деп қате оқылып кетіпті.

Өлеңнің:

Ел де жаман,
Ер де жаман,
Аңдығаны өз елі.
Елде сыяз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ түр әр түрі,—

деген алтыншы шумағы 1909-жылғы баспасында жоқ, Мүрсеит қолжазбалары негізінде қосылып басылып отыр.

Сегізінші шумақтың 4 жолы 1909-жылғы басылуы бойынша:

Жасы құрбы,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жақсы құрбы,—

делініпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

115 бет. «Ем таба алмай» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың 3 жолы 1908-жылғы басылу нұсқасымен:

Еш нәрседен қайғысыз,—

деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында:

Ештемеден қайғысыз —

деп жазылған екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

117 бет. «Келдік талай жерге енді» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің 9 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Таба алмадық еш адам,—

деп алынды 1909-жылғы жыйнақта:

Таба алмадық бір адам,—
деп басылыпты.

26 жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Салсын құлақ ұққандар,—
деп қалдырылды. Ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Құлақ қойсаң, ұққандар,—
деп жазылыпты.
32 жолы:

Ұқтырасын сен не деп,—
деп қабылданды. Үйткені 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да солай екен. Алдыңғы баспаларында:

Ұқтырарсын сен не деп,—
деп қате басылып келіпті.

34 жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Тыныштық сүймей қышынып,—
деп жіберілді, Мүрсеит қолжазбаларында:

Тыныштық сүйсін қышынып,—
делініпті.

35 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Өтірікке тұшынып,—
деп алынды. 1909 жылғы жыйнақта:

Өтірікке түсініп,—
делінген екен.

37 жолы:

Тұл бойын желік жеңген-ді,—
деп түзетіліп басылып отыр. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта да Мүрсеит қолжазбаларында да осылай екен. Бұрынғы баспаларында:

Тұла бойын желік жеңген-ді,—
деп қате басылып кетіпті.

41 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Таба алмадық өңге елді,—
деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Таба алмадық өзге елді,—
екен. Бұл екі жолдың мағна жағынан айырмасы жоқ, әйтсе де алғашқы нұсқасы өлеңнің үйлесіміне дұрыс келеді.

Бұл нұсқасы Абайдың барлық жыйнақтарына енген.

119 бет. «Өзгеге көңлім, тоярсын»—өлеңнің тексті 1909-жыл-

ғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Екінші шумақтың 5-жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Мендей ғарып кез болса,—

деп алынды. Бұл жол 1933 жылғы баспасында:

Мендей ғарып кез келсе,—

деп басылыпты.

Осы екінші шумақтың 12-жолы 1909-жылғы жыйнақ пен 1933-жылғы басылуына сүйеніп:

Ішкі сырын аңғарсын,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Ішкі сырды аңғарсын,—

делініпті.

121 бет. «Кейде есер көңіл құрғырың»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде басылып отыр.

Бұл нұсқасы Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

122 бет. «Жазғытұры» («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы») — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Алғашқы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде:

Масатыдай құлпырар жердің жүзі,—

деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында:

Масатыдай құлпырып жердің жүзі,—

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың 2 жолы 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары бойынша:

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Күлмендесіп, көрісіп, құшақтасып,—

делініпті.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Түйе боздап, қой маңрап — қорада шу,—

деп жазылған екен.

Бесінші шумақтың 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары негізінде:

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Көл жағалап мамырлай қу менен қаз,—
деп көрсетіліпті. Ал 1933, 1939, 1945-жылғы баспасында:

Көл жағалап мамырлап қу менен қаз,—
деп басылған екен

Алтыншы шумақтың соңғы жолы 1909 және 1933 жылғы баспаларына негізделіп.

Тастағы үнін қосар байғыз, көкек,—
деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Таудағы үнін қосар байғыз, көкек,—
деп жазылыпты.

Шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбалары бойынша:

Шаруаның біреуі екеу болып,—
деп алынды. Ал бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:

Шаруаның бір малы екеу болып,—
деген екен.

Сегізінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Безендіріп жер жүзін тәңрім шебер,—
деп жіберілді. Мүрсеит қолжазбаларында:

Безендірген жер жүзін тәңрім шебер,—
делініпті.

Осы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Анамыздай жер иіп емізгенде,—
деп қабылданды. Ал Мүрсеит қолжазбаларында:

Енеміздей жер иіп емізгенде,—
деп жазылған екен.

Тоғызыншы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақтың нұсқасына сүйеніп:

Рахматына алланың көңіл сенер,—
деп жіберіліп отыр, 1933-жылғы басылуында да осылай екен. Ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Рахматына алланың көңлің сенер,—
делініпті.

Осы шумақтың ақырғы жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Адамзаттың көңлі өсіп көтерілер,—
деп қалдырылып отыр. Мүрсеит қолжазбаларында:

Адамзаттың көңлі өсіп, ойнап-күлер,—
деп жазылған екен.

Он үшінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жыйнақтың негізінде:

Күн-күйеу, жер-қалыңдық, сағынысты, —

деп алынды. 1933-жылғы басылуында да осылай екен. Ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Күн—күйеу, жер—қалыңдық сағынышты, —

делініпті.

Он төртінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақта да, сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларында:

Жан-жануар қуанар тойға елеріп, —

делінген екен. Бұл соңғы баспаларында:

Жан-жануар қуанар тойға еліріп, —

деп қате басылып келіпті.

Соңғы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Қызыл арай, сары алтын шатырына, —

деп басылып отыр. Ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қызыл арай ақ күміс шатырына, —

деп беріліпті.

Өлеңнің:

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,

Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.

Жыршы құстар әуеде өлең айтып,

Қыйқу салар көлдегі қаз бен қулар, —

деген он бірінші шумағы 1909-жылғы жыйнақта да, сол секілді Мүрсеит қолжазбаларында да он төртінші шумақтан кейін келген екен. Ал бұл шумақтың орны ауыстырылып, оныншы шумақтан кейін қойылып отыр. Үйткені өлеңдегі суреттелетін объектілердің (нәрселердің) берілу ретіне қарағанда, бұл шумақ оныншы шумақтан соң келуі жеп секілді. Осыған байланысты орны ауыстырылды.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абайдың барлық жыйнақтарына енген.

125 бет. «Асқа, тойға баратұғын» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды. Кейбір баспаларда Лермонтовтан аударма болар деген пікір айтылған. Бірақ Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ.

Бесінші шумақтың аяққы жолы бұл жыйнақта:

Асыққансып тоқталмай, —

болып Мүрсеит қолжазбасы бойынша түзетілді.

Жетінші шумақтың соңғы жолы:

«Аһ» деп етті жар үшін, —

болып 1909-жылғы баспа бойынша алынды.

Өлеңнің ең ақырғы шумағы 1909-жылғы жыйнақта жоқ,

Мүрсеит қолжазбалары бойынша берілді.

Абайдың негізгі баспаларына қалдырылмай кіргізіліп келеді.

127 бет. «Ата-анаға көз қуаныш» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылып отыр.

Бесінші шумақтың 5-6-7 жолдары Мүрсеит қолжазбаларында:

Қайғысыз бенде

Бар ма елде

Өмірінде

деп жазылған екен. Бұл жолдар ұғуға ауыр болғандықтан, түсініктірек болуы үшін:

Қайғысыз бенде

Көрдің бе

Өмірінде, —

деп түзетіліп алынды.

Соңғы шумақтың 6 жолы Мүрсеит қолжазбаларында:

Дедің бе,—

делініпті. Ал 1933-жылғы басылуында бұл жол:

Дейсін бе,—

деп көрсетілген екен. Әйтседе алғашқы нұсқасы қалдырылды.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

129 бет. «Тайға міндік» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) негізінде берілді.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

131 бет. «Заман ақыр жастары» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Алғашқы шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Қосылмас ешбір бастары, —

деп берілді. 1909-жылғы жыйнақта бұл жол:

Қосылмас еш бастары, —

деп басылыпты.

Екінші шумақтың ақырғы жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Құр тілменен жыйғалы, —

деп жіберілді. Бұл жол 1909-жылғы баспада:

Құр тілменен жыйғаны, —

деп басылыпты. 1933 жылғы басылуында:

Тілмен малды жыйғалы, —

делінген.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

132 бет. «Көзінен басқа ойы жоқ» — өлеңнің тексті 1909-

жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп басылды.

Алғашқы шумақтың басқа жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары бойынша:

Көзінен басқа ойы жоқ,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Өзінен басқа ойы жоқ,—

деп жазылыпты.

Бесінші шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбалары мен 1933-жылғы басылуына сүйеніп:

Дағардай боп сәлдесі,—

деп жіберілді. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Дағарадай боп сәлдесі,—

деп басылыпты.

Соңғы шумақтың 2 жолы 1909, 1933-жылғы басылған нұсқасы негізге алып:

Сөз болмайды өзгесі,—

деп қалдырылды, Мүрсеит қолжазбаларында:

Сөз болмайды өзгесі,—

делінген екен. Өлеңнің ұйқасына қарап алдыңғы нұсқасы қабылданды.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

133 бет. «**Жастықтың оты жалындап**» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліп отыр.

Үшінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Жылы жүзбен жайнасын,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жылы жүріп жайнасын,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақтың негізінде:

Жазасын тауып жауласар,—

деп қалдырылды, Мүрсеит қолжазбаларында:

Жазасын тартып жауласар,—

депті.

Жетінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да:

Дұспаныңа әділ бол,—

делінген екен. Бұрынғы баспаларында:

Дұшпаныңа әділ бол,—

деп қате басылып келіпті.

Тоғызыншы шумақтың басқы жолы 1909-жылғы жыйнақта, сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларында да:

Сұм-сұрқыя қу заман,—

делінген екен. Бұл жол 1933 жылғы баспасында:

Сұм-сұмырай қу заман,—

деп алынған екен.

Оныншы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбалары бойынша:

Мақтанып жұртты шулатса,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:

Мақтатып жұртты шуларға,—

деген екен. Өлеңнің үйлесіміне қарап, алғашқы нұсқасы қабылданды.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

135 бет. «Қызарып, сұрланып» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Алғашқы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы басылуында да және Мүрсеит қолжазбаларында да:

Дүпілдеп жүрегі,—

делінген екен. Ел арасында айтылуына қарап:

Дүпілдеп жүрегі,—

деп түзетіліп жіберілді. 1939, 1945, 1954-жылғы басылуында да осылай екен.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1933-жылғы басылуына сүйеніп.

Екі асық құмарлы,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909-жылғы басылуы мен Мүрсеит қолжазбаларында:

Екі ғашық құмарлы,—

екен. Алғашқы нұсқасы тармақтың буын санына дұрыс келетін болғандықтан алынды. Ал бұл екі сөздің мағна жағынан айырмасы жоқ.

Бесінші шумақтың 2 жолы Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы мен 1933-жылғы басылуы бойынша:

Төмендеп көздері,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбаларында:

Тұмандап көздері,—

делініпті

Осы шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары негізінде:

Мас болып өздері, —

деп басылып отыр Ал Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Мәз болып өздері, —

деп жазылыпты

Сегізінші шумақтың басқы жолы 1909-жылғы жыйнақта да, сол секілді Мүрсеит қолжазбаларында да:

Көкірек елжіреп, —

деп беріліпті Өлеңнің мағнасына қарап және ел арасында айтылуын еске ала келіп:

Жүрегі елжіреп, —

деп өзгертіліп басылып отыр

Осы шумақтың 3 жолы 1909-жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары нұсқасының негізінде:

Рахатпен әлсіреп, —

деп алынып отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Рахатпен албырап, —

деп жазылған екен. Бұл мағна жағынан әлсіз және үйлесімге келмейді

Ақырғы шумақтың алғашқы екі жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Жүйрік тіл, **терең** ой,

Сол күнде қайда едің? —

деп алынды. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында:

Қызыл тіл, **жүйрік** ой,

Сол күні қайда едің? —

деп жазылған екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарының бәрінде бар.

137 бет. **«Көзімнің қарасы»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) бойынша басылды.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы Мүрсеит қолжазбалары нұсқасына сәйкес:

Ғашықтық жарасы, —

деп алынды. Бұл жол 1909, 1933-жылғы басылуында «ғашығыңның» деген мағнада:

Ғашқыңның жарасы, —

делінген екен.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы баспасы, және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Кең маңдай, **қалың** шап, —

деп түзетіліп, түп нұсқасы беріліп отыр. Бұрынғы жыйнақтарында:

Кең маңдай, қолаң шаш, —

деп өзгертіліп басылып келген.

Сегізінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Қараса жан тоймас,—

деп берілді. Мүрсеит қолжазбаларында:

Қараса көз тоймас,—

скен.

Он екінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Жолыңа берсем де аз,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жолыңа берсем аз,—

деп жазылып, «де» түсіп қалған.

Он бесінші шумақтың:

Артықша жаратқан

Алланың рахматы,—

деген соңғы екі жолы және он алтыншы шумақтың:

Көрік тәңрі дәулеті,

Қылса ұнар құрметі,—

деген алғашқы екі жолы 1933-жылғы басылған нұсқасының негізінде қосылып басылып отыр. Бұл жолдар 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбаларында да жоқ.

Он сегізінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақта да, сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларында да:

Жүрегім дүпілдеп,—

деп көрсетіліпті. Әйтсе де мағнасына нұқсан келмейтін болғандықтан, көпшілік арасында қолданылуын еске алып:

Жүрегім лүпілдеп, —

деп түзетілу енгізілді:

Бұл нұсқасы Абайдың барлық жыйнақтарында бар.

140 бет. «Менсінбеушем наданды» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Үшінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Көнбеді ешкім сөзіме,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Канбейді ешкім сезіме,—

деп жазылыпты.

Алтыншы шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Оны да ойла толғанып,—
деп басылып отыр. 1909-жылғы жыйнақта:

Мұны да ойла толғанып,—
делінген екен.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933-жылғы баспасы негізінде:

Мұндай елден бойың тарт,—
деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Сондай елден бойың тарт,—
деп жазылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

142 бет. **Жұмбақ. «Алла мықты жаратқан сегіз батыр»** — бұл жұмбақ, сондай-ақ «Қара жер адамзатқа болған мекен» және «Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің» деп басталатын жұмбақтар да алғаш 1933-жылғы жыйнаққа кіргізілген.

145 бет. **«Не іздейсің, көңлім, не іздейсің»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбалары негізінде:

Мақтау — жел сөз жанға қас,—
деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:

Мақтан — жел сөз жанға қас,—
деп жазылыпты.

Бесінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларына сүйеніп:

Жұрттың бәрі сөз сатқан,—
деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:
Жұрттың бәрі сөз сатса,—

делінген екен. Бұл нұсқасы өлеңнің үйлесіміне келмейтін болғандықтан, алғашқы нұсқасы қалдырылды.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылған.

147 бет. **«Жүрегім, ойнай, соқпа енді»** — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Үшінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Сенісерге жан таба алмай,—
деп берілді. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Сенісерге жар таба алмай,—
деп басылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

148 бет. **«Қайғы шығар ілімнен»** — өлеңнің тексті 1909-жыл-

ғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша басылды

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасы негізінде:

Ұстайсың қайтып құрықтап?—

деп берілді Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Тоқтатпасаң құрықтап,—

деп жазылыпты Ал 1933-жылғы басылуында:

Ұстай алмайсың құрықтап,—

деп алыныпты.

Бесінші шумақтың 3 жолы 1933-жылғы басылған нұсқасына қарап:

Кейбіреуі дүрісіп жүр,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Кейбіреу дүриіп жүр,—

деп жазылыпты Ал Мүрсеит қолжазбаларында:

Кейбіреуі дүріс жүр,—

деп көрсетіліпті.

Алтыншы шумақтың 5 жолы 1933-жылғы басылуы негізінде:

Партия жыйып, мал сойса,—

деп берілді. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта да және Мүрсеит қолжазбаларында да:

Партия жыйып, мал сойып,—

делінген екен.

Осы шумақтың 9 жолы 1933-жылғы басылуы мен Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Итше індет тілемей,—

деп қалдырылды Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Итше иттен тілемей,—

деп көрсетіліпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

150 бет **Оспанға («Жайнаған туың жығылмай»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абай бұл өлеңді өзінің қайтыс болған інісі Оспанды есіне алып жазған.

XIX — ғасырдағы қазақ ақындарының арасында рудың немесе болыс ішіндегі «атақты» адамларды мадақтап өлең шығару орын теуіп келген еді. Олар көбінесе ру басыларын, болыстарды, билерді дәріптейтін.

Қаралы күндерге, сондай-ақ басқаша бір ерекше жағдайларға арналған жырларда ақындар кейбір халық дәстүрлерін (жоқтау мен мақтау өлеңдері) кеңінен пайдаланып келді.

Абай бұл өлеңді өзінің туған інісі Оспанның өліміне арнағанда оның болыс болып ел билегенін дәріптемей, адамгершілік қасиеттерін айтып, елге жағымды болғанын еске түсіреді. Либералдық сенімнен арылмаған Абай ресми орында отырып та халық мүддесін көздеуге болады деп ойлайды. Өлеңнің және бір ерекшелігі мұнда әдеттегідей байлықты, мырзалықты мадақтау жоқ. Абай өзі арман еткен қоғам қайраткерінің бейнесін беруге тырысады.

Абайдың негізгі жыйнақтарына еніп келеді.

151 бет. **Оспанға («Кешегі Оспан»)**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Екінші шумақтың 4 жолы Мүрсеит қолжазбаларында:

Келді қаптап,—

деп жазылған. Бұл жол өлеңнің мазмұнына қарап:

Кетті қаптап,—

деп өзгертіліп берілді. Үйткені «кетті» деген сөз осы шумақтың 6 жолында қайталанып келеді.

Төртінші шумақтың 3 жолы Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары мен 1933-жылғы басылуы негізінде:

Жеке тартқан кетті гүл,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Жеке тартқан өтті гүл,—

деп жазылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

153 бет. **«Ысытқан, суытқан»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасы нұсқасына сүйеніп:

Надандықпен жеңілмес,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Надандық омен жеңілмес,—

деп көрсетіліпті.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

154 бет. **«Бойы бұлақ»** — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың 3-жолы Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары мен 1933-жылғы басылуына сүйеніп:

Бір міні жоқ бендесіп,—

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Еш міні жоқ бендесіп,—

деп беріліпті.

Жетінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Тыныштық іздер елде жоқ,—

деп қалдырылды 1933-жылғы басылуында:

Тыныштық іздеу елде жоқ,—

екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

156 бет. «Жақсылық ұзақ тұрмайлы» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді. 6-жолы Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасы мен 1933-жылғы басылуы негізінде:

Қос тепкіні салсаң да,—

деп алынды. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1910 жылғы қолжазбасында:

Қанша тепкі салсаң да,—

делінген екен.

Өлеңнің:

Жер қорығып желгек шал

Желіп жүріп боздайды,—

деген соңғы екі жолы Мүрсеит қолжазбалары нұсқасымен енгізілді, 1909-жылғы жыйнаққа кірмей қалған.

Үшінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Талапты көңіл елермес,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Талаптың көңлі елермес —

деп жазылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

157 бет. Баймағамбетке («Ажынның жақсы-ақ қызы едім») — бұл өлең 1933-жылғы баспадан бастап Абай жыйнақтарына кіргізіліп жүр.

Абай мұны Баймағамбетке әйелінің атынан шығарған.

Баймағамбет Мырзаханұлы. Абаймен ауылдас, жақын дос болған. Ол шебер ертегіші, әңгіменшіл адам екен. Абайдан естіген орыс және Европа жаушыларының көптеген романдарының мазмұнын да жадына сақтап ел арасында әңгіме етіп айтып жүрген.

158 бет. «Антпенен тарқайды» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) нұсқалары арқылы берілді.

Үшінші шумақтың 3 жолы 1909, 1933-жылғы басылуы негізінде:

Басы ыңғай қайқайды,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Басы ақыр қайқайды,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың 3 жолы 1909, 1933-жылғы басылуы мен Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбалары бойынша:

Жұрт тағы мал жайлы,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:

Жұрт тағы мал — жайды,—

делінген екен.

Бесінші шумақтың 2 жолы 1909-жылғы жыйнаққа негізделіп:

Тай алып серкешке,—

деп басылып отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Таласып серкешке,—

деп көрсетіліпті.

Сегізінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазбалары нұсқасына сүйеніп:

Пысықтар шалқайды,—

деп алынып отыр. Бұл жол 1909-жылғы жыйнақта:

Пысықтар шайқайды,—

деп көрсетілген екен.

Және Мүрсеит қолжазбаларында бұл өлеңнің соңында:

**Тіпті бір болмайды,
Айтқанға көнбейді,—**

деген жалғасып жүрген екі жол бар. Ал бұл жолдар 1909-жылғы жыйнаққа кірмей қалған. Бұл басылуында да ол екі жол қосылып басылмай, тек комментарийда ғана беріліп отыр. Үйткені бұл екі жолдың ұйқасы, құрылысы өлеңнен бөлек, кейін қосымша ретінде жалғастырылған жолдар сияқты. Бұл, әрине, жеке тексеруді керек етеді.

Бұл нұсқасы Абайдың жеке жыйнақтарында ғана басылып жүр.

160 бет. «Қарашада өмір тұр»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай жыйнақтарының бастыларына енген.

161 бет. «Жас өспірім замандас қана қылды»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің соңғы шумағының ақырғы жолы 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Бір семіз ат болады оның құны,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933-жылғы басылуында:

Майын мінген бір семіз болды-ау құны,—

деп басылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бар.

162 бет. **«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл»**— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1907, 1910) бойынша алынды.

Алғашқы шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Көзбен көр де, ішпен біл,—

деп берілді. Бұл 1909-жылғы жыйнақта:

Көзбен көр де, ішін біл,—

деп басылыпты.

Абайдың басты жыйнақтарында басылып келеді.

163 бет. **«Әсемпаз болма әрнеге»**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1910) бойынша басылып отыр.

Бесінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы баспа негізінде:

Күндестігін қоздырып,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Күндестігін қозғызып,—

деп жазылыпты.

Соңғы шумақтың 3-жолы 1909-жылғы жыйнақта да, сол сыяқты Мүрсеит қолжазбаларында да:

Ұстаттық қылған жалықпас,—

деп беріліпті. Ал бұл жол 1933-жылғы баспасында:

Ұстаздық қылған жалықпас,—

деп басылыпты.

Абай шығармаларының бәрінде де бар.

164 бет. **«Ескілік киімі («Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен»)»**— өлеңнің тексті 1933-жылғы басылуы бойынша берілді. Өлеңнің бұл нұсқасы Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында да бар. Бірақ онда басқа кісінің қолымен жазылыпты.

Абайдың соңғы жыйнақтарына ғана енген.

165 бет. **Абдрахман науқастанып жатқанда («Я құдай, бере көр»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1907, 1910) және 1933-жылғы басылуы негізінде алынды.

Абай бұл өлеңді өзінің баласы Абдрахман ауырып жатқанда шығарған.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Шошыған жүректі,—

деп берілді. Бұл жол 1933-жылғы басылуында:

Шошынған жүректі,—

делініпті.

Он төртінші шумақтың 3-жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Қатайып сауықсаң,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933-жылғы жыйнақта:

Сақайып сауықсаң,—

деп көрсетілген екен.

Бұл нұсқасы Абайдың соңғы жыйнақтарына енген.
168 бет. **Абдрахманға («Алланың рахматын»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді. Абай бұл өлеңді Абдрахманның науқасының үстінде айтқан.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абай шығармаларының соңғы жыйнақтарында ғана басылып келеді.

169 бет. **Абдрахманға Кәкітай атынан хат** («Тілім, саған айттайын») өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) және 1933-жылғы басылған нұсқасы арқылы жіберіліп отыр.

Абай бұл өлеңді өзінің баласы Абдрахманға Кәкітай атынан жазылған хат ретінде шығарып берген.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1933-жылғы басылған нұсқасымен:

Жүректің сөзін сөйле, тіл,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Жүректің сөзін сөйлетіп,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына сүйеніп:

Оқып көріп байқасын,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Оқып көрсін, байқасын,—

делінген екен.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1933-жылғы басылуына негізделіп:

Көріскен соң бір дидар,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Көрінген соң бір дидар,—

деп жазылыпты.

Оныншы шумақтың соңғы жолы Мүрсеиттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары арқылы:

Әрнәрсені үйреніп,—

деп беріліп отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Әрнемені үйреніп,—

деген екен.

Бұл нұсқасы Абайдың соңғы жыйнақтарына енген.

171 бет. **Абдрахманға Кәкітай атынан хат** («Көзімнің нұрысыз») — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1933-жылғы басылуы бойынша берілді.

Абай бұл өлеңді Кәкітайдың атынан өзінің баласы Абдрахманға жазылған хат етіп айтқан.

Абайдың соңғы жыйнақтарында басылып жүр.

172 бет. **Қыздарға** — («Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең») — бұл өлең 1933-жылғы баспаға алғаш кіргізіліп, сонан бері қалмай басылып келеді.

Қыздар — Тобықтының Бәкең руынан шыққан адам. Абай-

мен құрдас болған. Қыздар Абаймен қалжыңдаса береді екен. Соның қалжыңына орай осы өлеңді шығарып, оны сынаған.

«Бұл бірсыпыра өлең екен. Қыздар жалынып сұрап алып, отқа тастап жіберіпті. Бұл өлеңдегі Лекер, Бітімбай, Аталық, Жанқожа дегендер — Бөкең тобынан шыққан, бұрынырақ откен адамдар. Байұзақ — Қыздардың ағасы. Бірақ, мына кезде тұғырдан түскен. Дауылбай — қанды балақ уры, «айпар» жайпар жалмауыз жегіш дегені. Шотқара Қыздардың атасымен теңдес Көкеңнің бір тобы — Айтқанға дегеннің екті, жұғымды адамы. Досақ — Бөкеңнің ішінде Қыздардың тобы.

(Абай Құнанбайұлы Шығармалары, 1939, 1 том, 274 бет).

173 бет. «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келді.

174 бет. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды.

Екінші шумақтың:

Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей,—

деген соңғы екі жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша берілді. Бұл жолдар Мүрсеит қолжазбаларында жоқ.

Төртінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнаққа сүйеніп:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,—
деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берсе,—
деп жазылыпты.

Жетінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Зыян шекпей қалмайсын, ондай істен,—
деп қалдырылды. Бұл жол 1933-жылғы және кейінгі баспаларында:

Зыян шекпей қалмассын, ондай істен,—
деп басылыпты.
Осы жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы басылған нұсқасына қарап:

Қулық, сұмдық, ұрылықпен мал жыйылмас,—
деп алынып отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал табылмас,—
деп жазылыпты. Бұл нұсқасы өлеңнің ұйқасына келмейтін болғандықтан, 1909-жылғы басылған нұсқасы қабылданды.

Тоғызыншы шумақтың ақырғы жолы 1909-жылғы басылуында:

Антұрпаға қосылмай, кетсін қаңғып,—
делініпті. Ал бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Кезегенге қосылма, кел кет қаңғып,
делінген екен. Бұл баспасында өлеңнің мағнасына қарап, осы
өкі нұсқасын біріктіріп:

Антұрғанғ қосылмай, кел, кет қаңғып,—
деп қалдырылды:

Өлеңнің бұл нұсқасы Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

176 бет. **«Балалық өлді, білдің бе?»**— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша басылды.

5 жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Кім біледі, сен кәпір,—

деп жіберілді. Бұл жол 1909-жылғы басылуында:

Кім біледі байқұстар,—

деп көрсетіліпті.

8 жолы 1933-жылғы басылған нұсқасына негізделіп:

Әлде, айналып шыға алмай,—

деп басылып отыр. Бұл жол 1909-жылғы баспасында:

Әлде айналып, кім білер,—

делінген екен. Ал Мүрсеит қолжазбаларында:

Әлде антұрған, кім білер,—

депті.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

177 бет. **«Лай суға май бітпес қой өткенге»**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Талпынып тағы да ойлап зор қылады,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Талапты тағы да ойлап зор қылады,—

деп жазылыпты.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жақ,—

деп берілді. Бұл жол 1933, 1939-жылғы баспаларында:

Өмір жолы — тар соқпақ, иілген жақ,—

делінген екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

178 бет. **«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың 3 жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1907, 1910-жылғы қолжазбалары негізінде:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1905-жылғы қолжазбасында:

Өлді деуге сыя ма, ойлаңызшы,—

деп жазылыпты.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

179 бет. **Абдрахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді»)**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абай бұл өлеңді өзінің баласы Абдрахманның өлімі жайында шығарған.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абайдың соңғы басылған негізгі жыйнақтарына енген.

180 бет. **Абдрахман өлгенде («Кешегі өткен ер Әбіш»)**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды.

Бұл өлеңді Абай өзінің қайтыс болған баласы Абдрахманға арнап жазған.

Негізгі жыйнақтарына енген.

181 бет. **Абдрахман өлгенде («Тұл бойың ұят-ар едің»)**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) нұсқасына сүйеніп берілді.

Абай оұл өлеңді өзінің қайтыс болған баласы Абдрахманға арнап айтқан.

Өлеңнің 5 жолы 1933-жылғы басылуы бойынша:

Ерлікке де бар едің,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Ерлігің артық бар едің,—

деп жазылыпты.

Бұл нұсқасы Абайдың соңғы шыққан негізгі жыйнақтарына еніп жүр.

182 бет. **Абдрахман өліміне («Жыйырма жеті жасыңда»)**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абай бұл өлеңді өзінің қайтыс болған баласы Абдрахманды жоқтау ретінде шығарған.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1933-жылғы басылған нұсқасына сүйеніп:

Аз өмірін ұзайтқан,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсеит қолжазбаларында:

Өз өмірін ұзайтқан,—

делінген екен.

Бұл нұсқасы Абайдың соңғы шыққан жыйнақтарына енген.

184 бет. **Абдрахман өліміне «Талаптың мініп тұлпарын»**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізіне сүйеніп алынды.

Абай бұл өлеңді өзінің қайтыс болған баласы Абдрахманға арнап шығарған.

1895 жылы 27 жасында Абайдың баласы Абдрахман (Әбіш) қайтыс болады. Абай Әбіштің өліміне арнап бірнеше өлеңдер жазады. Сол өлеңдердің шіндегі ең таңдаулысы «Талаптың мініп тұлпарын» атты өлеңі. Мұнда ақын өзінің жеке басының қайғысын терең көрсетумен бірге Петербургте білім алған баласының халық игілігі үшін қызмет ете алмағандығын арман етеді. Абдрахманның бейнесі армай-талмай білім құған, бұл жолда көптеген кедергілерді жеңген жігерлі адам ретінде суреттеледі. Сол Абдрахманның өліміне арналған өлеңдердің бірсыпырасы («Жыйырма жеті жасында», «Арғы атасы қажы еді», «Кешегі өткен ер Әбіш») бұрынғы жоқтау сарынында жазылып, ескі көзқарастың шеңберінен аса алмаған. Сондықтан да «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі өзінің идеялық бағыты, көркемдігі, реализмі жағынан әдеттегі тұрмыс-салт поэзиясынан оқшау тұрумен бірге, Абай лирикасынан келелі орын алады.

Бұл нұсқасы Абайдың соңғы басылған негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

185 бет. **Абдрахманға («Орынсызды айтпаған»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары 1905, 1907, 1910) бойынша берілді. Абай шығармаларының жыйнақтарына 1939-жылдан бастап кіргізіліп келеді.

186 бет. **Абдрахман өлімінен соң өзіне айтқан жұбаты («Бермеген құлта қайтесін»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Абай бұл өлеңді, өзінің баласы Абдрахманның өлімінен кейін, өзін жұбату ретінде айтқан.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

188 бет. **Абдрахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбаты («Жылағанды тоқтатып»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді.

Абай бұл өлеңді өзінің қайтыс болған баласы Абдрахманның келіншегі Мағышты жұбату ретінде айтқан.

Өлеңнің 33 жолы Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбалары нұсқасына сүйеніп:

Үсті-үстіне бастаса,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында:

Үсті-үстіне басталса,—

деп жазылған екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

190 бет. **Абдрахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын құдай-ау»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасы негізінде басылды.

Абай бұл өлеңді өзінің баласы Абдрахман өлгеннен кейін оның келіншегі Мағышқа жоқтау ретінде шығарып берген.

Алғашқы шумақтың 11 жолы Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасы бойынша:

Айырып, от қып өртедің,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Айырып, өт қып өртеген,—

деп жазылыпты.

Екінші шумақтың 4 жолы Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Шыққалы ана қарнынан,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Шыққалы бір мен қарыннан,—

деп көрсетіліпті.

Бесінші шумақтың 3 жолы Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасына негізделіп:

Сағынып көрген қызықты,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Сағынып көрмек қызықты,

делініпті.

Жетінші шумақтың 4 жолы Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасы нұсқасымен:

Жалғанда болмас жұбаныш,—

деп басылып отыр. Бұл жол Мүрсеиттің 1905, 1907-жылғы қолжазбаларында:

Жалғанда болмас сүйеніш,—

делінген екен

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

194 бет. **Оспанға («Кешегі Оспан ағасы»)**— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Абай бұл өлеңді өзінің қайтыс болған інісі Оспанды есіне алып жазған.

8 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Алысқанды денепті,—

деп алынды. Бұл жол 1933-жылғы басылуында:

Алысқанын денепті,—

делінген екен.

Өлеңнің бұл нұсқасы Абайдың соңғы басылған негізгі жыйнақтарына еніп келеді.

195 бет. **Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау «Көз жұмғанша дүниеден»**— бұл өлең алғаш 1933-жылғы баспаға кіргізіліп, соңғы жыйнақтарда түгел басылып келеді.

Кейбір баспаларда «Әкімбай өлгенде» деген атпен басылды. Бірақ өлеңнің Әкімбайға, не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай — Ділдәдан туған Абайдың баласы. Әкімбай бала кезінде, 9 жасында қайтыс болған (1865—1874). Ал өлеңнің мазмұнына қарағанда, ересек, жігіт боп қалған адамға арналған сыяқты.

197 бет. **«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»**— өлеңнің

тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Абай жыйнақтарының барлығында басылып келеді.

198 бет. «Тугызған ата, ана жоқ»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Екінші шумақтың 1-жолы бұрынғы баспаларда:

Толайын десе шара жоқ,—

делініп келген еді. Бұл жыйнақта 1933-жылғы баспа негізінде:

Тулайын десе шара жоқ,—

деп алынды.

Абай жыйнақтарының барлығында басылып келеді.

199 бет. «**Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында**»— шығарманың тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Бұл өлеңінде Абай қазақ әйелінің ауыр күйін суреттеп, жас қызды кәрі шалға беруге қарсылық білдіреді. Ақын өзінің ой-пікірін, қорытуларын қысқаша баяндаған сюжетке шебер негіздейді. Хан қолында қапаланып, қорлыққа шыдамай қаза тапқан қыздың аянышты тағдырын мысал ретінде алады да, соған сүйене отырып өз кезіндегі өмірдің өрескел жақтарын байлардың біреудің қызын «малға сатып» алуын әшкерелейді, оны ескінің салты, баяғыны коксегендік деп мінейді.

Үшінші шумақтың 1-жолы бұрынғы баспаларында:

Сән-салтанат **жұбатпас** жас жүректі,—

деп алынып келді.

Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы бойынша:

Сән-салтанат **жұбантпас** жас жүректі,—

болып түзетілді.

Жетінші шумақтың 2-жолы:

Сонымен дос болып жүр, япырым-ай,—

деп басылып келді. 1909-жылғы жыйнақта да, Мүрсеит қолжазбасында да бұл жол былайша оқылады:

Сонымен дос боп жүрсің, япырым-ай!

Бұл жыйнақта соңғысы қабылданды.

Абай жыйнақтарының барлығында басылып келеді.

201 бет. «**Сағаттың шықылдағы емес ермек**»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

«Бұл өлеңді Абай өзінің балалары Тураш, Мағауия, Абдрахман сағатты өлең қылып жазамыз деп жүргенде жазыпты» (Толық жыйнақ, 442 б.).

Өлең түгелінен метафораға құрылған. Ойшыл ақын бұл шығармасында философиялық (түйіндеу) қорытындылар береді, өмірдің, тағдырдың тұрақсыздығын айтады. Қоғамды өмірді сыйай отырып, тәңіріні мәңгілік күш деп қарап, Абай одан кеңшілік, рахым күткендей болады. Бұл ақынның өмірді өзгертетін күштерді анық көре білмегендігінен туған жай, оның кей кезде торығушылыққа түсуінің бір көрінісі.

Тыянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,—
деген жолы Мүрсеит қолжазбаларында:

Махаббат жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,—
деп жазылған.

Абай жыйнақтарының барлығында басылып келеді.

202 бет. **Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа**— шығарманың тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Абай «Өлең — сөздің патшасы, сез сарасы» деп басталатын белгілі шығармасында өзінің өлең-жыр жөніндегі көзқарасын ашып айтады. Ақын мағнасы жоқ, сылдыр, көпірме сөзге қарсы шығып, әрбір өлеңнің «Іші алтын, сырты күміс» болып келуін тілек етіп қояды.

Кейін орыс классиктерін аударып, алдыңғы қатарлы орыс әдебиетімен танысқан Абай бұл жөніндегі пікірін нығайта түседі де, «Адамның кейбір кездері» сыяқты тамаша өлеңін жазады.

«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген шығармасында да ақын өлеңге деген өзінің көзқарасын дамыта түседі. Абай өлең — әннің әсері адамға өте зор дей келіп:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар,—

деп қорытады.

Бесінші шумақтың 3-жолы соңғы баспаларда:

Керім толғап, тауысар **қаңғыр-күңгір,—**
деп алынып келді. 1909-жылғы баспада:

Керім толғап, тауысар **күңгір-күңгір,—**
делінген.

Бұл баспада Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Керім толғап, тауысар **қоңыр-күңгір,—**
деп қабылданды.

Жетінші шумақтың 1-жолы 1909-жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбаларында:

Білімдіден **аяма** сөздің майын,—
делінген.

1933-жылғы баспада:

Білімдіден аямай сөздің майын,—
деп берілген. Бұл баспада 1939, 1945-жылғы жыйнақтар бойынша және мағнасына қарап:

Білімдіден **аяман** сөздің майын,—
деп алынды.

Жаманға «Жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер,—

деген ақырғы шумақ Абайдың соңғы жыйнақтарында (1933, 1939, 1945) кіргізіліп жүр, 1909-жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбаларында жоқ.

Бұл өлең Абай жыйнақтарына қалдырылмай басылып келеді.

204 бет. «Адамның кейбір кездері»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Журналист читатель и писатель» атты шығармасының (жазушының сөзі) сарынында жазылған. Негізінде бұл өлең Абайдың өзіндік тың шығармасы. Ақын осы еленінде шын мағнасында халықтық, реалистік поэзияны жақтайтынын анық айтады.

1910-жылғы Мүрсеит қолжазбасында өлеңнің 2-жолы.

Көңілден алаң басылса,—

делінген. Бұл жыйнақта 1909-жылғы баспа және 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы негізінде:

Көңілде алаң басылса,—

деген қалпы сақталды.

Үшінші шумақтың екінші жолы 1909-жылғы және кейбір соңғы баспаларда:

Қуаттан ойдан бас құрап.—

деп алынып келген еді. Бұл жыйнақта 1910-жылғы Мүрсеит қолжазбасындағы және 1933-жылғы баспадағы:

Қуатты ойдан бас құрап,—

деген қалпы сақталды. Бұл варианттың дұрыс екенлігі осы жолды Лермонтов текстімен салыстырғанда айқын көрінеді. Оригиналдың бұл жері:

На мысли, дышание силой,—

деп келеді.

Бұл өлең Абай жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

205 бет. «Көкала бұлт сөгіліп»— бұл өлең 1933-жылғы баспаға кіргізіліп, Абайдың кейінгі жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

206 бет. **Рахымшалға** — («Сұлу аттың көркі жал») — бұл өлең 1933-жылғы баспаға кіргізіліп, Абайдың жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

Муны Абай көршілес Көжекбай деген кедей адамның баласы Рахымшалдың тентек мінездерін шенеп шығарған.

207 бет. **Қатыны мен Масақпай** («Сырмақ қып астына») — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынлы.

Масақпай — Абайдың інісі Ысқақпен ауылдас болған адам. 1910 жылғы Мүрсеит қолжазбасында өлеңнің біраз жолдары ауысып түсіп отырған және кейбір сөздері басқаша болып келеді. Бұл жыйнақта 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы негізінде өлеңнің соңғы жыйнақтарда басылып жүрген қалпы сақталды.

208 бет. **Күйісбайға** («Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға») — бұл өлең ең алғаш 1938 жылғы баспаға алғаш кіргізіліп, сонан бері қалмай басылып жүр.

Күйісбай Әбенұлы (1842—1910) Тобықтының Мамай руы-

нан шыққан адам. Күйісбайдың туысқаны Серікбай Көтібақ Әбілхайыр дегеннің бір айғырын ұрлаған екен. Күйісбай сол айғырды таптырып беремін деп, айтқанын орындамай, созып кеткен соң Абай осы өлеңді шығарыпты.

209 бет. **Дүйсенкүлға («Саудайы-ай сауды алмадың-ау, сыр-қауды алып»)**— 1933-жылғы баспаға алғаш енгізілген.

Дүйсенкүл Абаймен ауылдас адам болған. Ол Жақып дегеннің күйеуден шыққан ауру қызын алыпты. Бұрын да бірнеше рет әйелін тастап жесір қатын алғаны болса керек. Абай соны мысқылдап осы өлеңін шығарған.

210 бет. **Разаққа («Мына үйде отыр Разақ»)**— бұл өлең алғаш рет 1933-жылғы баспаға кіргізілген. Разақ — Абай елінің жігіті. Осы өлеңді Абай Разақ құрбысы Әубәкір дегендікіне келіп отырғанда айтыпты. Үлкен қожа деп атағаны — Әуез.

211 бет. **«Көк тұман — алдындағы келер заман»**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары бойынша алынды.

Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) екінші шумақтың 2-жолы:

Келер, кетер, артына түк қалдырмас
делінген:

Төртінші шумақтың 3-жолы бұрынғы баспаларда:

Әделет пен арлылық, махаббат пен —

Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, —

делініп келді. Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы негізінде:

Әділеттік, арлылық, махаббат пен —

Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, —

болып түзетілді.

Сегізінші шумақтың екінші жолы соңғы баспаларда:

Ғадаләт пен мархамат ер азығы, —

деп алынып жүрді. Ал 1909-жылғы және 1933-жылғы жыйнақтарда және Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1907, 1910).

Ғадәләт пен мархамат көп азығы, —

делінген. Бұл жыйнақта осы соңғы вариант қабылданды.

Өлеңнің «Адам ғапыл дүниені дер менікі» деген жолдан басталатын екінші бөлегі Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) өз алдына бөлек жазылған: Ал бұл жыйнақта 1909 жылғы және соңғы баспалар бойынша тұтас берілді.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

213 бет. **«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап»**— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

214 бет. **«Алла деген сөз жеңіл»**—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы екі шумақ 1909-жылғы баспада жоқ, Мүрсеит қолжазбаларында ғана бар.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде бар.

215 бет. «Жұр айғай бақырған» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Абай шығармаларының соңғы жыйнақтарында басылып жүр.

216 бет. «Мен сәлем жазамын» — бұл өлең алғаш 1933-жылғы баспаға кіргізіліп, сонан бергі жыйнақтарда қалмай басылып келеді.

217 бет. «Соры қалың соққы жеген пышанамыз» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Абай шығармаларының соңғы жыйнақтарында басылып жүр.

218 бет. Ғабидоллаға («Жазытұрым қылтйған бір жауқазын») — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

«Бұл өлеңді Абай өз аулындағы татар Ғабитхан ұлы Ғабидолла деген жігітке айтқан. Бұл бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына мастанып, білімді кісіміп, сөз таластыра бергенде айтыпты» (Толық жыйнақ, 446 б.).

219 бет. «Құлақтан кіріп, бойды алар» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Звуки» атты шығармасының сарынымен жазылған. Бірақ, өлеңнің кейбір жерлері аударма болып келгенмен, жалпы алғанда бұл Абайдың өзіндік шығармасы. Осымен байланысты мынаны айта кету керек. Абайдың басқа да бірнеше өте еркін аударма деп көрсетілген шығармалары, мысалы «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?», негізі аударма болғанмен асылында тың шығармаға айналып кеткен өлеңдер. Бұлар өзгертпей берілген, тура мағнадағы аударма емес, еркін, творчестволық жолмен жазылған тума өлеңге айналған шығармалар. Бұл — Абай аудармаларының басты бір ерекшелігі, ұлы ақын орыс әдебиетінен творчестволық жолмен үйренуді мақсат еткендіктен туып отыр. Абайдың «Евгений Онегиннен» аударған өлеңдерінің де көпшілігі еркін аудармалар. Сонда ақын дәлме-дәл аударуға шеберлігі жетпегендіктен осылай етіп отырған жоқ. Оның еркін аударуы алдына қойған творчестволық мақсаттарына байланысты болып отыр. Әрине Абай шығармаларының ішінде дәлме-дәл, оригиналға мүлде сәй келіп отырғандары да аз емес. Мысал үшін «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз», «Альбомға» сыяқты аударма өлеңдерін атауға болады.

«Құлақтан кіріп бойды алар» — Абайдың өлең ән-күй туралы жазылған идеялық жағынан өте күшті, көркемдік хасиеті де соған әбден сай келген тамаша шығармасының бірі. Тақырыбы, идеясы жағынан ол ақынның «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Адамның кейбір кездері» сыяқты шығармаларымен тығыз байланысты. Бұл өлең Абайдың көркем шығарманы, ән-күйді жоғары бағалағандығының анық айғағы.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде де басылып келеді.

220 бет. «Болды да партия» — өлеңнің тексті 1909-жылғы

жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақтың бастапқы екі жолы

Өзіңнен асырдың

Сұм тілді қарынды, —

деп басылып келген еді. Бұл жыйнақта 1909, 1933-жылдардағы баспалар бойынша:

Ұрыңнан асырдың

Сұм тілді қарынды, —

деп түзетіліп алынды.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде бар.

221 бет. «Қуаты оттай бүрқырап» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Ойланбай, қайран жұрт,

Ұялмай қал жым-жырт!

деп берілген еді.

Бұл жыйнақта 1909-жылғы баспадағы және Мүрсеит қолжазбаларындағы текст қабылданып:

Оянбай қайран жұрт,

Ұялмай қал жым-жырт! —

деп алынды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде қалмай басылып жүр.

222 бет. «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақ 1909-жылғы баспада жоқ, Мүрсеит қолжазбалары бойынша берілді.

«Бұл өлеңді 1898-жылы тісі тускенде, өмірдің өзгерісіне назаланып айтқаны» (Толық жыйнақ, 447, 6).

Бірінші шумақтың соңғы жолы 1909-жылғы жыйнақ негізінде:

Желіккен жерге тықпас кісің бар ма?! —

деп басылып келіп еді.

Бұл баспада Мүрсеит қолжазбаларындағы (1905, 1907, 1910) вариант қабылданып:

Желігін жерге тықпас кісің бар ма?! —

деп берілді.

Бұл өлең Абай шығармалары жыйнақтарының негіздерінде басылып келеді.

223 бет. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» — өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Көкітай Ысқақовтың айтуынша Абай бұл өлеңді мынадай жағдайда жазған:

«Абай бала жасынан қазақтың тәуір жігіті, партияда күш-

ті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламайтын уақытта өсті. Сол себепті жазушылық ісі де екінші дәрежеде қалып, салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде өкініш түсіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки ғибрат алмаққа жарамайтынын, ақылға сыйымсыз жері болса кейінгі замандағы сынаушы жастардан өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде түрлі машақат, әурешілікпен өткеніне ызаланып, өткен қатам болса аяп, аз сөге көріндер деп жазған өлеңі еді» (Абай Құнанбайұлының өлеңдері, 1909, 111-бет).

Абай шығармалары жыйнақтарында қалдырылмай басылып жүр.

224 бет. **«Жүректе қайрат болмаса»**—өлеңнің 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905—1910) бойынша берілді.

Үшінші шумақтың екі жолы 1909-жылғы жыйнақ бойынша:

Бере берсең бер десе,
Үміт етер таласып, —деп берілді.

Мүрсеит қолжазбаларында:

Бере берсең бер десе,
Әдет етер таласып — делінген.

Абай шығармалары жыйнақтарының негіздерінде басылып келеді.

225 бет. **Жаманбаланың баласы өлгенде** («Белгілі сөз өлді, өлді») өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбасы (1905) бойынша алынды. «Мұны 1898-жылы өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің үш жасар ұлы өлгенде айтыпты» (Толық жыйнақ, 45 бет).

Абайдың соңғы жыйнақтарына енгізіліп жүр.

226 бет. **«Күн артынан күн туар»**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбасы (1905) бойынша берілді.

Бұрынғы баспаларында:

Ой артынан ой туар—
деп басылып келген жол Мүрсеит қолжазбасы (1905) негізінде:
Ой артынан ой қуар —
болып қабылданды.

Абайдың соңғы жыйнақтарына кіргізіліп келді.

227 бет. **«Ауру жүрек ақырын соғады жай»**—өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Екінші шумақтың 1-жолы Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) негізінде:

Қараңғы саңрау қайғы ойды жеңген, —
делініп алынды.

1910-жылғы Мүрсеит қолжазбасында және соңғы баспаларда:

Қараңғы саңрау ойды қайғы жеңген, —
деп жазылған.

Бұл өлең Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

228 бет. «Есінде бәу ма жас күнің»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Төртінші шумақтың үшінші жолы.

Қасиет кетті, дос кетті,—

деп басылып келді.

Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Махаббат кетті, дос кетті,—

деп алынды.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

229 бет. «Жүрегім менің қырық жамау»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Төртінші шумақтың 1-жолы:

Қан жүрек те қайғылы-ау,—

деп басылып келіп еді.

Бұл баспада 1933-жылғы жыйнақ негізінде:

Қанжүректі қайғылы-ау,—

деп алынды.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

230 бет. «Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбаларынан (1905, 1910) алынды.

Екінші шумақтың 3-жолы:

Адамды сүй, алланың хикметін сүй,—

деп басылып келген еді. 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1910-жылғы қолжазбасында осы вариант берілген.

Бұл баспада Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасы және 1933-жылғы жыйнақ негізінде:

Адамды сүй, алланың хикметін сез,—

деп берілді.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде бар.

231 бет. «Күшік асырап ит еттім»— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905—1910) бойынша алынды.

Абайдың соңғы жыйнақтарында басылып жүр.

232 бет. «Сүйсіне алмадым, сүймедім»— бұл өлең бірінші рет 1933-жылғы баспаға кіргізіліп, соңғы жыйнақтарда басылып жүр.

233 бет. Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының»)— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

«Дүтбай бір болыс Мұқырдағы Көкше дейтін елдің бас адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген қызын алып, Абайға күйеу болған. Бірақ Абай оның көп мінездерін ұнатпаған» (Толық жыйнақ, 289 б.).

Төртінші шумақтың екі жолы соңғы баспаларда:

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін жақсы көрініп,—

делініп келді.

Бұл жыйнақта:

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп, —

деп, Мүрсеит қолжазбасы бойынша берілді.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

234 бет. «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»—1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Кейбір баспаларда Лермонтовтан деп көрсетілген, бірақ Лермонтовта бұл өлеңнің оригиналы жоқ.

Үшінші шумақтың 3-жолы соңғы жыйнақтарда:

Дәні толық, басы ауыр, егіндей-ақ —

деп басылып келді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша:

Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ —

деп алынды.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

235 бет. «Жүрегім, нені сезесің»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбасы (1905) бойынша берілді.

Соңғы баспаларда алтыншы шумақтың екі жолы:

Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен қалар тәңіліп,—

делініп келді. Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы (1905) негізінде былайша түзетілді:

Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен қалар түңіліп.

Төртінші шумақтың 1-жолы Мүрсеит қолжазбасында (1905):

Үміттің аты керек қой,

делінген.

Бұл баспада 1909-жылғы жыйнақ бойынша берілді.

Абай жыйнақтарының бәрінде басылып жүр.

237 бет. «Көлеңке басын ұзартып»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың үшінші жолы кейбір баспаларда:

Жай жүргенді өрт қылып,—

деп басылып келіп еді. Бұл текст 1945-жылғы баспада:

Жай жүргенді уерд қылып,

деп түзетілген. Осы баспада сол қалпы сақталды.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

238 бет. «Ұяламын дегені көңіл үшін»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды. Екінші шумақтың 1-жолы:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар, —

деп басылып келген. Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1910) осылай жазылған. Бұл баспада 1909, 1933-жылдардағы жыйнақтар бойынша:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар, —

деп алынды.

Үшінші шумақтың 1-жолы:

Туысқаның, дос-жарың — бәрі екі үшті,—

деп басылып келді.

Бұл баспада 1909-жылғы жыйнақ пен 1905, 1910-жылдардағы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Туысқаның, достарың — бәрі екі-үшті,—

деп алынды.

239 бет. «Жапырағы қуарған ескі үмітпен»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Екінші шумақтың 1-жолы кейбір баспаларда:

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,—

деп басылып келді. Бұл жыйнақта.

Ой дәурен өмір емес, бір көрген түс,—

деп Мүрсеит қолжазбаларындағы (1905, 1910) қалпы сақталды.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

240 бет. «Қуанбаңдар жастыққа»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

«Бұл өлеңді Абайдың жазу себебі мынадай: сол елде Ысқақ Махмұтов дейтін татар болады, оның балалары Құнанбай балаларымен қыз алысып, қыз беріп, дос-жар болған. Соның бір-екі немерелері келіп отырғанда Абай осы өлеңді айтыпты». (Толық жыйнақ, 454 б.)

Соңғы жыйнақтардан төртінші шумақтың 3-жолы.

Қорлық жуымас сақтыққа,—

деп басылып келді. 1909-жылғы баспада да, Мүрсеит қолжазбаларында да:

Қорлық жүрмес сақтыққа,—

болғандықтан бұл жыйнақта осы соңғысы қабылданды.

Абай жыйнақтарының бәрінде де басылып келеді.

241 бет. «Осы қымыз қазаққа»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары бойынша берілді.

Өлеңнің соңғы екі жолы 1945-жылғы жыйнақта:

Қойыңда ақша, қолда қой

Күзетке оңай шошынба, —

деп басылды. Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбалары және 1909-жылғы баспа негізінде осы екі жол бойынша алынды:

Қойында ақша, қолда қой
Күзетке оңай, шошыңба.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

242 бет. «**Буынсыз тілің**»— өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Абайдың соңғы жыйнақтарында басылып келеді.

245 бет. «**Тоты құс түсті көбелек**»—өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың 2-жолы соңғы баспаларда 1909-жылғы жыйнақта:

Сүймек, сезбек, киінбек, —

делінген.

Бұл баспада 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы мен 1933 жылғы баспадағы қалпы сақталып:

Сүймек, сезбек, кейімек,

деп қабылданды.

Абайдың негізгі жыйнақтарында түгел басылып жүр.

244 бет. «**Алланың өзі де рас, сөзі де рас**»— өлеңнің тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Бірінші шумақтың соңғы жолы:

Алланы танытуға сөз айырмас, —

деп басылып жүр еді.

Бұл баспада 1933-жылғы жыйнақ негізінде:

Алланы танытуға сөзі айрылмас —

деп қабылданды.

Алтыншы шумақтың 1-жолы Мүрсеит қолжазбаларында:

Осы үш сүю болады иманға гүл, —

делінген.

Бұл баспада 1909, 1933 жылдардағы жыйнақтар бойынша:

Осы үш сүю болады имани гүл, —

деп алынды.

1939, 1945-жылғы баспаларда осы вариант қабылданып:

Осы үш сүю болады иманы гүл, —

деп басылған.

Оныншы шумақтың 1-жолы 1909-жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1910):

Адамдар ғибадаттан, сөз қозғаған, —

делінген. Бұл баспада 1933, 1939, 1945 жылдардағы жыйнақтардағы қалпы сақталып:

Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған, —

деп қабылданды.

Он бірінші шумақтың соңғы жолы, 1933, 1939, 1945-жылғы баспалар негізінде:

Тәуилине жетерлік ғылымның шақ,—

деп алынды. 1909 жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1910) бұл жол былай оқылады:

Тәуилиң білерлік білімің шақ.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

247 бет. «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) бойынша алынды. Екінші шумақтың 3-жолы:

Ар мен ұят сенбесе, өзге қылық, —

деп басылып келіп еді, 1909-жылғы жыйнақта осы вариант берілген.

Бұл баспада 1905, 1907 жылдардағы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,

деп алынды.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

248 бет. «Жалын мен оттан жаралып» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің екінші жолы соңғы баспаларда:

Жарқылдап Рағат жайды айдар, —

деп басылып жүрді. Дұрысы Рағит, бұл дін ұғымында күн күркірететін періште. Сондықтан бұл баспада 1907, 1910-жылдардағы Мүрсеит қолжазбаларындағы және 1933-жылы жыйнақтағы тексті қабылданып:

Жарқылдап Рағит жайды айдар,

деп алынды.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде бар.

249 бет. «Домбыраға қол соқпа» — бұл өлең ең алғаш 1940-жылғы баспаға кіргізіліп, сонан бергі жыйнақтарда түгел басылып жүр. Өлеңнің тексті 1940-жылы Рахымжан Мамырхазиннен (Абай ауданы) жазылып алынған.

250 бет. «Ойға түсіп, толғандым» — бұл өлең алғаш 1945-жылғы баспаға кіргізілген. Өлеңнің тексті Жұмағазы Кенжебаев (Абай ауданы) дегеннің айтуынша жазылып алынған.

251 бет. «Мен боламын демемдер» — ең алғаш 1945-жылғы баспаға енгізілген.

Өлең 1940-жылы Көкбайдың баласы Ахметқалидан жазып алынған.

Көкбай жасырақ кезінде Абайға әзілдеп былай депті:

Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша,
Абайдан кем боламын мен қалайша?
Көп зәкүн, аз ғана ақыл өзімде бар,
Ашылып көкірегім кең сарайша.

Кокбайдың осы сөзіне орай Абай жоғарғы өлеңін шығарыпты. (Толық жыйнақ, 483 бет).

252 бет. «Ғалымнан падаң артпас ұққанменен» — алғаш 1945 жылғы баспаға кіргізілген. 1940-жылы мұны Архам Ысқақов Абай ауданында ел аузынан жазып алған.

«Өлеңнің айтылу себебі: Тобықты ішінде Жуанталақ Балқожа Бақанов дейтін кісі Ғабитхан дейтін молдамен «Мухтасардың» бір сөзіне таласып, Абайдың алдына келіпті. Сонда айтқан екен. (Толық жыйнақ, 457 бет).

253 бет. «Түбінде баянды еңбек егін салған» — ең алғаш 1945 жылы баспаға кіргізілген. 1940-жылы Ташмұхамбет дегеннің (Семей) аузынан жазылып алынған. Бұл өлеңді Абай өлінен Белағашқа (Семей облысы) көшіп келіп, егін салып кәсіп еткен Ташмұхамбет Бәшібаевқа айтқан көрінеді. (Толық жыйнақ, 458 бет).

254 бет. «Әйелің — Медет қызы, аты. Өрім» — алғаш 1945-жылғы баспаға енгізілген. 1940-жылы ел аузынан жазылып алынған. Абай бұл өлеңді өзімен замандас Қайранбай дейтін кісіге, «Әйел аламын» дегеніне орай айтқан көрінеді. (Толық жыйнақ, 458 бет).

255 бет. «Бөстегім құтылдың ба Көтібақтаң» — ең алғаш 1945-жылғы баспаға кіргізілген. Бұл өлең де ел аузынан жазылып алынған. Абай Көтібақ дегеннің «Бөстек» дейтін бүркітін сұратып алған екен, соған шығарыпты (Толық жыйнақ, 458 бет).

259 бет. Ескендір — поэманың тексті 1909-жылғы жыйнақ және Мүрсейт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді. Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілеріне кіргізіліп келеді.

Македония патшасы Александр Македонский (жаңаша жыл санаудан бұрынғы 356—323) жайында көптеген тарихи еңбектер және көркем шығармалар, әңгіме, аңыздар бар. Бірақ бұлардың көпшілігінде Александр Македонскийдің өз басы шексіз дәріптелініп, оның дүние жүзін басып алуға бағытталған шапқыншылық мақсаттары орынсыз мадақталған.

Александр Македонский атына байланысты көркем шығармалар ішіндегі ең көрнектілері — азербайжан халқының ұлы ақыны Низамидің «Искандер-нама» атты поэмасы, өзбек әдебиетінің атақты классигі Навоидің «Садди Искандири» деген поэмасы. Тәжік, парсы халқының ұлы ақыны Фердоусидің «Шах-нама» атты дастанында да Александр Македонский жөнінде жеке үлкен бөлім бар.

Абайдың Александр Македонский туралы жазылған бірнеше тарихи материалдар, көркем шығармалар, әңгіме-аңыздармен таныс болғаны сөзсіз. Сондықтан «Ескендір» поэмасын Абай бір ғана белгілі нұсқа негізінде жазған деп қарамай, тарихи мәліметтерге сүйеніп, оның үстіне Александр Македонский жайындағы көркем шығармалардың сюжет құрылысындағы кейбір қалыптасқан ермектерді өзінен пайдалана отырып жазған деп санау керек.

Абайдың поэмасында Александр жөніндегі мәліметтер — патшаның, қанішер қаһарлылығын, мақтан сүйгіштігін, мансапқұмар қанағатсыздығын суреттеулері тарихи шындыққа сай келіп отырады.

Абай шығармасында Ескендір жердің жүзін жаулап алу

мақсатымен алыс жердегі елдерге шабуылға шыққанда, шөл далада су іздеп, суы өзгеше бір бұлаққа кез болады. Абай шығармасының бұл жерлері Александр жайындағы көптеген шығармалардағы кездесетін «Қасиетті су» аңызына үндес келеді. Мысалы Низами поэмасында «Қасиетті суға салынған балық тіріліп кетеді.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таңқалды мұның бәрін суға жорып, —

деп келеді. Абай поэмасында бұл суды ішкен жанға өлім жоқ делінбейді, тек ерекше дәмді су еді дейді. Ескендір әскеріне осы судың бойындағы елді жаулап алуға әмір етеді. Онан соң оқыйға былай дамыйды: бұлар келіп бір қақпаға кездеседі, оның есігін ашып кіре алмайды. Аржағынан дыбыс берген қақпаның күзетшісінен Ескендір тым болмаса халқыма көрсететін бір нәрсе бер дейді. Орамалға орап лақтырған қу сүйекті алып көріп, ашуланады. Сонда жолдасы Аристотель сүйекті таразыға салып өлшеп деп ақыт береді. Қанша алтын, күміс салса дағы, таразының сүйек салған басы мүлде көтерілмейді. Тек Аристотель жерден бір уыс топырақ алып сүйекке шаша салған кезде бұл жақ басы жоғары шыға келеді. Патша мұның мәнісін сұрағанда Аристотель — адам көзі ешнәрсеге тоймайды, бұл көз сүйекті, тек өліп көзіне құм құйылғанда ғана тояды. Мұны көріп сабақ алыңыз дейді. Ескендір әскерін алып еліне қайтады.

Осы соңғы бөлімдегі қу сүйекке байланысты әңгіме Низами поэмасының асыл тас жайында айтылатын жерлеріне жақын келеді. Ескендір қасиетті суды іздеп таба алмай жүргенде жерден бір кішкене тас теуып алады, оны кірге салып өлшегенде, қанша нәрсе салса да, кірдің тас салынған жағы қозғалмайды. Сонда Қыдыр келіп кірге топырақ сал дейді. Бір уыс топырақ салғанда кірдің екі басы теңеледі. Мұны көрген адам көзі тек топыраққа ғана тояды екен деген ойға келеді.

Бірақ жалпы алғанда Абай поэмасы тың шығарма, Абай Ескендірді дәріптеп мақтамайды, оны ел жаулағыш, мақтан сүйгіш, қанағатсыз адам етіп сипаттайды. Оқымысты Аристотельді білгіш, дана, ақылы артық ойшыл қылып, Ескендірді оның сөзіне тоқтатып, алдына жығып береді. Абай поэмасының маңыздылығы да міне осында.

Үшінші шумақтың 2-жолы бұрын:

Жақын жерге жау босып тұра аттанды, —

деп басылып келді. Мағнасына қарағанда қолжазбаның бұл жері қате оқылған. Дұрысында:

Жақын жерге жау алып тұра аттанды, —

болуы керек. Бұл баспада осы соңғы түрі қабылданды.

Төртінші шумақтың соңғы жолы соңғы жыйнақтарда Мүрсеит қолжазбаларындағыдай:

Өкімдікпен қолына тартып апты, —

деп басылып келді.

Бұл баспада:

Өкіметпен қолына тартып апты, —

делініп, 1909-және 1939-жылғы жыйнақтардағы қалпы сақталды.

Он алтыншы шумақтағы 2-жол 1909-жылғы баспада:

Шаһзадаға бармаққа дамыл бермей —

делінген. Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1910) да осылай, тек басқы екі сөздің орны ауысқан.

Бұл баспада 1933, 1939, 1945-жылғы жыйнақтардағы қалпы сақталып:

Шаһарына жеткенше дамыл көрмей, —

деп алынды.

Жыйырма бесінші шумақтың 2-жолы 1909-жылғы баспада, және кейбір соңғы баспаларда:

Сыйым осы, **патша**, мынаны ал, —

делінген.

Бұл жыйнақта 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы негізінде:

Сыйым осы, **есерім**, мынаны ал, —

деп басылды.

Отыз бесінші шумақтың соңғы жолы:

Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда, —

деп басылып келді.

Бұл жыйнақта 1909-жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша:

Өлсе тояр көзіне құм құйғанда, —

деп түзетіліп басылды.

264 бет. **Масғұт** — шығарманың тексті 1909-жылғы жыйнақпен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді. Поэманың 1939-жылғы баспаға алғаш кіргізілген «Сол Масғұт халифаға уәзір бопты» деп басталатын екінші бөлімі Мүрсеит қолжазбалары бойынша алынған.

Мүрсейттің 1907-жылғы қолжазбасында Тургеневтен деп көрсетілген.

И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты қысқа әңгімесі мен «Масғұт» поэмасының бірінші бөлімінің сюжеті бастан аяғына дейін дәл түсіп отырады. Бұл «Восточная легенда» мен «Масғұттың» шығыс елінің белгілі бір сюжеті негізінде құрылғандығын анықтайды.

Абай өз шығармасын белгілі сюжетке құра отырып, оны сөл кездегі қоғамдық өмірге шебер ұштастырған, поэманың тақырыбын өзінің көңіл күйіне байланыстырып, қоғамдық күрес үстінде жалғыздығын сезінетіндігін білдірген. «Ақыл мен мал екеуін асырай алмай, өмірдің дәмін бұзып «Жүргендерге қарсы болып Абай:

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда,
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.

Өлген мола туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас елім осы маңда, —

дейді.

Тургеневтің әңгімесі былай.

ВОСТОЧНАЯ ЛЕГЕНДА

Кто в Багдаде не знает великого Джаффар, солнца вселенной?

Однажды, много лет тому назад, — он был еще юношей, — прогуливался Джаффар в окрестностях Багдада.

Вдруг до слуха его долетел хриплый крик: кто-то отчаянно зывал о помощи.

Джаффар отличался между своими сверстниками благо-разумием и обдуманностью; по сердцу у него было жалостливое — и он надеялся на свою силу.

Он побежал на крик и увидел дряхлого старика, притиснутого к городской стене двумя разбойниками, которые его грабили.

Джаффар выхватил свою саблю и напал на злодеев; одного убил, другого прогнал.

Освобожденный старец пал к ногам своего избавителя и, облобызав край его одежды, воскликнул:

— Храбрый юноша, твое великодушие не останется без награды. На вид я — убогий нищий; но только на вид. Я человек не простой. Приходи завтра ранним утром на главный базар; я буду ждать тебя у фонтана — и ты убедишься в справедливости моих слов.

Джаффар подумал: «На вид человек этот нищий, точно; однако — всяко бывает. Отчего не попытаться?» — и отвечал:

— Хорошо, отец мой, приду.

Старик взглянул ему в глаза — и удалился.

На другое утро, чуть забрезжил свет, Джаффар отправился на базар. Старик уже ожидал его, облокотясь на мра-морную чашу фонтана.

Молча взял он Джаффара за руку и привел его в небольшо-й сад, со всех сторон окруженный высокими стенами.

По самой середине этого сада, на зеленой лужайке, росло дерево необычайного вида.

Оно походило на кипарис; только листва на нем была лазоревого цвета.

Три плода — три яблока — висело на тонких, кверху за-гнутых ветках: одно, средней величины, продолговатое, мо-лочно-белое; другое, большое, круглое, ярко-красное; третье маленькое, сморщенное, желтоватое.

Все дерево слабо шумело, хоть и не было ветра. Оно зве-ззело тонко и жалобно, словно стеклянное; казалось, оно чув-ствовало приближение Джаффара.

— Юноша, — промолвил старец. — Сорви любой из этих пло-дов и знай: сорвешь и съешь белый — будешь умнее всех лю-дей; сорвешь и съешь красный — будешь богат, как еврей Го-тильдь; сорвешь и съешь желтый — будешь нравиться ста-

рым женщинам. Решайся!.. и не мешкай. Через час и плоды завянут, и само дерево уйдет в немую глубь земли!

Джиаффар понурил голову — и задумался.

— Как тут поступить? — произнес он вполголоса, как бы рассуждая сам с собою. — Сделаешься слишком умным — пожалуй, жить не захочется; сделаешься богаче всех людей — будут все тебе завидовать; лучше же я сорву и съем третье, сморщенное яблоко!

Он так и поступил; а старец засмеялся беззубым смехом и промолвил:

— О мудрейший юноша! Ты избрал благую часть! На что тебе белое яблоко? Ты и так умнее Соломона. Красное яблоко также тебе не пужно... И без него ты будешь богат. Только богатству твоему никто завидовать не станет.

— Поведай мне, старец, — промолвил, встрепенувшись, Джиаффар, — где живет почтенная мать нашего богоспасаемого халифа?

Старик поклонился до земли — и указал юноше дорогу.

Кто в Багдаде не знает солища вселенной, великого, знаменитого Джиаффара?

Апрель, 1878.

Бірінші шумақтың 2-жолы соңғы баспаларда:

Тілге жар бер, берілісін тура мақсұт
деп басылып келді.

Бұл жыйнақта 1909-жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Тілге яр бер, білісін тұғры мақсұт,—

деп алынды.

Он үшінші — шумақтың 2-жолы:

Сары жесең, дәулетің судай тасар,—

деп басылып келді.

Бұл жыйнақта 1909-жылғы баспа бойынша:

Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,—

деп алынды:

Жыйырма төртінші — шумақтың 3-жолы:

Хан қаһар, қара халық қастық қылса,—

деп басылып келді.

Бұл баспада Мүрсеит қолжазбасындағы (1905) вариант қабылданып:

Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,—

деп алынды.

Отыз бірінші шумақтың 1-жолы соңғы баспаларда:

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда,—

деп басылған.

Мүрсеит қолжазбаларында да (1905, 1907, 1910), 1909-жылғы баспада да:

Ендігіге не сөрі бұл заманда,—

делінген.

1933-жылғы баспада:

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда, —
деп басылған.

Бұл баспада осы соңғы вариант қабылданды.

271 бет. «Әзім» — алғаш 1933-жылғы жыйнақта басылды. «Мың бір түндегі» (774—827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгіменің» сюжет желісіне негізделіп құрылған. Ертегі — поэма-ның дәстүрімен жазылған шығарма, оқыйғаны әңгімелеп баяндайды. Аяғы бітпей қалған, не сақталмаған.

«Мың бір түнде» басты кейіпкердің аты Әзім емес, Хасан. Шалдың аты — Баһрам. Әңгіменің аяғы «Мың бір түнде» былай дамыйды. Қыздардың көмегімен Хасан Баһрамды өлтіреді. Сонан соң бір күні Хасан кірме деген есікке кіріп, кептер кейпіне түсіп ұшып жүрген жынның ұлы патшасының қызын көріп, ғашық болады. Ол өзіне қарындас болған кіші қыздың көмегімен жын патшасының қызына үйленіп, еліне қайтады. Кәрі шешесін қолына алып, әйелімен тұрып жатады. Арада біраз жыл өтеді. Хасанның екі ер баласы болады. Хасан жол жүріп кеткенде екі баланы алып әйелі әке-шешемді сағындым деп, кетіп қалады. Әйелін іздеп шыққан Хасан көптеген қыйыншылыққа ұшырап, ауыр азап көреді. Оның әйелін де сіңлім адамзатқа жолдас болды деп апасы қатты қыйнайды. Хасан өзіне қарындас болған кіші қыздың көмегімен осы әурешіліктің бәрінен құтылып, әйелін де құтқарып, оны өз жеріне алып қайтады. Кәрі шешесін қуантады. Әйелімен ба-яңды өмір сүреді.

Шығарманың текстін 1927-жылы М. Әуезов Ысырапұлы Ысқақ деген адамнан жазып алған. Алғашқы бірнеше шумақтары аса жатық емес. Айтушы кейбір сөздерін ұмытып, жа-ныннан сөз қосып, әлсіретіп алған сыяқты.

БІРІНШІ ТОМҒА ЕНГЕН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

А

Абдрахман науқастанып жатқанда («А, құдай бере көр»)	165
Абдрахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді»)	179
Абдрахман өлгенде («Кешегі өткен ер Әбіш»)	180
Абдрахман өлгенде («Тұл бойың ұят, ар едің»)	181
Абдрахман өліміне («Жыыйрма жеті жасында»)	182
Абдрахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын»)	184
Абдрахман өлімінен соң, өсіне айтқан жұбатуы («Берме- ген құлға, қайтесін»)	186
Абдрахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы («Жылағанды тоқтатып»)	188
Абдрахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын құдай-ау»)	190
Абдрахманға («Алланың рахматың»)	168
Абдрахманға («Орынсызды айтпаған»)	185
Абдрахманға Кәкітай атынан хат («Көзіңнің нұрысыз»)	171
Абралыға («Мен жасымнан көп көрдім»)	17
«Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы»	230
«Адамның кейбір кездері»	204
«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»	35
«Алла деген сөз жеңіл»	214
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	244
«Антпенен тарқайды»	158
«Асқа тойға баратұтын»	125
«Ата-анаға көз қуаныш»	127
«Ауру жүрек ақырын соғады жай»	227
«Аш қарын жұбана ма мәйілі ас жемей»	174

Б

«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»	43
«Бай сейілді»	113
«Байлар жүр жыйған малын қорғалатын»	32
«Баймағамбетке («Ажыңың жақсы-ақ қылы едім»)	157
«Балалық өлді, білдің бе»	176
«Баласы өлген ағаға Абай шығарып берген жоқтау («Көз жұмғанша дүниеден»)	195
«Бойы бұлғаң»	154
«Болды да партия»	220
«Буынсыз тілің»	242
«Білектей арқасында өрген бұрым»	107
«Білімдіден шыққан сөз»	86
«Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық»	36

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында	199
«Біреуден бірсу артылса»	83
«Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол»	69
«Бостегім, құтылды ба Көтібақтан»	255

Д

«Домбыраға қол соқпа»	249
Дүйсенқұлға («Саудайы-ей, сауды алғалың-ау, сырқа- уды алып»)	209
Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының»)	233

Е

«Ем таба алмай»	115
Ескендір	259
«Ескілік киімі («Ойлапты ойға жетті жүз жытты өткен»)»	164
«Есінде бар ма жас күнің»	228

Ж

Жаз («Жаздықүн шілде болғанда»)	49
Жазғытұры («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы»)	122
«Жалын мен оттан жаралып»	248
Жаман баланың баласы өлгенде («Белгілі сөз өлді, өлді»)	225
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»	239
«Жарқ етпес қара көңлім, не қылсада»	110
«Жас еспірім замандас қапа қылды»	161
«Жастықтың оты жалындап»	133
«Жастықтың оты, қайдасың»	109
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»	25
«Жақсылық ұзақ тұрмайды»	156
«Жақсылыққа («Аяғыңды аңдап бас, ей Жақсылық»)»	19
«Желсіз түнде жарық ай»	77
Жігіт сөзі («Айттым сәлем, қалам қас»)	103
«Жігіттер, ойын әрзан, күлкі қымбат»	38
«Жүрегім менің — қырық жамау»	229
«Жүрегім нені сезесің»	235
«Жүрегім, ойбай, соқпа енді»	147
«Жүрек-теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас»	247
«Жүректе қайрат болмаса»	224
Жұмбақ («Алла мықты жаратқан сегіз батыр»)	142
Жұмбақ («Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің»)	144
Жұмбақ («Қара жер адамзатқа болған мекен»)	143

З

«Заман ақыр жастары»	131
--------------------------------	-----

И

«Интернетта оқын жүр»	51
---------------------------------	----

К

«Кейде есер көңіл құрғырың»	121
«Келдік талай жерге енді»	117
«Кім екен деп келіп ем түйе құған»	11
Күз («Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан»)	71
Күйісбайға («Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға»)	208
Күлембайға («Болыс болдым мінеки»	79
Күлембайға («Уағалайкүмүссәләм»)	75
«Күн артынан күн туар»	226
«Күшік асырап ит еттім»	231
Көжекбайға («Бөтен елде бар болса»)	61
«Көжекбайға («Жамантайдың баласы Көжек деген»)	55
«Көзімнің қарасы»	137
«Көзінен басқа ойы жоқ»	132
«Көк тұман — алдындағы келер заман»)	211
«Көкала бұлт сегіліп»	205
Көкбайға («Бұралып тұрып»)	76
Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды»)	54
«Көлеңке басын ұзартып»	237
«Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да»	33
«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа»	202

Л

«Лай суға май бітпас қой өткенге»	177
---	-----

М

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»	197
Масғұт	264
«Мен боламын демендер»	251
«Мен жазбаймын өленді ермек үшін»	96
«Мен сәлем жазамын»	216
«Менсінбеуші ем наданды»	140
«Мәз болады болысың»	84

Н

Назарға («Мынау келген Назар ма»)	68
Не іздейсің, көңлім, не іздейсің»	145
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»	234

О

«Ойға түстім, толғандым»	250
Оспанға («Жайнаған туың жығылмай»)	150
Оспанға («Кешегі Оспан»)	151
Оспанға («Кешегі Оспан ағасы»)	194
«Осы қымыз қазаққа»	241

П

«Патша құдай, сыйындым»	42
-----------------------------------	----

Р

Разаққа («Мына үйде отыр Разақ»)	210
Рахым шалға («Сұлу аттың көркі — жал»)	206

С

«Сабырсыз, арсыз, еріншек»	58
«Сап, сап, көңлім, сап, көңлім»	20
«Сағаттың шықылдағы емес ермек»	201
Сегіз аяқ («Алыстан сермеп»)	88
«Сен мені не етесін»	100
«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап»	213
«Соры қалың соққы жеген нышанамыз»	217
«Сүйсіне алмадым, сүймедім»	232
«Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма»	222
«Сәулең болса кеудеңде»	94

Т

«Тайға міндік»	129
«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»	173
«Тоты құс түсті көбелек»	243
«Туғызған ата, ана жоқ»	198
«Түбінде баянды еңбек егін салған»	253
«Тұлпардан тұғыр озбас, шабылса да»	111

Ф

Фзули, Шәмси, Сәйхали»	13
----------------------------------	----

Х

«Хор болды жаным»	99
-----------------------------	----

Ш

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»	47
Шығыс ақындарының («Йузи — рәушан, көзі — гәуһәр»)	12
Шәріпке («Тұңлікбайдың қатыны атың Шәріп»)	16

Ы

«Ысытқан, суытқан»	153
------------------------------	-----

I

«Ішім өлген, сыртым сау»	78
------------------------------------	----

Қ

«Қажымас дос халықта жоқ»	108
«Қайғы шығар ілімнен»	148
«Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым»	31
«Қансонарда бүркітші шығады аңға»	22
«Қара қатынға («Қара қатын дегенге қара қатын»)	112
«Қараша, жел тоқсан мен сол бір екі ай»	72
«Қарашада өмір тұр»	160
«Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек»	26
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман»	28
«Қатыны мен Масақбай («Сырмақ қып астына»)	207
«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»	24
«Қуанбаңдар жастыққа»	240
«Қуаты оттай бүрқырап»	221
«Құлақтан кіріп бойды алар»	219
«Құр айғай бақырған»	215
Қыз сөзі («Қыйыстырып мақтайсыз»)	105
«Қызарып, сұрланып»	135
Қыздарға («Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең»)	172
«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап»	30
Қыс («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»)	74

Ғ

Ғабидоллаға («Жазғытұрым қылтыйған бір жауқазын»)	218
«Ғалымнан надан артпас ұққанменен»	252
«Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол»	98
«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл»	162
«Ғылым таппай мақтанба»	44

Ұ

«Ұяламын дегені көңіл үшін»	238
---------------------------------------	-----

Ө

«Өзгеге, көңлім, тоярсын»	119
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»	56
«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы»	66
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	178
«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма»	223

Ә

Әзім	270
«Әйелің Медет қызы атың Өрім»	254
«Әлифби» өлеңі	14
«Әсемпаз болма әрнеге»	163
«Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек»	96

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	5
-------------------	---

Ө Л Е Ң Д Е Р

1955—1881

«Кім екен деп келіп ем түйе қуған»	11
Шығыс ақындарынша («Йузи — рәшан, көзі — гәуһәр»)	12
«Фзули, Шәмси, Сәйхали»	13
«Әлифби» өлеңі	14
Шәріпке («Тұңлікбайдың қатыны атың Шәріп»)	16
Абралыға («Мен жасымнан көп көрдім»)	17
Осы оқу мен намаздың	18
Жақсылыққа («Аяғыңды аңдап бас, сй Жақсылық»)	19
«Сап, сап, көңлім, сап, көңлім»	20

1882—1885

«Қансонарда бүркітші шығады аңға»	22
«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»	24
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»	25

1886

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»	26
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман»	28
«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап»	30
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»	31
«Байлар жүр жыйған малын қорғалатып»	32
«Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да»	33
«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»	35
«Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық»	36
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»	38
«Патша құдай, сыйындым»	42
«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»	43
«Ғылым таппай мақтанба»	44
«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»	47
Жаз («Жаздықүн шілде болғанда»)	49
«Интернатта оқып жүр»	51
Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды»)	54
Көжекбайға («Жамантайдың баласы Көжек деген»)	55
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»	56

1887

«Сабырсыз, арсыз, еріншөк»	53
Көжекбайға («Бөтен елде бар болса»)	61
«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы»	66
Назарға («Мынау келген Назар ма»)	68

1888

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол»	69
Күз («Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан»)	71
«Қараша, жел тоқсан мен сол бір екі-ай»	72
Қыс («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»)	74
Күлембайға («Уағалайкүмүссәләм»)	75
Көкбайға («Бұралып тұрып»)	76
«Желсіз түнде жарық ай»	77

1889

«Ішім өлген, сыртым сау»	78
Күлембайға («Болыс болдым мінеки»)	79
Әсетке «Біреуден біреу артылса»	83
«Мәз болады болысың»	84
«Білімдіден шыққан сөз»	86
Сегіз аяқ («Алыстан сермеп»)	88
«Сәулең болса кеудеңде»	94
«Мен жазбаймын өленді ермек үшін»	96
«Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек»	97
«Ғашықтық құмарлық пен — ол екі жол»	98
«Хор болды жаным»	99
«Сен мені не етесін»	100
Жігіт сөзі («Айттым сәлем, қалам қас»)	103
Қыз сөзі («Қыйыстырып мақтайсыз»)	105
«Білектей арқасында өрген бұрым»	107
«Қажымас дос халықта жоқ»	108
«Жастықтың оты, қайдасың»	109
«Жарқ етпес қара көңлім не қылса да»	110
«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да»	111
Қара қатынға («Қара қатын дегенге қара қатын»)	112

1890

«Бай сейілді»	113
«Ем таба алмай»	115
«Келдік талай жерге енді»	117
«Өзгеге, көңлім, тойарсын»	119
«Кейде есер көңіл құрғырың»	121
Жазғытұры («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы»)	122
«Асқа, тойға баратұғын»	125
«Ата-анаға көз қуаныш»	127
«Тайға міндік»	129

1891

Заман ақыр жастары»	131
«Көзінен басқа ойы жоқ»	132
«Жастықтың оты жалындап»	133
«Қызарып, сұрланып»	135

«Көзімнің қарасы»	137
«Менсінбеуші ем наданды»	140
Жұмбақ («Алла мықты жаратқан сегіз батыр»)	142
Жұмбақ («Қара жер адамзатқа болған мекен»)	143
Жұмбақ («Сыналар, ей жігіттер, келді кезің»)	144

1892

«Не іздейсін, көңлім, не іздейсің»	145
«Жүрегім, ойбай, соқпа енді»	147
«Қайғы шығар ілімнен»	148
Оспанға («Жайнаған туың жығылмай»)	150
Оспанға («Кешегі Оспан»)	151
«Ысытқан, суытқан»	153
«Бойы бұлғаң»	154
«Жақсылық ұзақ тұрмайды»	156
Баймағамбетке («Ажының жақсы-ақ ғызы едім»)	157

1894

«Антенпен тарқайды»	158
«Қарашада өмір тұр»	160
«Жас өспірім замандас қапа қылды»	161
«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл»	162
«Әсемпаз болма өрнеге»	163
Ескілік киімі («Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен»)	164
Абдрахман науқастанып жатқанда (Я, құдай, бере көр»)	165
Абдрахманға («Алланың рахматын»)	168
Абдрахманға Көкітай атынан хат («Тілім, саған айтайын»)	169
Абдрахманға Көкітай атынан хат («Көзімнің нұрысыз»)	171
Қыздарға («Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең»)	172

1895

«Татай сөз бұдан бұрын көп айтқамын»	173
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»	174
«Балалық өлді, білдің бе»	176
«Лай суға май бітпес қой өткенге»	177
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	178
Абдрахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді»)	179
Абдрахман өлгенде («Кешегі өткен ер Әбіш»)	180
Абдрахман өлгенде («Тұл бойың ұят, ар едің»)	181
Абдрахман өліміне («Жыйырма жеті жасында»)	182
Абдрахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын»)	184
Абдрахманға («Орынсызда айтпаған»)	185
Абдрахман өлімінен соң, өзіне айтқан жұбатуы («Бермеген құлға, қайтесін»)	186
Абдрахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы («Жылағанды тоқтатып»)	188
Абдрахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын құдай-ау»)	190
Оспанға («Кешегі Оспан ағасы»)	194
Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау («Көз жұмғанша дүниеден»)	195

1896

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»	197
«Туғызған ата-ана жоқ»	198
«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»	199
«Сағаттың шықылдағы емес ермек»	201
«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа»	202
«Адамның кейбір кездері»	204
«Көкала бұлт сөгіліп»	205
Рахымшалаға («Сұлу аттың көркі — жал»)	206
Қатыны мен Масақбай («Сырмақ қып астына»)	207
Күйісбайға («Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға»)	208
Дүйсенқұлға («Саудайы-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып»)	209
Разаққа («Мына үйде отыр Разақ»)	210
«Көк тұман — алдыңдағы келер заман»	211
«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап»	213
«Алла деген сөз жеңіл»	214
«Құр айғай бақырған»	215
«Мен сәлем жазамын»	216
«Соры қалың соққы жеген пышанамыз»	217
Ғабидоллаға (жазғытұрым қылтыйған бір жауқазын»)	218
«Құлақтан кіріп бойды алар»	219

1898

«Болды да партия»	220
«Қуаты оттай бұрқырап»	221
«Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма»	222
«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма»	223
«Жүректе қайрат болмаса»	224
Жаманбаланың баласы өлгенде («Белгілі сөз: өлді, өлді»)	225
«Күн артынан күн туар»	226
«Ауру жүрек ақырын соғады жай»	227

1899

«Есінде бар ма жас күнің»	228
«Жүрегім менің — қырық жамау»	229
«Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы»	230
«Күшік асырап ит еттім»	231
«Сүйсіне алмадым, сүймедім»	232
Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының»)	233
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»	234

1900

«Жүрегім нені сезесің»	335
«Көлеңке басын ұзартып»	237

1901

«Ұяламын дегені көңіл үшін»	238
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»	239
«Қуанбандар жастыққа»	240
«Осы қымыз қазаққа»	241
«Буынсыз тілің»	242

1902

«Тоты құс түсті көбелек»	243
«Аллаһың езі де рас, сөзі де рас»	244
«Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас»	247

1903

«Жалын мен оттан жаралып»	248
-------------------------------------	-----

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

«Домбыраға қол соқпа»	249
«Ойға түстім, толғандым»	250
«Мен боламын демендер»	251
«Ғалымнан надан артпас ұққәнменен»	252
«Түбінде баянды еңбек егін салған»	253
«Әйелің Медет қызы атың Өрім»	254
«Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан»	255

ПОЭМАЛАР

Ескендір	259
Масғұт	264
Әзім	270

Түсініктер	285
----------------------	-----

968176

Абай Кунанбаев

ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

В ДВУХ ТОМАХ

том первый

Издание Казгослитиздата — 1957

Редактор Г. Канрбеков Техред С. Ищанов.
Художник А. Шипов Корректор К. Байменова

Подписано к печати 13/VIII 1957 г. УГО:630 Изд. № 171
Бумага 84×108 л = 11,5 п. л. — 18,86 уч. л. (14,99 уч. изд. л.)
Тираж 15000
Цена 8 руб. 40 коп.

Алма-Атинская Типография № 1 Главлитиздата Министерства
культуры КазССР Заказ № 931

260

قازاق آقنى ابراهيم قونانباي
اوعلى ننگ اولانكى

باستىرعان كىلىكطاي نعراول قونانباي اوعلانلارى



С.-ПЕТЕРБУРГЪ.

„Восточная“ Электро-печать И. Богосарская

В. О. средн. пр. 1

1909 г. ۱۹۰۹ جل

ПРОВЕРЕНО 1953 г.

Абайдың 1909 жылы Петербурге басылып шыққан
өлеңдер жинағының бірінші беті.



Абайдың Абдрахман деген баласы.

127

کوبی که با آنکه دندانی گلیا بر زبان
کوب جلد از کوب کندی آید آب گلیا جلد
اول کوبد از دستکان کوبش بار بار
صورتش باری آرد و اولی طاق صغیری کوب
آقل صید جانتی او بریم تن منیر
دن او کما کما تهریر جوق اول اصدان
در اقلار ایشالار نیک منیر
در التلیک آری لیک محبت
ماله صاط فایده صاط قلعندری
صونده او در دات آرد ای بولامان

128

آدم خلیل در نیای دیر منیر
تت قالیب ماله قالیب جاکلطان
نظله صفاوند آتوب اچیند کوسو
آید و ج قاصد اوله آن تیری اولی
کوبد و نیک باری کوب دیر کوبد بولانی
عدالالت در صحت کوب آرد
عمر نیک مقصودی او را کیرا کینه
صایر جوار صایق ادا قیل قالار

رومندی ساوند آیتب کوب کوب کالغان
صفا جوی سورا تهر جوی کوب کوب کالغان
کلیا رکتیار آرقطیه تون کالدر و راس
آر و سیر اراق الله بلادی اراض
منیر منیر منیر منیر منیر
منیر کولاسه اولسون و دیان سیک
تت قواریت ابر ایستای کوز و آوند
ادی جلد ایستای تیران آری آتخانه
ایله یله ایله ایله ایله ایله
اول بلدی رهای او را کما قی جیکندری

129

130

131

132

منیرکی دیب جوقاوندی ایه او نیک
صوت اولی بولادی نه سر منیرکی
زاکت قیل فایده نیک تیسون
نه سولکانی سور و دپ ایانک سوسو
کوب آیت جیک کوب آیت کوب کوب
قاید کورسان بولان باجی صوقا نیک
بالا کادی بعضین بریرا کینه
حقیقت دیندی ترا کینه



Абайдың Мағауия деген баласы.